- 4 Dibrova E.I. Kategorii hudozhestvennogo teksta // Semantika yazykovykh edinit: Doklady VI Mezhdunarodnoy konferentsii. Tom II. – М.: SportAkademPress, 1998.
- 5 Zolotova G.A. Kommunikativnye aspekty russkogo sintaksisa. – Nauka. 1982; Zolotova G.A., Ottenko N.K., Sidorova M.Yu. Kommunikativnaya grammatika russkogo yazyka. – М.: 1998.
- 6 Karlinskiy A.E. Metodologiya i paradigmy sovremennoy lingvistiki. – Almaty: KazUMoiMYa, 2009. – С. 352.
- 7 Kubryakova E.S. O ponyatiyah diskursa i diskursivnogo analiza v sovremennoy lingvistike // Diskurs, rech', rechevaya deyatel'nost': funktsional'nyj i strukturnyj aspekt: Sb. obzоров. – М.: РАН ИНИОН, 2000. – S. 7-25.
- 8 Li V.S. Paradigmy znaniya v sovremennoy lingvistike: Uch. posobie. – Almaty: KazNU, 2003. – 138 s.
- 9 Makarov M.L. Osnovy teorii diskursa. – М.: Gnozis. 2003. – 280 s.
- 10 Mahmudov H.H. Russko-kazahskie lingvo-stilisticheskie vzaimosvyazi. – Alma-Ata, 1989. – 147 s.
- 11 Milevskaya T.V. O ponyatii «diskurs» v rusle kommunikativnogo podhoda // Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii "Kommunikatsiya: teoriya i praktika v razlichnykh sotsial'nykh kontekstah "Kommunikatsiya-2002" ("Communication Across Differences"). Ch. 1. – Pyatigorsk: Izd-vo PGLU, 2002. – S. 188-190.
- 12 Mironova V.G. Diskurs i tekst: metayazykovye variatsii // Rusistika v Kazahstane: problemy, traditsii, perspektivy. – Almaty, 1999. – S. 128-131.
- 13 Mironova N.N. Diskurs-analiz otsenochnoy semantiki. – М.: Tezaurus, 1997. – 158 s.
- 14 Revzina O.G. Diskurs i diskursivnye formatsii // Kritika i semiotika. – Vyp. 8. – Novosibirsk, 2005. – S. 66-78.
- 15 Ehlich R. Funktional-pragmatische Kommunikationanalyse: Ziel und Verfahren // Hoffmann [Rrsg] Sprachwissenschaft. Ein Reader. – Berlin – New-York, 1996. – S. 183-201.
- 16 Greimas A.J. Semantique structural. – Paris, Larousse, 1966. – 262 p.
- 17 Hoffmann C.I. Diskurs und Konversation // Hoffmann [Rrsg] Ein Reader. – Berlin – New-York, 1996. – S. 203-210.
- 18 Marandin J.-M. Problemes d'analyse du discours // Langages. – 1979. – №55. – R. 17-88.

ӘОЖ 81'367

А.Б. Нұржанова

Сүлеймен Демирел университеті Назарбаев университетінің аға оқытушысы, ф. ғ. к.,
Қаскелең к., Қазақстан
e-mail: nurzhanova.aisulu@sdu.edu.kz

Дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозициялық жұптар негізінде зерттеу

Мақалада дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагменттерін зерттеуде бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолданудың маңыздылығы қарастырылады. Тілдік дүние бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозиция тұрғысынан қарастыру – тіл және адамның ойлауы, танымдық әрекеті арасындағы тығыз сабақтастықта айрықша рөл атқаратын тілдік үнемдеу заңдылығының өзіндік қырын айқындауға зор мүмкіндік береді. Адам организмінің физиологиялық ассиметриясын (*оң/сол*) және адамның дене тұрқының вертикальды бағыттағы үштік жіктелісін (*бас, кеуде, аяқ*) жинақталған білім қорының соматикалық коды ретінде пайдалана отырып, соматикалық тілдік бірліктерді саралау нәтижесі мынадай тұжырымға келтірді: қазақ жұртының таным-түсінігінде жағымды қасиеттердің барлығы *оң/сол, жоғары/төмен* бинарлық оппозицияларының *оң, жоғары* сыңарларында көрініс табады.

Түйін сөздер: бинарлық оппозиция, соматикалық фразеологизмдер, дүниенің тілдік бейнесі.

А. Б. Нуржанова

Исследование соматического фрагмента языковой картины мира на основе бинарной оппозиции

В статье рассматривается актуальность исследования соматического фрагмента языковой картины мира на основе бинарной оппозиций и как лингвистического метода исследования.

Основанные на бинарной оппозиций соматические языковые фрагменты при сопоставлении дают возможность распознаванию нормированных черт речи. Используя физиологическую ассиметрию (*правый/левый*) человеческого организма и вертикальное расположение частей тела (*голова, туловище, ноги*), можно определить положительные стороны соматического кода знаний.

Ключевые слова: бинарная оппозиция, соматические фразеологизмы, языковая картина мира.

A. B. Nurjanova

The investigation of the of somatic fragments of picture of the world as reflected in language on the basis of binary oppositional pairs

The article dwells upon the importance of application of linguistic methods in classification of binary oppositional pairs of somatic fragments of the picture of the world as reflected in language. The consideration of somatic fragment of the picture of the world as reflected in language from the perspective of binary oppositions discloses a peculiar feature of linguistic conservation pattern which has a special role in the connection of language and cognition and cognitive activity

Applying the accumulated knowledge as a somatic code for physiological asymmetry of human organism (*left / right*) and threefold vertical grouping of human body constitution (*head, chest, legs*) analysis of somatic linguistic units resulted in the following: all positive traits are reflected in *right* and *high* components of *left / right* and *high / low* binary oppositions in Kazakh cognition.

Key words: binary opposition, somatic phrases, picture of the world as reflected in the language.

XX ғ. 80 жылдарынан мәдениеттанушы, лингвист ғалымдар «мәдениеттің екі жақты коды» немесе «семантикалық жұп оппозиция» деп аталатын бинарлық оппозицияға негізделген жұптық классификацияны белгілі бір қо-

ғамның әлеуметтік-мәдени моделінің архетиптерін жаңғыртудың арқауы, лингвоелтанымдық зерттеулердің өзегі етудің маңызы зор екеніне айрықша назар аудары бастады [1]. Н.И. Толстой бинарлық жұптарды лингвистикалық зерттеу-

лердің әдістемелік қондырғыларының бірі ретінде пайдаланудың лингвистика үшін маңызын былай айқындайды: «По сути дела, это все относится не к чисто лингвистическому, а к логическому или семиотическому аппарату, и в этом и ценность этой методики для лингвистики, так как она не изолирует науку о языке, а вводит ее в более широкий круг научных дисциплин» [2, 181]. Н.И. Толстойдың бұл пікірі гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеудің әдіс-тәсілдері мен ғылыми ұғымдық аппараты өзара тоғыстырылып, пәндер пәнаралық сипат алып отырған бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтпаған құнды тұжырымдардың бірі болып отыр.

Лингвистикалық зерттеулердегі адамның жаратылыс-болмысын оның тілі, сана-зердесі, таным әлемі, адам өмір сүретін табиғи және қоғамдық орта, адам жасаған мәдени таңбалар жүйесі және соларға қатысты ұғым-түсініктер арқылы зерделеу үдерісі лингвистикалық методологияны әлеуметтану, логика, математика, философия т.б. ғылым салаларында қолданылып келген әдіс-тәсілдермен байыта түсті десек, бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолдану тілдік фактілерді логика-философиялық, логика-когнитивтік, логика-мәдениеттанымдық, логика-психологиялық тұрғыдан талдауға жаңаша ренк үстемелеп, лингвистикалық ғылыми талдаудың кешенді әдістемесін жасауға белгілі дәрежеде ықпал етері сөзсіз.

Белгілі балкантианушы ғалым Т.В. Цивьян өзінің «Модель мира и ее лингвистические основы. – М.: Ком Книга, 2006. 280-стр.» атты еңбегінде бинарлық оппозициялық жүйе және оның дүние моделін (бейнесін) сипаттаудағы әдіс-тәсілдік мән-маңызы мәселесін жан-жақты қарастырады. Ғалым дүние моделі ұғымын «белгілі бір тілдік және этномәдени дәстүр аясында жүйеленген әлем туралы барлық түсініктердің жиынтығы, ғасырлар бойы қордаланған білім қоры» деп айқындай отырып, оның мазмұндық құрылымы бүкіл әлемнің кеңістіктік-уақыттық, себептік-салдарлық, этикалық-ережелік, сандық-мөлшерлік, мәндік-мағыналық, кескіндік-кейіпкерлік, т.б. негізгі параметрлерін космологиялық тұрғыдан сипаттауға бағытталатынын айтады. Осындай ауқымды да әр алуан, аса күрделі кешенді түсіну және түсіндіру үшін бинарлық оппозициялық жүйелеу тәсілі қолданылатынын сөз ете келе, Т.В. Цивьян негізінен 10-12 оппозициялық жұптан тұратын бұл жүйені іштей:

1) кеңістіктің құрылысына байланысты – жоғары/төмен, көк жүзі/қара жер, жер/жерасты әлемі, оң/сол, шығыс/батыс, солтүстік/оңтүстік т.б.;

2) уақыттың құрылысына байланысты – күн/түн, жарық/ қараңғылық, жаз/қыс, көктем/күз т.б

3) түске байланысты – ақ/қара, қызыл/қара т.б.

4) табиғат және мәдениет оппозициясы тұрғысынан – дымқыл/құрғақ, шикі/піскен, табиғи/жасанды т.б.

5) әлеуметтік категорияға байланысты (жас мөлшерлік, генеалогиялық, қоғамдық әртүрлі мағынада) – еркек/әйел, үшкен/кіші, жас/кәрі, қыз/ұл, жат/жақын, кеңістіктік алыс/жақын, ішкі/сыртқы оппозицияларының метафоралануына қатысты ұғым-түсініктерді біріктіретін жұптар т.б.

6) дүние бейнесінің жалпы модусын айқындауға байланысты – киелі - қасиетті (сакральді-аксиологиялық) / пендауи, бұ дүниелік/бақилық т.б. деп бірнеше жұптарға бөледі. Сондай-ақ ғалым оппозицияның бірігіп келіп тұтастық құрайтын оң және сол бағаны арасындағы қарым-қатынас бақыт/сор, өлім/өмір, тақ/жұп сияқты жалпы оппозициялардың көмегімен сипатталатынына назар аударып, «осындай екі-жақты белгілердің жиынтығына негізделіп әмбебап таңбалық кешендер кескінделеді және олардың көмегімен адам әлемді игереді. Дүние бейнесінің әмбебап таңбалық кешендері әртүрлі кодтық жүйелер арқылы жүзеге асады. Әлемнің сан түрлі фрагменттері, кейіпкерлері, нысандары әртүрлі кодтардың тұғырына алынады, осылайша астральдық, вегетативтік, зооморфтық, антроморфтық, гастронамдық, түстік, сандық, әуендік, саздық т.б. кодтар қалыптасады. Өзара қарым-қатынасқа түсіп, ықпал ететін өзіндік шеңбер-аясы бар мұндай кодтардың дүние моделінде қатарласа, қатпарласа, жанаса, тоғыса орын тебуі белгілі бір иерархиялық классификацияны көрсетеді. Бұл күрделі конгломерат семантикалық тұрғыдан біртұтас болып келеді, өйткені ол бірғана объектіні – әлемді бірғана субъект – адам тарапынан сипаттайды» деген қорытындыға келеді [3, 6].

Барлық архаикалық мәдениет үшін әмбебап сипатта болып келетін бинарлық оппозициялық жүйе қарама-қарсылық ұстанымы бойынша бірнеше белгілерді (таңба, символ) жұптарға біріктіреді. Мұнда оппозициялық жұптың бір мүшесі - жағымды, ұнамды, қолайлы, екіншісі-жағымсыз, ұнамсыз, қолайсыз (пейоративный),

немесе біреуі таңбаланған, ал екіншісі таңбаланбаған белгілерді өз бойына жинақтайтынымен ерекшеленеді. Мәдени дәстүрлердегі оппозициялық жұптың символдық жіктелісінің бұл қасиеті туралы В.В. Иванов былай дейді: «Каждый признак или символ внутри системы соотносится с одним ему противоположным и целой серией признаков или символов, входящих в тот же ряд, что и данный» [4, 106-б.].

Бинарлық жұптар классификациясын соматикалық фразеологизмдер астарындағы адамзат қоғамының рухани-мәдени жасампаздық бітімін танытатын халықтық білім қорын сараптаудың негізіне алу және адамның тәндік базисін, креативтік ойлау жүйесін, танымдық іс-әрекетін оның тілімен біртұтастықта зерттеудің тұғыры ету:

- біріншіден, «барша адам баласына тән биоанатомиялық негіз оның ми мен жүйке, сана мен жады құрылыстарының жұмыс істеу принциптерін айқындауға;

- екіншіден, адамзат атаулының ерекше қабілеттерін жүйелі зерттеуге; үшіншіден, адамның табиғи болмыс-бітімнің әлеуметтік-мәдени ұстанымдар негізінде даму, өзгеру, толығы бағыттарын талдап көрсетуге мүмкіндік береді [5].

Осы тұрғыдан келгенде, дүниенің тілдік бейнесінің соматикалық фрагменттерін зерттеуде бинарлық оппозициялық жұптар классификациясын лингвистикалық әдіс-тәсілдер қатарында қолданудың маңызы зор. Себебі адам организмінің физиологиялық ассиметриясы (*оң/сол*) және адамның дене тұрқының вертикальды бағыттағы үштік жіктелісін (*бас, кеуде, аяқ*) арқау еткен соматикалық тілдік модельдер дүниенің қарабайыр бейнесінде ұжымдық сананың дуалистік және үшқабатты мифтік түсініктерін соматикалық кодқа түсіреді. Басқаша айтқанда, дуалистік көзқарас, немесе бүкіл әлемнің ассиметриялық екі салаға бөлінуі, сол сияқты әлем жаратылысының үш қабаттан тұруы тумифтік сананың «*бү дүниелік <=> о дүниелік*», «*киелі <=> пәндауи*», «*қасиетті <=> қасиетсіз*», «*құтты <=> құтсыз*» т.б. бөлінісін, әлеуметтік-қоғамдық сананың «*әлді <=> әлсіз*», «*жақсы <=> жаман*», «*бай <=> кедей*» т.б. жіктелісін басқаруы дүниенің қарабайыр бейнесінің соматикалық фрагментінде тұтастай көрініс табады.

Мәселен, адам дене тұрқының вертикальды бағыттағы ассиметриялық жіктелісінен туындайтын *оң/сол* бинарлық оппозициясына қатыс-

ты ұғым-түсініктер адамзат қоғамының бүкіл саласына қатысты көрініс береді.

Оң/сол қарама-қарсылығы кез келген халықтың діни наным сенімінде, салт-дәстүрінде, ырым-жоралғысында, өнер туындыларында, некелік қарым-қатынасында, этикетінде, кеңістіктік бағыт-бағдарын анықтауда, баспана, үйжайындағы және отбасылық орнында, соғыстық іс-әрекеті мен қару-жарағында, өндірістік іс-әрекетінде орын алады. Мұнда «*оң*» жақтың «*жақсылықтың*» нышанына алынып, «*ұнамды*», «*қолайлы*» жағдайдарға қатысты жағымды мән арқалауы, ал «*сол*» жақтың «*жамандықтың*» нышанына алынып, «*ұнамсыз*», «*қолайсыз*» жағдайларды меңзеп, «*жағымсыз*» мәнді білдіруі барлық мәдениетке тән семантикалық эмбебап құбылыс болып саналады. Әр алуан мәдениетте *оң/сол* оппозициялық жұбының «*оң*» сыңары => «*киелі*», «*қасиетті*», «*құтты*», «*күшті*», «*заңды*», «*дұрыс*», «*толық аяқталған*», «*айқын*», «*биік*», «*жоғары*», «*шығыс*», «*оңтүстік*» т.б., ал «*сол*» => «*киесіз*», «*қасиетсіз*», «*екіұшты*», «*әлсіз*», «*бұрыс*», «*сәтсіз*», «*жаманшылық*», «*батыс*», «*солтүстік*» т.б. мәдени корреляциялар тізбегін түзеді. Әйтсе де, кей жағдайда, адамның сол жағы жағымды, ал оң жағы жағымсыз бастау-арналардың символына алынатын тұстар да кездеседі. Оның себебін, орыс этнолингвистикасының негізін қалаушылардың бірі Н.И. Толстой, «*оң*» мен «*сол*» оппозициясының күрделі символикасы әртүрлі элементтердің немесе деңгейлердің символдық мағыналарының өзара қарым-қатынасына тәуелді болатындығымен түсіндіреді [6, 5-7].

Оң және *сол* бинарлық оппозициясын славян мәдениеті контекстінде символдық-семантикалық тұрғыдан қарастыра келіп, Н.И. Толстой бүкіл славян ареалына ортақ **levъ* лексемасының табулық және эвфемистік себептерге байланысты үндіеуропа тілдерінде параллелі өте сирек кездесетінін айтады. «*Үндіеуропалық тілдерде «сол» ұғымын білдіру үшін әртүрлі жаңа сөз қолданыстарының, синонимдер мен эквиваленттердің, тіптен кейде мүлдем қарама-қарсы мағынаны білдіретін тіркестердің қолданылатындығы сол жақты тура түстеп көрсетуге, нақты атауға болмайтындығы туралы ғылыми жорамалдың дұрыстығын дәлелдей түседі*»-дейді ғалым [7, 133-147].

Көне түркілердің дүниетанымдық көзқарастар жүйесінде «*оң жақ*» ұғымы үшін қолданылған *он* лексикалық бірлігінің бірде «*сәтсіз*, «*құтсыз*» дегенді, енді бірде «*сәтті*, «*құтты*» деген-

ді білдіргендігін көне түркі сөздігінде тіркелген *Ondin qas tebrasar ogzus bolur* «оң қасы тартса, жетім қалар», *qaujdan kirurda onun asnu man* «есіктен оң аяғыңмен аттап кір», *[k] icig ojlan jel tartasar bu vu on ajasinta brnk [tutsun]* «егер жас сәбиді қара күш басса, мынау тұмарды оң алақанына ұстасын» тәрізді тілдік деректер айғақтайды. Байырғы түркілер ұғымында *on elig* «береген қол, құтты қол» дегенді білдіретін болса, алатын, бірақ бермейтін қол – құтсыз қол: *«alip bermagan el elig qutsuzi»*. Байырғы түркілердің кеңістік туралы мифтік-поэтикалық түсінігінде *on* жоғарғы әлеммен, жұмақпен (*ust, tanri*), *sol* – төменгі әлеммен, тозақпен (*alt, tamu*) байланыстырылады [8]. Мұндай тілдік деректер байырғы түркілік түсініктер жүйесіндегі *оң/сол* оппозициясында семантикалық қарама-қайшылық бар екенін көрсетеді. Қазіргі түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі *оң, өң, оңқай, оңалу, өңі кіру, сауығу, және сол, солу, солғын, солбыр солақай, солақ сөздері* этимологиялық тұрғыдан көне түркілік *оң және сол* ұғымдарымен өзара қатыстылықта қарастырылады [9, 82-83].

Қазақ жұртының таным-түсінігіндегі жағымды қасиеттердің барлығы *оң/сол* теріс иерархиялық классификациясының оң сыңарында көрініс тауып жататындығын көрсетеді. Мәселен, *оң пейіл таныту, оң көзімен қарады, оң қабағын берді, оң қолы болды* т.б.

Адамның тұлға бойының «*оң*» және «*сол*» ассимметриялық жіктелісі қазақы дүниенің қарабайыр-тілдік бейнесінде әртүрлі нысандарды горизонтальды жазықтық бағытта салғастырудың негізіне алынып, адамның өмірлік әрекетінің сан алуан саласында (діни түсініктер жүйесі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, этикет, тұрмыс, т.б.) бағалауыштық, межелік, болжамдық т.б. өлшем қызметінде жұмсалады. Мысалы, *оң мен солын ажырату* (адамның оң жағында орналасқан нысандарды сол жақтағы заттармен, нысандармен салғастыру) - «адамның кәметке толып, жақсы мен жаманды айыратын кезге келуінің, ержетуінің» белгісіне алынатын болса, *желі оңынан соқты, самалы оңынан тұрды* (табиғат құбылысы мен адам әрекеті) – «адамның жақсы, игілікті ісінің жүзеге асуының» өлшеміне, *оң жақтың қызығын көру* (киіз үйдің отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөліне қарай ішкі бөлінісі мен үйлену салты) – «күйеу жігіт ұрын келіп кеткен, бірақ ұзатыла қоймаған қыздың әке үйіндегі бас бостандығының» бодауына алынады. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде *оң жаққа салу* (киіз үйдің отба-

сы мүшелерінің әлеуметтік рөліне қарай ішкі бөлінісі мен жерлеу рәсімі) – қайтыс болған адамды жерлеу алдындағы рәсімдердің бірі болатын болса, *оң аяғымен аттап кіру* (қыз және бөтен отбасы) – атаның құтты қара шаңырағына жасаған жаңа түскен жас келіннің алғашқы қадамы (ырым). Сондай-ақ *оң* сөзі *ақ* сөзімен де мағыналас қолданылады. Мәселен, *оң батасын беру – ақ батасын беру, оң ниетті адам – ақ ниетті адам* т.б. ретінде қолданылса, жалпы *оң* сөзімен қолданылатын соматикалық тіркестер жақсы нышанды, *ақ* тілеуді, істің сәтті болып алға басуын білдіреді. Мысалы, *оң жағына қондырды* «панасына, қамқорына алды», *айы оңынан туды* «бақыты жанды, жолы ашылды», *оң аяғыңмен тұрған екенсің* «ойлап келген ісінің сәті түсіп, жолы оңғарылған кісі туралы айтылады», *оң жол* «дұрыс бағыт», *оң көзі, оң қолы* «сенімді, көмекші адамы» т.б.

Адам дене мүшелерінің жоғарыдан төменге қарай орналасуы дүниенің қарабайыр бейнесінің фразеологиялық фрагментінде заттар мен құбылыстардың, қимыл-қозғалыстың *жоғары/төмен* осьтік өзіндік құрылымын айқындайды: *басы жерге жеткенше иілу* (ерекше құрмет көрсетті), *төбесі көкке жеткендей болу* (қатты қуану), *екі көзі тас төбесіне шығу* (үрейлену), *табан асты қылу* (жарамсыз, керексіз ету) т.б. Мұнда әр дене мүшесінің *жоғары/төмен* бинарлық оппозициялық жүйедегі өз орнынан ауытқуына, белгілі бір бағыт бойынша жасалуға тиісті қимыл-қозғалысынан тануына негізделіп жасалатын образдар соматикалық фразеологизмдердің жалпы мағынасындағы жағымды немесе жағымсыз мағыналық коннотацияның пайда болуына арқау болып қана қоймайды, сонымен қатар адамның қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өз орнын асыра немесе төмендете бағалауын, соған байланысты белгілі бір сәттегі адамның көңіл-күйінің жоғары немесе төмен болуын да бейнелейді. Мысалы, *мұрнын шүйіру, мұрнын көкке көтеру* фразеологизмдерінің образдық-фондық негізіне алынған «мұрынның екі көздің ортасынан ауызға қарай бағытталып орналасқан өз бағытын өзгертуге әрекет ету» қимылы дүние бейнесінің *жоғары/төмен* бинарлық оппозициясындағы объектінің орын тәртібін белгілейтін ішкі заңдылыққа қайшы келеді. Бұл қайшылық өз кезегінде адамның әлеуметтік-қоғамдық орнын асыра бағалауымен ассоциацияланып, «*басқаны көзге ілмеу, біреуді менсінбеу*» мағынасындағы фразеологизмдердің жасалуына арқау етілген образды қалыптастырады.

Жоғары/төмен бинарлық оппозициясының жоғары сыңарына жататын бастың бинарлық оппозициядағы өз орнын жоғалтуы, яғни «көк әлемінің дүниесі» бастың «төменгі жерлік әлемге» қарай бағытталуы адамның ішкі жан дүниесіндегі рухани күйреуді, қоғамдық-әлеуметтік ортада адам беделінің төмендеуін көрсететіні фразеологизмдердің жасалуына арқау етіледі. Мысалы: *басын салбырату, басы жерге түсті, басын жерден көтере алмады* т.б.

Адам тұла бойының «жоғары әлемдік», «ортаңғы әлемдік», «төменгі әлемдік» иерархиялық сатылық жүйеге бағындырылған үштік жіктелісі тілдік жүйеде соматикалық фразеологизмдердің синонимдік қатарында бой көрсететін «мотивацияның, образдылықтың дәрежеленуі (градация) мен тілдік экспрессияның біртіндеп күшеюіне» әсер етеді [10]. Мысалы: *қорлық көрсету мағынасындағы басына әңгір таяқ ойнатты, кеуде көрсетті, тізесін батырды, табанға салып таптады* немесе өте кедей мағынасындағы *маңдайына түк бітпеген, аузы аққа жарымаған, аузы асқа, ауы атқа, жарымаған, қолы қысқа, шыр бітпеген, ыңырашағы шыққан, қара сирақ, қара табан* т.б. соматикалық тілдік модельдер арқылы адамдардың қоғамдағы әлеуметтік теңсіздігін бейнелуде экспрессивтік-эмотивтік бояу дене мүшелерінің жоғарыдан төменге қарай орналасу тәртібіне сай қоюлана, ал фразеологиялық жалпы мағынадағы жағымсыз коннотация үстемелене түседі.

Фундаменталды дуализм жарық пен қараңғылық, ақ пен қара, тақ пен жұп, күн мен түн, шығыс пен батыс т.б. қарама-қайшылықтарды күллі әлемді табиғаттан тыс, құпия тылсым сырлы, бір – біріне қарама-қарсы екі күштің басқаруымен түсіндіреді. Ол күштің бірі өсіп-

өнуден бастау алып, өмір сүруге жетелейтін болса, екіншісі жойылып-жоғалумен, тоқырап-тоқтаумен сипатталып, өлімге апарады. Мұнда өмірге қатыстының барлығы жақсылықтың нышанына алынып, адамның жағымды эмоциясын тудыруға себеп болып, бір нәрсе, құбылыс, зат туралы оң пайым, дұрыс пікір жасауға негіз болатын болса, өлімге қатыстының барлығы жағымсыз эмоцияны тудырып, теріс пайым жасауға арқау етіледі. Демек, бинарлық оппозициялық жіктелістің өзі адамның позитивті немесе позитивті емес ойлау әрекетімен тығыз байланысып жататын, адамзат қоғамының діни-мифтік, әлеуметтік-қоғамдық ұғым-түсініктерін қарама-қарсылықтар тоғысында, екі жақты сипаттайтын күрделі жүйе болып саналады.

Қорыта айтқанда, тілдік дүние бейнесінің соматикалық фрагментін бинарлық оппозиция тұрғысынан қарастыру - тіл және адамның ойлауы, танымдық әрекеті арасындағы тығыз сабақтастықта айрықша рөл атқаратын тілдік үнемдеу заңдылығының өзіндік қырын айқындауға зор мүмкіндік береді. Адам организмінің физиологиялық ассиметриясын (*оң/сол*) және адамның дене тұрқының вертикальды бағыттағы үштік жіктелісін (*бас, кеуде, аяқ*) жинақталған білім қорының соматикалық коды ретінде пайдалана отырып, тіл адам өмір сүретін табиғи және қоғамдық ортаға, адам жасаған мәдени таңбалар жүйесіне қатысты ұғым-түсініктерді адамның тәндік базисі негізінде белгілі бір топтарға біріктіріп жинақтап ғана қоймай, оларды іштей саралап жіктейтіні байқалады. Бұл, сайып келгенде, тілдің дүние бейнесін сомдауда және кескіндеуде метакод және дербес код ретінде екі жақты қызмет атқаратын табиғи қасиетінен туындайды.

Әдебиеттер

- 1 Иванов В.В., Топоров В.Н. Славянские языковые моделирующие семиотические системы (древний период). – М., 1965. – 246 с. – С.
- 2 Толстой Н.И. О предмете этнолингвистики и ее роли в изучении языка и этноса // Ареальные исследования в языкознании и этнографии. Язык и этнос. – Л.: Наука, 1983. – С. 181-190.
- 3 Цивьян Т.В. Модель мира и ее лингвистические основы. Изд. 3-е, испр. – М.: КомКнига, 2006. – 280 с. – С. 24.
- 4 Иванов В.В. Двойная символическая классификация в африканских и азиатских традициях // Народы Азии и Африки. – 1969. – № 5. – С. 105.
- 5 Оразалиева Н.Э. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: фил. ғыл. докт. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2007. – 46 б. – Б. 41.
- 6 Толстой Н.И. О традициях и результатах исследований, связанных этнолингвистической школой К.Мошинского // Ареальные исследования в языкознании и этнографии: Тезисы докладов и сообщений, 9-12 февраля 1971. – Л., 1971. – С. 5-7.
- 7 Толстой Н.И. Из географии славянских слов // Общеславянский лингвистический атлас (материалы и исследования). – М., 1965. – С. 133-147.
- 8 Жуковская Н.Л. Бинарные оппозиции в традиционной монгольской культуре // Искусство и культура Монголии и Центральной Азии. Доклады и сообщения всесоюзной научной конференции. – М., 1983. – Ч. 1. – С. 127-138
- 9 Иманалиева Р.Б. Этнолингвистические вопросы исследования пространственной ориентации в казахском языке (Сопоставительно-типологический аспект). – Туркестан, 2005. – 152 с. – С. 82-83.

10 Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: Фил.ғыл.докт.диссерт. – Алматы, 1998. – Б. 292.

References

- 1 Ivanov V.V., Toporov V.N. Slavyanskije yazykovye modeliruyuschie semioticheskie sistemy (drevnij period). – M., 1965. – 246 s. – S.
- 2 Tolstoy N.I. O predmete etnolingvistiki i ee roli v izuchenii yazyka i etnosa // Areal'nye issledovaniya v yazykoznanii i etnografii. Yazyk i etnos. – L.: Nauka, 1983. – S. 181-190.
- 3 Tsiv'yan T.V. Model' mira i ee lingvisticheskie osnovy. Izd.3-e, ispr. – M.: KomKniga, 2006. – 280 s. – S. 24.
- 4 Ivanov V.V. Dvoichnaya simvolicheskaya klassifikatsiya v afrikanskih i aziatskih traditsiyah // Narody Azii i Afriki. – 1969. – № 5. – S. 105.
- 5 Orazalieva N.E. Қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигма: фил. ғыл. докт. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2007. – 46 б. – Б. 41.
- 6 Tolstoy N.I. O traditsiyah i rezul'tatah issledovaniy, svyazannyh etnolingvisticheskoy shkoly K.Moshinskogo // Areal'nye issledovaniya v yazykoznanii i etnografii: Tezisy dokladov i soobshcheniy, 9-12 fevralya 1971. – L., 1971. – S. 5-7.
- 7 Tolstoy N.I. Iz geografii slavyanskih slov // Obschslavyanskiy lingvisticheskiy atlas (materialy i issledovaniya). – M., 1965. – S. 133-147.
- 8 Zhukovskaya N.L. Binarnye oppozitsii v traditsionnoy mongol'skoy kul'ture // Iskusstvo i kul'tura Mongolii i Tsentral'noy Azii. Doklady i soobshcheniya vsesoyuznoy nauchnoy konferentsii. – M., 1983. – Ch. 1. – S. 127-138
- 9 Imanalieva R.B. Etnolingvisticheskie voprosy issledovaniya prostranstvennoy orientatsii v kazahskom yazyke (Sopostavitel'no-tipologicheskiy aspekt). – Turkestan, 2005. – 152 s. – S. 82-83.
- 10 Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: Фил.ғыл.докт.диссерт. – Алматы, 1998. – Б. 292.

ӘОЖ 81'38

А. О. Тымболова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Магистратура және PhD докторантура институтының ф. ғ. д. доценті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: tymbolova@mail.ru

Көркем мәтінді лингвопоэтикалық тұрғыдан талдау ерекшеліктері

Лингвистикалық поэтика – филологияның ерекше саласы ретінде эстетикалық сөз өнерінің үдерістерін зерттеуге бағытталатын ғылым. Онда көркем шығарманың сыртқы құрылымын дәстүрлі түрде сипаттап қоюдан мүлдем бөлек, көркем шығарманың ішкі және сыртқы табиғатын ашуда автор-суреткер, автордың түпкі ойы, автордың интенционалды әлемі дейтін мәселелер лингво-антропологиялық, эстетикалық, стилистикалық тұрғыдан үнемі талданып отыруы шарт. Осыған орай, поэтикалық тілдің түрлі деңгейлердегі бірліктерінің қарастырылуы, олардың көркем мәтінде жүзеге асырылуы, индивидуалды-авторлық поэтикалық жүйенің сүйенетін дәстүрлері көрсетілді.

Сондай-ақ мақалада лингвистикалық поэтикадағы метатілдің қалыптасуы мен даму үдерісін сипаттау адамның эстетикалық деңгейде сөйлеуінің қызметін төрт ғылыми өзек парадигмада талдауға мүмкіндік беретіндігі айқындалды. Сондықтан бүгінде сөз өнерінің ерекшеліктерін тілдік тұлға мәселесімен ағастыра қарастыруды арттыру көзделуде. Мақалада жалпы көркем мәтіндерді лингвопоэтикалық тұрғыдан талдау ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: лингвистикалық поэтика, тілдік тұлға, лингвопоэтикалық талдау, метатіл, жеке авторлық поэтика.

А. О. Тымболова

Особенности лингвопоэтического анализа художественного текста

Лингвистическая поэтика – особая отрасль филологии, которая исследует направление процесса искусства речи. Она не только традиционно описывает внешнее строение художественного произведения, но выделяет внешнюю и внутреннюю природу – художника, его основную мысль. Интенциональный мир автора должен постоянно анализировать вопросы лингво-антропологии, эстетики, стилистики. Таким образом, с помощью единства поэтического языка на разных уровнях, используемых в художественном тексте, показана традиция, которая опирается на индивидуальную поэтическую систему.

Также в статье охарактеризован процесс формирования и развития метаязыка лингвистической поэтики на уровне эстетики человека, деятельность речи которого дает возможность разбора четырех научных парадигм. Поэтому в настоящее время особенности искусства речи направлены на создание и развитие языковой личности. В статье особенности анализа общих художественных текстов подробно рассматриваются с лингвопоэтической стороны.

Ключевые слова: лингвистическая поэтика, языковой личность, анализ лингвопоэтической стороны, метаязык, индивидуальная авторская поэтика.

A. Tymbolova

The peculiarities of the analysis of literary text on the linguopoetic aspect

Linguistic poetics as a special branch of philology, which explores the art of speech process. It doesn't only describe the external structure of the composition, but highlights the internal and external nature of the author and his basic idea. Intentional world 's of author constant need to analyze questions of linguistic and anthropology, esthetics, style. Thus, considering the unity of poetic language at different levels used in a literary text, shows a tradition that relies on individual poetic system.

The article also describes the process of formation and development of the meta-language linguistic poetics at esthetics human speech activity which enables parsing of four scientific paradigms. Therefore, currently features art speech focused on the creation and development of linguistic identity. The article features the general analysis of literary texts discussed in detail with linguopoetic side.

Key words: linguistic poetics, linguistic identity, linguopoetic analysis, the meta-language, the individual author's poetics.

Қазіргі таңда адамды тануға бағытталған ғылымдардың барлығы тоғысатын филология саласында антропологиялық әдіснаманың өркендеуіне байланысты жаңа лингвистикалық поэтика индуктивті білім ретінде қала отырып, өзінің антропологиялық-дедуктивті әдіснамасының өрісін кеңейтті. Осыған орай, бүгінде сөз өнерінің ерекшеліктерін тілдік тұлға мәселесімен астастыра қарастыруды арттыру көзделуде.

Лингвистикалық поэтика ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында филологияның ерекше саласы ретінде эстетикалық сөз өнерінің үдерістерін зерттеуге бағытталды. Онда көркем шығарманың сыртқы құрылымы дәстүрлі түрде сипаттаудан мүлдем бөлек, көркем шығарманың ішкі және сыртқы табиғатын ашуда автор-суреткер, автордың түпкі ойы, автордың интенционалды әлемі дейтін мәселелер лингво-антропологиялық, эстетикалық, стилистикалық тұрғыдан үнемі талданып отырады.

Лингвистикалық поэтикадағы метатілдің қалыптасуы мен даму үдерісін сипаттау адамның эстетикалық деңгейде сөйлеуінің қызметін төрт ғылыми өзек парадигмада талдауға мүмкіндік береді: а) ғылыми тұжырымдамалар арқылы берілетін сөз өнері теориясының антропологиялық-эстетикалық парадигмасы; б) формальды-эстетикалық парадигма; в) функционалды-эстетикалық парадигма; г) неофункционалды-эстетикалық парадигма (қазіргі лингво-антропологиялық зерттеулер).

Бүгінгі таңда жаңа лингвистикалық поэтика ерекше антропологиялық-дедуктивті ғылым ретінде сипаттамалы-аналитикалық, немесе индуктивті әдіснамадан тыс зерттелуі де мүмкін. Поэтикалық тілдің түрлі деңгейлердегі бірліктерінің қарастырылуы, олардың көркем мәтінде жүзеге асырылуы, индивидуалды-авторлық поэтикалық жүйенің негізгі сипаттамасы лингвистикалық поэтиканың зерттелуінде сенімді дәстүрлерге сүйенеді.

Біздіңше, лингвопоэтиканың теориялық-әдіснамалық негізін мынадай идеялар мен тұжырымдар арқылы көрсетуге болады: а) В.М.Жирмунскийдің «дәстүршілдер» мен «формалистердің» шығармашылық бірліктегі жетістіктерінің лингвопоэтикалық тұжырымдамасы; б) Г.О.Винокурдың сөз өнерін эстетикалық тұтастық ретінде «ішкі форма» немесе мазмұндық тұтастыққа ие өзгеше форма дейтін филологиялық көзқарасы; в) В.В.Виноградовтың «автор образы» басты категория болып табылатын көркем сөз теориясы; г) Х.Х.Махмудовтың лин-

гвистикалық поэтиканың бірегей тұжырымдамасын қамтитын «теориялық стилистикасы»; д) Ю.Н.Карауловтың үштікті, яғни тілдік тұлғаның үшсатылы диалектикалық дамуын көздейтін антропологиялық теориясы; т.б.

Сонымен, ХХІ ғасыр сөз өнерінің теориясы мен тәжірибесінде көркем мәтінді талдаудың әдебиеттанулық және лингвистикалық аспектілерін нақты ажыратып берді. Бұл көркем мәтінді екі бағытта талдаудың қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттанымдық зерттеулерде күрделі ұйымдастырылған тұтас дүниені бөлшектеп, ондағы кейбір элементтерді бөліп қарастырып, олардың арасындағы байланысты барынша жеке тану көзделеді. Әдебиеттану тұрғысынан жүргізілетін зерттеулерге көркем шығарманың құрылымын, тақырыбын, көтеріліп отырған мәселенің идеясын, әлемнің көркем бейнесін, композициясы мен сюжетін, сондай-ақ формасын, стилін, түрін, жанрын, контекстін қарастыру кіреді. Көркем шығарманы әдебиеттану тұрғысынан талдаулар екі бағытта, біріншіден, оның эмоционалды мағыналық табиғатын қарастырудан, екіншіден, эстетикалық ерекшелігін зерттеуден тұрады. Демек, мұнда мазмұнға назар аудару интерпретацияны, ал формаға мән беру көркем шығарманың стильдік тұтастығын тануға жетелейді.

Ал лингвистикалық талдауларда тіл басты нысанаға алынып, мәтін жалпы белгілердің пайда болу тұрғысынан қарастырылады. Лингвистикалық талдаулардың басты мақсатына көркем мәтіндегі тілдік фактілердің мағынасы мен қолданысын айқындау жатады. Лингвистикалық талдаулар филологтың әдеби шығарманы тану, түйсіну ұстанымынан туындайды. Ол шығарманы барлық шынайы болмысында сезініп, жазушының өзіндей қабылдауға жетелейді.

Лингвистикалық талдаудың нысаны әдеби талдауларға қарағанда кеңірек болады. Себебі лингвистикалық талдау бүкіл шығарманың көркемдік мәнін ғана емес, оның тілін тұтастықта қарастырады. Яғни, лингвистикалық талдаулар барлық функционалды стильдерді қатыстыра отырып, мәтінді тілдік элементтердің комбинациясы ретінде қарастырады. Сондай-ақ мәтінді лингвистикалық талдаулар формадан – мазмұнға, ал әдеби талдаулар мазмұннан – формаға қарай құрылады. Лингвист (көркем мәтінді зерттеп жүрсе де) нақты мәтінмен шектеледі, ал әдебиетші үнемі тарихи, әлеуметтік немесе философиялық сипаттағы зерттеулерін жүргізеді. Лингвистикалық талдаулардың негізінде мәтін

адресаттың көзқарасы негізінде қарастырылса, әдеби талдауларда ол ең алдымен автордың ұстанымы тұрғысынан зерттеледі.

Мәтінді лингвистикалық талдаудың негізгі аспектілеріне Н.В. Шевченко мыналарды жатқызады: лингвистикалық түсіндірме, семантизация, мағынасы көмескі сөздерді түсіндіру, идеялық-тақырыптық жүк арқалайтын сөздер, жоғары фразалық бірліктердің функционалды мағыналық типтері, мәтіннің мүшелену тәсілдерін талдау, мәтін интеграциясындағы лексикалық, морфологиялық, синтаксистік деңгей [1, 103].

Қазіргі лингвист ғалымдар (көркем мәтінді зерттеу саласындағы) шығарманы жекелей және кешенді (филологиялық) талдауды ұсынады (Бабенко, 2003; Болотнова, 2007; Купина, 2003; Николина, 2003; Новиков, 2003; Одинцов, 2004).

Мәтінді бөліп алып жекелей талдау мәтіндегі тілдік құралдардың байланысын, уақыт пен кеңістік категориясын, лексикалық, синтаксистік, ритмика-мелодикалық, графикалық, мәтіннің образды қырын, мәтіннің мүшелену тәсілдерін, мәнмәтіндегі ақпараттың және өзге де жекелеген аспектілердің берілу тәсілдерін ұсынады. Талдаудың мұндай түрін жүргізуге жоғарыфразалық бірліктен тұратын бір абзац немесе тіпті бір сөйлем де жеткілікті.

Кешенді талдау мәтінді тұтастай талдауға негізделеді. Бұған барлық мәтінтүзуші факторлар мен мәтіндік категориялар, осы мәтіндік категорияларды құрайтын барлық тілдік құралдарды талдау жатады. Мағынасы мүлдем түсініксіз немесе жартылай көмескі сөздер мұнда жанама талданады.

Соңғы онжылдықта көркем мәтін түрлі әдіснамалық ұстанымдар тұрғысынан зерттеліп келді. Қарастырып келген мәселелері де әртүрлі болды. Ал ХХ ғасырда психолингвистика, семиотика, поэтика сынды аралас салалардың интеграциясына ұмтылушылық көркем мәтінді басқа қырынан қарастыру үрдісіне алып келді. Осы орайда, А.А.Потебня сөз бен көркем шығарманы салыстыра қарастырып, поэтика мен лингвистиканың арақатынасына ерекше мән береді. Бұл негізгі үш компонентті – сыртқы форма (ойда сұрыпталған дыбыс), мазмұн (дыыстардың көмегімен түзілетін форма) және ішкі форманы (мазмұнда жинақталатын мән) қамтиды. Ғалымның пікірінше, поэтикалық немесе кез келген көркем шығармада болсын сөзге тән компоненттерді бөліп көрсетуге болады: мазмұн (идея) және көркем образ нысан болатын сыртқы және ішкі форма [2, 179].

Көркем шығарманың тілін талдауға үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірі – А.В.Щерба. Ғалым көркем шығарманы талдағанда идеяны анықтап қою ғана емес, оның көркемдік қырын бағалау да үлкен мәселе дей келіп, көркемдеуіш тілдік элементтердің нәзік қырларын лингвистикалық талдауларсыз ашу мүмкін емес дейді (Щерба, 1957, 97 б.).

В.В.Виноградовтың еңбектерінде көркем әдебиет тілінің – филологиялық пәндердің қатарында ғылым болып қарастырылу идеясы көтеріледі. Ғалым лингвопоэтиканың көркем әдебиет тілін түрлі деңгейлерде (лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) қарастырылуына үлкен мән береді. Ол лингвопоэтикалық зерттеулердің міндетіне көркем шығармадағы тілдік бірліктердің эстетикалық қызметін зерттеуді жатқызады. В.В.Виноградов тілді өзара байланысты екі контексте: ұлттың әдеби тілі мен стилінде және көркем шығарманың тілін жанрымен, стилімен әрекеттестікте қарастыру қажеттігін айқындайды. Ғалым «көркем шығарманың тілін зерттеу біруақытта әлеуметтік-лингвистикалық және әдеби-стистикалық бағытта жүруі тиіс дейді», -дейді [3, 29].

В.М.Жирмунский бірінші орынға көркем шығарманы зерттеудің әдістері мен тәсілдерін, яғни оның әдіснамалық негіздерін қояды. Мазмұн мен форманың бірлігін айтқан кезде, В.М.Жирмунский форманың өзгеруі жаңа мазмұнды ашуға әкеледі, мазмұнның өзгеруі де дәл солай формаға әсер етеді. Мұндай жағдайда, көркем шығарманың мазмұнын тілдік құралдардың қолданысымен тығыз байланыста ашу қажет деп баса көрсетеді. Ғалым поэтика мәселелерін қарастырғанда, поэтикалық тілге немесе сөзге ден қояды. «Поэзия – бұл сөз өнері, поэзия тарихы – сөз өнерінің тарихы», -дейді [4, 21].

Сонымен, көркем мәтінді филологиялық зерттеулер шығарманың терең тілдік қатпарын, жазушы идиолектісінің өзіндік ерекшеліктерін айқындаулардан тұрады.

Кезінде көркем әдебиетті түсіну және қабылдау герменевтика ғылымының басты міндеттерінің бірі еді. Алғашқыда бұл термин теология саласында қолданылып, діни мәліметтерді талдап, түсіндіруде пайдаланылды. Кейінірек, герменевтика ғылымының аясы кеңіп, ол көркем сөз өнеріндегі туындыларды талдап-таразылауда қолданыла бастады.

Әдебиеттанушылар мәтінмен жұмыс барысында «не туралы?», «қалай?» деген сұрақтың төңірегінде ойланады. Кейін келе әдебиеттану-

дан көркем мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін қарастыратын стилистика саласы бөлініп шықты. Себебі әдебиетте қойылатын «не туралы?, қалай?» сұрақтары «неге бұлай айтылады, басқаша емес?» деген сұраққа жауап бере алмас еді. Бұл көркем образ мәселесін жалпы лингвистикалық заңдылықтармен байланыстыра қарастыратын лингвопоэтиканың нысаны болып табылады.

Кез-келген мәтінді лингвостилистикалық тұрғыдан талдау семантикалық және метасемантикалық екі деңгейден тұратындығы белгілі. Семантикалық деңгейде тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркесі, синтаксистік құрылымдар) өздерінің тура мағынасында қолданылады. Метасемантикалық деңгейде тілдік бірліктер контекстегі коннотациялар арқылы қосымша мазмұн тұрғысынан талданады. Алайда көркем шығарманы талдаудың күрделілігі оның мәнін анықтаумен шектелмей, толық көркем мазмұнды ашу деңгейіне қол жеткізуімен анықталады. Ал бұл тіл мен поэтиканың өзара байланысында ғана жүзеге асырылады.

Бүгінде көркем мәтінді терең талдау мәселелері И.В. Арнольд (1973, 2002); И.В. Тюбенет (1991); В.Я. Задорнова (1984, 1992); Т.Б. Назарова (2003, 2010); А.А. Липгарт (1996, 2006) т.б. ресейлік филолог-тілшілердің еңбектерінде қарастырылып келеді.

Лингвопоэтикалық талдаудың мақсаты – қа-

растырылып отырған немесе өзге де тілдік бірліктердің (сөз – сөз тіркесі – грамматикалық форма – синтаксистік құрылым) эстетикалық әсер тудыратын өзіндік үйлесімділігін айқындау болып табылады. Лингвопоэтика көркем мәтіндегі эксплицитті мәннің қандай тілдік құралдар мен қолданыстар арқылы берілетіндігін және оның оқырманға эмоционалды-эстетикалық әсерін түсіндіреді. Мұндай жағдайда шығарманың сюжетті-композициялық табиғаты ескеріледі. Мәтін астарындағы ақпараттың ауқымдылығы интерпретатордың дйттемі ретінде айқындалады. Лингвопоэтикалық талдау әдісі зерттеушінің мазмұннан формаға және қайтадан мазмұнға қарай зерттелуіне байланысты «кері» (челночный) сипатқа ие. Бұл екі талдау диалектикалық бірлікте бірін-бірі толықтырып отырады. Демек, лингвопоэтикалық талдау шығарманың тілдік тініне бойлап, мәтіннің барлық стилистикалық ерекшелігін ашудан тұрады. Алайда ол мұндай тілдік құралдар мен стилистикалық қолданыстарды зерттеумен ғана шектелсе, көркем шығарманың нағыз өнер туындысы ретіндегі қыры тасада қалуы мүмкін.

Сонымен, «лингвопоэтика» термині екі қарама-қарсы бағыттағы зерттеулерден тұрады: біріншісі, шығармадағы көркем қолданыстардың тақырыптық-стилистикалық табиғатын айқындау болса, екіншісі типологиялық лингвистикалық зерттеулер жүргізу.

Әдебиеттер

- 1 Шевченко Н.В. Основы лингвистики текста. – М., 2003. – 160 с.
- 2 Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – М., 1976. – 614 с.
- 3 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М, 1963. – 255 с.
- 4 Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л., 1977. – 407 с.

References

- 1 Шевченко Н.В. Основы лингвистики текста. – М., 2003. – 160 с.
- 2 Потебня А.А. Эстетика и поэтика. – М., 1976. – 614 с.
- 3 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М, 1963. – 255 с.
- 4 Жирмунский В.М. Теория литературы. Поэтика. Стилистика. – Л., 1977. – 407 с.

УДК 811.93

Д. Д. Шайбакова

д. ф. н. доцент Казахского национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: damina@ Rambler.ru

Формирование единой системы понятий и их обозначений в новую эру

Совокупность всех истинных мыслей есть образ мира (Л. Витгенштейн)

Современная интегративная лингвистика выходит на междисциплинарный уровень, ее предметом становится все, что сопровождает коммуникацию. Идеи, смыслы, их манифестация посредством языковых единиц – на первый взгляд, не вполне лингвистическое исследование. Но именно анализ смыслов и их фиксация в текстах дают картину развития языка/языков. В качестве основной идеи мы берем последовательное описание новой в истории человечества формации и новых реалий, их обозначение средствами языка. Новые технологии и их номинация влияют на формирование мировоззрения, восприятия. Они меняют способы общения, увеличивают возможности манипулирования сознанием. Происходит концептуальный сдвиг в отношении к предметному, рациональному, культурному и языковому разнообразию планеты. Мы проследим, как происходила номинация некоторых феноменов последних десятилетий.

Ключевые слова: доминирующие идеи, номинация инноваций, пространственные метафоры, актуальный словарь.

Д. Д. Шайбакова

Бірыңғай жүйеленген ұғымдар мен олардың мағынасының жаңа дәуірде қалыптасуы

Қазіргі интегративтік лингвистика пәнаралық деңгейге көтеріліп, қарым-қатынас пен байланысқа қатыстының барлығы – оның пәні болып табылуда. Идея, мағына, тілдік бірліктің көмегі арқылы олардың манифестациясы – бір қарағанда лингвистикалық зерттеуге келмейді. Бірақ дәл осы мағыналық талдау және олардың мәтін ішінде көрінуі тілдің / тілдердің даму көрінісін береді. Адамзат тарихындағы жаңа көзқарастар мен олардың жаңа реалийлерінің дәйекті сипаттамасын және олардың тілдік құралдар арқылы белгіленуін негізгі идея ретінде аламыз. Жаңа технологиялар мен олардың атауы дүниетаным мен қабылдаудың қалыптасуына әсер етеді. Олар тілдесу тәсілдерін өзгертіп, санаға айла-шарғы жасаудың мүмкіндіктерін көбейтеді. Жер-шарының пәндік, тұжырымдамалық, мәдени, тілдік алуан түрлілігіне қатысты тұжырымдалық ілгерілеулер орын алуда. Біз осы соңғы он жылдықта орын алған кейбір ерекше құбылыстардың қалай аталғанын қарастырамыз.

Түйін сөздер: басымдық идея, инновациялық атаулар, кеңістік метафоралары, маңызды сөздік.

D. D. Shaybakova

Formation of uniform system of concepts and their designations during a new era

The modern integrative linguistics opens on interdisciplinary level. Everything accompanying communication becomes its subject. Ideas, meanings, their demonstration by means of language tools are at first sight, not quite linguistic research. But the analysis of meanings and their fixing in texts give a picture of languages development. As the main idea we will take the consecutive description of a new formation in the history of mankind and new realities, their designation by language signs. New technologies and their nomination influence on formation of outlook and sense of reality. They change ways of communication, increase possibilities of a manipulation consciousness. There is a conceptual shift in the relation to a subject, rational, cultural and language diversity of a planet. We will track as there was a nomination of some phenomena of the last decades.

Key words: dominating ideas, the nomination of innovations, spatial metaphors, actual vocabulary.

Это удивительно, но еще в 1837 году Владимир Одоевский в незаконченном фантастическом романе «4338. Петербургские письма» предсказал появление виртуального общения и Интернета. В целях нашего рассмотрения интересно обратить внимание на наименования

созданных в воображении писателя предметов, указывающих на новые виды коммуникации, способы размножения и распространения информации, изменение человеческого сознания. В тексте романа есть описание такого феномена: «Обязанность издавать такой журнал раз в

неделю или ежедневно возлагается в каждом доме на столового дворецкого. Это делается очень просто: каждый раз, получив приказание от хозяев, он записывает все ему сказанное, потом в *камер-обскуру* снимает нужное число экземпляров и рассылает их по знакомым... Сверх того, для сношений в непредвиденном случае между знакомыми домами устроены *магнетические телеграфы*, посредством которых живущие на далеком расстоянии разговаривают друг с другом» [1]. Здесь гениальное предвидение фото- и видеосъемки, копировально-множительной техники, телефона, телеграфа, интернета. Для обозначения феноменов будущего использованы уже имеющиеся термины, а также изобретены авторские на основе латинских и греческих корней. Так, современные синтетические материалы в утопии Одоевского предсказаны как «эластическое стекло»: одежда, скатерть из эластического стекла; хрустальные крыши – сейчас строительное стекло. По современной словообразовательной модели построены его авторские слова и сочетания: «системы теплохранилищ» – сейчас это солнечные батареи; «гидрофон» – сейчас это цветомузыка современных фонтанов; слова, обозначающие транспортные средства, – аеролит, электроход, гальваностат – «воздушный шар, приводимый в действие гальванизмом»; «каждым гальваностатом управляет особый профессор; весьма тонкие многосложные снаряды показывают перемену в слоях воздуха и предупреждают направление ветра»; науку о гальваностатах, соответственно, В. Одоевский называет гальваностатикой.

Об авторитете знаний, науки, ценности информации – обо всем том, что отличает нашу информационную эпоху, – пишет удивительно точно: «...Настанет время, когда книги будут писаться *слогом телеграфических депешей*; из этого обычая будут исключены разве только таблицы, карты и некоторые тезисы на листочках. Типографии будут употребляться лишь для газет и для визитных карточек; переписка заменится электрическим разговором; проживут еще романы, и то не долго – их заменит театр, учебные книги заменятся публичными лекциями. Новому труженику науки будет предстоять труд немалый: поутру облетать (тогда вместо извозчиков будут аэростаты) с десятком лекций, прочесть до двадцати газет и столько же книжек, написать на лету десяток страниц и по-настоящему поспеть в театр; но главное дело будет: отучить ум от усталости, приучить

его переходить мгновенно от одного предмета к другому; изодрать его так, чтобы самая сложная операция была ему с первой минуты легкой; будет приискана математическая формула для того, чтобы в *огромной книге* нападать именно на ту страницу, которая нужна, и быстро расчислить, сколько затем страниц можно пропустить без изъятия» [1]. Огромная книга – это гипертекст, это все пространство интернета.

Гениальным прогнозом было и то, что новая техника изменит самого человека и социум: «аэростаты войдут во всеобщее употребление и *изменяют формы общественной жизни* в тысячу раз более, нежели паровые машины и железные дороги»; «замечательно и то, что аэростат, локомотивы, все роды машин, независимо от прямой пользы, ими приносимой в их осуществлении, *действуют на просвещение людей* самым своим происхождением, ибо, во 1-х, требуют от производителей и ремесленников приготовительных познаний, и, во 2-х, требуют такой гимнастики для разума, каковой вовсе не нужно для лопаты или лома» [1].

Итак, воображение писателя представило картину, которая материализовалась через полтора столетия. Пример романа В.Одоевского прекрасно иллюстрирует то, как инновационные идеи рождаются в мозгу конкретных людей, как в целом развитие цивилизации и культуры связано с деятельностью творческих личностей. Их называют гениями, талантами, сверхчеловеками, пассионариями. По определению английского социолога Арнольда Тойнби, они – «дрожжи в общем котле человечества» [2, 15]. Но сами гении могут и не отмечать своей уникальной роли в истории. М. Кастельс приводит следующий диалог:

"Вы думаете, я ученый, начитанный человек?"

"Конечно, - ответил Цзи-гонг. - А разве нет?"

"Совсем нет, - сказал Конфуций. - Я просто ухватил одну нить, которая связывает все остальное" [3, 27]. Между тем, философия конфуцианства утвердилась на многие века.

В современном стремительно изменяющемся мире доминирующие идеи быстро получают широкое распространение и так же быстро реализуются. Это черта информационной эпохи, отличающая ее от предшествующих. Концепция информационного общества формируется последовательно, в разных частях света и занимает доминантное положение в системе взглядов

на современный мир и их фиксации в языке. Рассмотрим их последовательно, акцентируя внимание на номинации инноваций.¹

Шығарма композициясы қосәлемемділік принципі бойынша құрылған. Повестің композициялық бітімінде уақыт ішіндегі уақытты бейнелеу арқылы қаламгер Шалдың бүгінгі пұшайман хәлі мен бұрынғы бақытты өмір тынысын жинақы қалыпта жарыстыра баяндайды. Шалдың өмірін күрт өзгерткен белгілі бір оқиғаның ойына оралуы санасының түкпірінде тығылып жатқан сан түрлі әсерлердің, ұғым-түсініктердің тууына түрткі болады. Ол жас кезіндегі қызықты, бақытты шақтарын еске ала отырып, тұңғыш ойға беріледі. Шығармада өткен мен қазіргі уақыт жымдасып, өткен күндер елесі кейіпкер жадында қайта жаңғырады.

Шығармада өмірдің өзінде өркен жайған мәңгілік трагедиялық қайшылықтарды бейнелеу тәсілі болған контраст поэтикасы үлкен көркемдік қызмет атқарады. Шалдың арманшыл да таза, бірақ әлеуметтік ортадан көп таяқ жеп, теперіш көрген сыршыл сезіміне Қожайынның атақ пен ақшаны барлығынан жоғары қоятын, жалғанды жалпағынан басып, адамгершілік заңдарынан да аттап кете алатын есебі қарсы қойылған. Екі кейіпкердің әлемі, екі дүниетаным параллель өрбиді. Қожайынның әлемі бүгінгі болып жатқан оқиғалармен өзектес болса, Шалдың оқиғасы өткен күндерді қозғайды.

Екі кейіпкердің әлемін суреттеудің өзіне сай лексикалық, стилистикалық бейнелеу құралдары бар. Қожайынға қатысты желіде қысқалық, нақтылық басым, бейнелілік аз. Шал «әлемінің», ой толғауының композициялық құрылымы, баяндау тәсілі кейіпкер өмірінің сезім қозғалысының интонациясын, динамикасын танытарлық сөйлем соңындағы леп белгілер... көп нүктелер, үзік-үзік ойдың желісі арқылы беріледі. Шал реалды болмыстан алшақ, оның өз әлемі бар. Ол қиялдың жетегімен өз «әлеміне» саяхат жасайды. Суретші сұлумен кездесетін сарайға кіргенде «ертегі әлеміне енгендей». Шалға қатысты желінің тілі де әсерлі, оқыс. Әсіресе, Т. Ахметжанның сөздік қорында мистикалық «сиқырлы» сөзі маңызды қызмет атқарады. Шын мәнінде, жазушы концепциясында өнер мен сұлулық ғажайып, сиқырлы күшке ие.

Шығармада Шалға контраст бейне – Қожайын. Шал қандай адал да таза, достық пен махаббатқа берік, сезімтал, материалдық байлықтан гөрі рухани бастауды жоғары қоятын, өмірге икемсіз адам болса, қожайын – соншалықты арам, залым, таза сезімдерден гөрі атақ пен даңқты, материалдық байлықты сүйетін, махаббатта тұрақтылығы жоқ тұрлаусыз адам. Шал да, оның ғашығы да көбінесе қалыптағы адамдардан өзгеше, ерекше, үлгілі кейіпкерлер қатарында екенін көреміз. Зерттеуші Ш. Елеуенов бүгінгі әдеби процесте махаббат тақырыбына жазылған романтикалық әуені басым шығармалардың бар екенін, оның ішінде «Сұлу мен суретшіні» «ішкі тартысы символистік зор мәнді әрекетпен аяқталатын» шығарма қатарында атай отырып, Шалдың романтикалық мінез ерекшелігі турасында былай дейді: «Талаптан туындысы адам жаны мен тәнінің екі ұдайылығын еске салады. Ұлы Абай айтқан «мен» және «менікі» арасындағы мәңгі қайшыластық заманына қарай не асқынады, не бәсеңсиді. Шал – романтиканың адамы. Қожайын секілді «боқтың қабы» емес. Рухани адам. Ал тиын-тебенді тәңірі еткен нарық заманында ондай идеал адамның қалыпты өмір сүруіне жол қайсы ... дегізеді» [1, 189].

Шығармада мистикалық «сиқырлы күй», әуен маңызды орын алады. Осы таңғажайып, мұнды күй Шалдың құлағынан «Жұмбақ келіншекті» салып жатқан кездері де сыңсып кетпей қояды. «Мынау тап сол күй... таныс әуен... Жүрек суырар сазды күй... Міне, көктен қырандай сорғалаған алапат күш жанын зіл батпан салмақпен жаншыды-ай. Өткір тырнақтың улы бізі қабырғасына қадалған сайын тынысы тарылып, жүрегі қапаса түскендей тыпыршыды-ай. Ең соңғы дем, ақтық дем... қазір қапаса жарық сәуле түспесе бәрі біткені... Қиналыс... аласұру... жанұшыра жарыққа талпыну... Үзілді-ау, әттең, үзілді-ау... жо-жоқ, тар қапаса нәзік бір сәуле түсті... бастыққан балапан көңіл қайтадан қанат қаға бастады; алып бүркіттің өткір тұяғы жазыла берді; ақ нұр бойға қуат дарытты; бебеулеген мұнды әуен салқын сабырға көшті де, екі күш таразы басында алма-кезек алмасып жеңіліс таба алмай тоқтады; біраз уақытқа дейін тербеліп тұрып аяқ астынан бөгетті бытшыт қылған селдің жойқын қуатындай тылсым күш қолтықтан демеп әкеткенде қыстыққан сырлы әуен қалықтап көкке бір-ақ шықты... Еркіндік... шексіздік... мәңгілік... мың құбылған кербез әуен қанатын сусылдата қаққан аққудай күнді айналып қалықтап барады... Күй әуенімен

қоса шалдың да жаны күнді айналып қалықтап бара жатқандай...» [2, 105].

Шығарма мәтіндегі әуезділік қайталаулар, сөздердің ерекше орын тәртібі мен эпитеттердің ерекше орналасуы, эллипсис арқылы жүзеге асқан. Үзіндідегі әуезділік терең мазмұндық мән жүктеген: оқырманның күнделікті көрінетін дүниелердің астарындағы тереңдікті, адам сезімдерінің әлеммен жасырын байланысын сезінуге меңзейді. Бұл «таңғажайып, мұңды күй» – Шалды еркіндікке, мәңгілікке әкететін, оның «жанының сонау шексіздікпен тылсым байланысы». Бұл күй оның жанын ғарышпен байланыстырады.

Қаһарман көңіл-күйінің романтикалық сипаттамасы өз семантикасында асқақтықты, жоғарғы экспрессия элементтерін құрайтын эмоционалдық бояуы мол лексикалық сөздерді іріктеу арқылы берілген: көк, қапас, сәуле, нұр, күй әуені, шексіздік, мәңгілік, жан және т.б.

Эпитеттер де экспрессивті мәнге ие: тылсым күш, жүрек суырар саз, балапан көңіл, қыстыққан сырлы әуен, нәзік сәуле, бебеулеген мұңды әуен, қанатын сусылдата қаққан аққудай кербез әуен және т.б. Жеке-авторлық эпитеттер экспрессивтілігімен, авторлық ойдың тереңдігімен ерекшеленеді. Эпитеттердің стилистикалық жүгі бар. Олар шығарманың идеялық нысанымен, оның философиялық мазмұнымен де тығыз байланысты. Эпитеттерге құмарлық Т. Ахметжан стиліне тән. Бұл қазақ прозасы тілінің айрықша белгісі. Жоғарыдағы бейнелеу тәсілдері ауыз әдебиетімен, фольклорлық дәстүрлермен де тығыз байланысты.

Мұнда қалыпты романтикалық метафоралар да кездеседі: қыстыққан сырлы әуен жүрегі қапасқа түскендей тыпыршыды-ай, көңіл қайтадан қанат қаға бастады. Сонымен қатар айрықша, қалыптан тыс антонимиялық ұғымдарға (зеңгір көк пен тар қапас, бастыққан балапан – алып бүркіт, т.б.), ерекше сөз тіркестері мен дыбыстық қайталауларға көңіл бөлінген. Зеңгір көк пен қапастың антиномиясы сан қырлы өмірдің мәңгілік бітіспес қарама-қайшылығын суггестивті аяда астармен бейнелеген.

Жазушының жиі қолданатын синтаксистік тәсілдерінің біріне -ай, -ау шылаулары жатады. Олар ерекше психологиялық көңіл-күй тудырады, әуезділік пен суреттеліп жатқан оқиғаларға автордың қатынасын танытып отырады. Лирикалық сарын кейіпкердің ішкі арпалысынан ғана емес, автордың кейіпкер тағдырына алаңдап отыруынан да байқалады. Үзіндідегі «жаншыды-ай», «тыпыршыды-ай», «үзілді-ау,

әттең, үзілді-ау» деген жолдарда автор өз кейіпкерлеріне ықыласын, оның іс-әрекетін сюжет шеңберінде ғана емес, өзінің субъективті көзқарасы арқылы көрсетіп отырады. Өйткені қаламгердің пайымдауында, Шал – қарапайым суретші болғанымен, көптің бірі емес, өз ортасынан «ерекше» жаны таза адам. Мұнда автор дауысындағы өз кейіпкеріне деген жанашырлығын аңғарамыз. Қаламгер өмір құбылыстарын өз жүрегінен өткізіп, оған қатынасын танытады.

Шылаулар сан алуан көңіл-күйлерді білдірудің бай мүмкіндіктеріне ие. Бұған оларды кез келген тілдік құрылымға енгізуге мүмкіндік беретін лексика-семантикалық және синтаксистік ерекшеліктері де септеседі. Жазушы өзінің шығармаларын монолог сияқты ғана емес, өз оқырманымен сенімді сұхбат ете де біледі. Осыдан келіп оқырманға қаратпа сөздер, сұрақтар, ескертпе, т.б. тәсілдермен қатар шылаулармен қатысты құрылымдарда да сөйлесу, сұхбаттасу белгілері көрінеді. Шылаулар мәтінді тірілтіп, поэтикалық қуат дарытады.

«Мынау тап сол күй... таныс әуен... Жүрек суырар сазды күй... Міне, көктен қырандай сорғалаған алапат күш жанын зіл батпан салмақпен жаншыды-ай» – деген сөйлемнің соңындағы -ай шылауы мұңды сезімді, автордың суретшіні аяу сезімін көрсетеді. Жеке интонация баяндауға белсене араласып, эмоционалдық ажар береді.

Повесте Шалдың күрделі тағдыры жазушыны ішкі монолог, толғаныс секілді әдеби тәсілдерге еріксіз жүгіндіреді. Монологтың драмалық кернеуі үлкен ойларға мегзейді. Авторлық баяндаудан біз болмысты Шалдың өмірге, өнерге, махаббатқа көзқарасы, дүниетанымы арқылы танымыз. Шал үшін маңыздысы – жұлделер алып, атағынды шығару емес, өзінің сүйетін ісімен айналысу, сурет салу. Қожайынның шартына сол себепті де амалсыз көнеді. Бірақ өнердің адам ақылына сыймас, тылсым, құдіретті күші бар. Дарындылық – Құдайдың сыйы. Оны қадірлеп, аялай алмасаң, киесі ұрады. Жан-жүрегімен салған қайталанбас таңғажайып туындыларының қожайынның қанжығасында кетуі суретшіні бейжай қалдыра алмайды. Тағдыр тәлкегіне түскен Шал өз еңбегін, таланты мен өнерін қожайынға сатуға мәжбүр болғаны үшін ар азабына түсіп, іштей қиналады. Махаббат та, өнер де саудаға түскен мына заманда суретшінің де тірлігі үшін туындысын біреуге бере салғаны оның жанына қатты батады. Әлемде авторы белгісіз таңғажайып өнер туындыларының бар екені туралы оймен өзін жұбатпақ

болады. Шалдың танымы бойынша өмір – аз күндік қызық, ал өнер – мәңгілік. Қорқыт ата аңызынан тамыр тартатын «өнер – мәңгілік» философиясы – «Сұлу мен суретші» шығармасының да алтын арқауы.

Шығарма шешімінде шалдың ажалының суреттен келуінің сыры бар. Суретшінің қазасы өзі салған «Қуғыншы» суретіндегі сойылдың соққысынан болады. Бұл суреттің символдық мәні бар. Ол оқиға өрісіне қарай сәл құбылып мәтінде бірнеше рет қайталанып беріледі: «...Көз алдына ақ шағи көрпесін қымтана бүркеніп, бұйығып жатқан Алтайдың қыземшек жоталары елестеді. Үкідей үлпілдеген ұлпа қардың үстінде соңына түскен қуғыншыдан құтылмаққа жандәрмен күш салып, бар айла-тәсілін сарп еткен алтайы қыр сұлуы құйғыта ұшып барады. Бірде оңға, бірде солға бір бұлт етіп, одан қалды жалт бұрылып, кері қашқанымен де жараят ат мінген қуғыншы қыр соңынан қалмай діңкелетіп, өкпесін өшіріп барып тура қара тұмсықтан ала темірдей қатты сойылмен сілтеп өткенде тұз тағысы екі бүктетіліп барып омақаса құлады. Қара тұмсықтан қып-қызыл қан дірдектеді... Әппақ қарға қып-қызыл қан тамды...Қып-қызыл қан...» [1, 117].

Т.Ахметжан синтаксистік параллелизмнің, стилистикалық қайталау сияқты түрін пайдаланады. Стилистикалық қайталау – қандай да бір стилистикалық тәсілді градуальды (мәтіннің арасы қашықтау бөліктеріндегі қайталау) жүзеге асыру. Егер симметриялық құрылымдар бір-бірінен әжептеуір қашықтықта бөлінген болса, мұндай параллелизмді әдебиеттануда архитектуралық деп атайды. Шығармада мағыналық жағынан аяқталған, ырғаққа бағынатын бөліктер пайда болады. Мұндай параллелизмдер мәтіннің жеке бөліктерінің арасында ассоциативті байланыс орнатып қана қоймай, авторлық бағалау модальдығының (қатынасының) тұрақтылығын айқын көрсетеді. Сол арқылы көркем шығарма тінінде кездейсоқ ешнәрсе болмайтынына көзімізді жетеді.

«Қуғыншы» суретінің шығарманың үш жерінде – басында, ортасында және соңында қайталануы сюжеттік баяндаумен тығыз байланысты. Бұл суреттің көркемдік қызметі маңызды. Ол сюжет түйінінің күрделі және шешуші тұсында баяндаудағы ширыққан сәтке эмоциялық ажар береді. Осы ретте «қып-қызыл қан» сөзіне айрықша акцент жасалатынын байқаймыз. Лейтмотив болған үзіндідегі күшейтпелі сын есімдер арқылы жасалған антитеза (қара тұмсық, қып-қызыл қан, әппақ қар), бірнеше

рет әдейі қайталанған «қып-қызыл қан» сөзі символдық, әрі эмоционалдық мән арқалаған.

Сол арқылы бір-біріне алыстау үш жерде қайталанған тұтастай үзінді шығармада ырғақ тудырады. Повестің экспозициясында осы суреттің «Ақжаймаға қып-қызыл қан тамды» деген сөйлеммен шығарманың шымылдығын ашуы болашақ жағдайдың трагедиялық, асқақтық табиғатын аңғартады.

«Сұлу мен суретші» повесінде экфрасисті көреміз. Көркем шығармада суреттің мазмұнын сөзбен суреттеу экфрасис деп аталады. Экфрасис – бейнелеу, кескіндеу өнерінің нысандарын әдебиетте сөзбен бейнелі етіп сипаттау, соның нәтижесінде образды бір семиотикалық жүйенің (кескін өнері) тілінен екіншісіне (әдебиетке) аудару жүзеге асады [3, 6].

Т. Ахметжан шығармаларына да поэтикалық әуезділік байқалады. Бірғақ тақырыпқа байланысты өзгеріп отырады. Қаһармандары мен автордың өзінің ой-толғаныстары, сезімдері күрделі синтаксистік құрылымдар арқылы беріледі. Ал күнделікті өмірдегі тез дамиды тұрмыстық оқиғаларды суреттеу үшін дербес жай сөйлемдерді қолданады. «Сұлу мен суретші» повесінде шалдың өмір, өнер, махаббат туралы толғаныстары басым болғандықтан, шығарма тілі де ырғақты, әуезді сипатымен, күрделі сөйлемдермен ерекшеленеді. «Нобель сыйлығында», керісінше, оқиға періштенің адамдардың іс-әрекеттерін сырттай бақылауға, бағалауға құрылғандықтан сөйлемдердің қарапайымдығы, құрылымның нақтылығы, фразалардың қысқалығы мен нақтылығы оқиғаны даму үстінде елестетіп, баяндауға үзік-үзік сипат берген.

Жазушы тілі бейнелеу құралдарына, эпитеттерге, метафораларға бай. Әрбір сөз шеберіне өзіне ғана тән теңеулер жүйесі мен оларды мәтінде өзіне ғана тән қолдану ерекшеліктері бар. Теңеулер, эпитеттер – жазушы поэтикасының өзіне тән элементтерінің бірі. Олар экспресивті мәнге ие. Қандай да бір дүниетанымнан туындай отырып, ассоциативті теңеулер мен тұрақты эпитеттерде қашанда автор тұлғасының қолтаңбасы болады. Өйткені суреттеу автор позициясы тұрғысынан жүзеге асады. Көркем шығармада бейнелеу құралы ре қолданылатын теңеулер модальдыққа ие, яғни суреттелетін дүниеге автордың қатынасын, позициясын танытады. Суретшінің картинасында немесе суретте ойдан басқа көңіл-күйдің берілетіні сияқты, кез келген тілдік образда да, соның ішінде теңеулерде де ой нысанының

сезімдері, көңіл-күйлері, «экспрессивті бағалау контекстегі экспрессиямен байланысты» беріледі [4, 13].

Жазушы композициялық баяндау формаларының көмегімен интуитивтік, иррационалды сана тәрізді күрделі күйлерді де бейнелеуге тырысады. Шалға өңі, я түсі екені белгісіз халде ғашығының Бойжеткеннің жиырма жыл бұрын өз махаббаттарынан туғанын, өздерінің қызы екенін хабарлап кетуі, Шалдың өз перзентін түйсік арқылы сезуі оны екіұшты күйге түсіреді. Қиял мен шындық арасындағы суретшінің өлімі де шығарманың жұмбақ сипатын қалыңдатқан. Т.Ахметжан символикалық нышандар арқылы өз шығармаларындағы нақтылы болмыс пен фантастикалық сарынды үйлестіре

біледі. Мысалы, «Нобель сыйлығы» повесінде періштенің жерге түсіп, адамдардың ар-ұятын, адамгершілік табиғатын сынақтан өткізуі, кейіннен адамдардың ағат тірлігінен қайтадан көкке қайта алмауы сияқты фантастикалық сарын мен қазіргі қоғамдағы ақшаға, саудаға негізделген қарым-қатынастар шындығы қатар өрілген.

Жазушы бүгінгі сауда заңына бағынған қоғамның рухани, адамгершілік көкейкесті мәселелерін жалпы адамзаттық деңгейге көтереді. Автордың айтатын ойының ауқымы глобалды, жаһандағы проблемалық мәселелерді көтереді. Т. Ахметжан адамзатты ежелден толғандырып келе жатқан, қазіргі уақытта да аса алаңдатып отырған мәселелерді түбегейлі шешуге тырысады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық жинақ. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 10 т. – 528 б.
- 2 Ахметжан Т. Мұң: хикаяттар мен әңгімелер жинағы. – Алматы: Қазақпарат, 2003. – 236 б.
- 3 Морозова Н.Г. Экфрасис в прозе русского романтизма: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.01. – Новосибирск, 2006. – 210 с.
- 4 Федоров А.Н. Семантическая основа образных средств языка. – Новосибирск: Наука, 1969. – 92 с.

References

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық жинақ. Тәуелсіздік кезеңі (1991-2001). – Алматы: Қазақпарат, 2006. – 10 т. – 528 б.
- 2 Ahmetzhan T. Mұң: hikayattar men әngimeler zhinaғы. – Алматы: Қазақпарат, 2003. – 236 б.
- 3 Morozova N.G. Ekfrasis v proze russkogo romantizma: dis. ... kand. filol. nauk: 10.01.01. – Novosibirsk, 2006. – 210 s.
- 4 Fedorov A.N. Semanticheskaya osnova obraznyh sredstv yazyka. – Novosibirsk: Nauka, 1969. – 92 s.

УДК 81'37; 003; 81'22

Г. А. Кажигалиева

к. ф. н. ст. преподаватель Казахского женского педагогического университета,
г. Алматы, Казахстан
e-mail: gilnaiman@mail.ru

Контрастность как средство выражения эмотивности русской поэзии

В статье рассматриваются особенности семантического контраста, при котором наблюдается соединение обычно не сочетаемых в обыденном сознании понятий, его эмоциональный потенциал, наиболее ярко проявляющийся в поэзии. На материале произведений русских поэтов-классиков анализируются разновидности семантического контраста: антитеза и оксюморон.

Определяется, что антонимия в художественном тексте приобретает необходимую экспрессивность и реализует авторские идеи, связанные с передачей эмоциональной тональности произведения. Эмоциональные лексемы, такие, как радость - горе, грусть - веселье, смеяться - плакать и др., не только передают чувства героев, смену противоположных эмоций, контрастное мировосприятие героев, но и глубину их переживаний. Отмечается, что наряду с противопоставлением эмоциональных лексем (эмотивов-номинативов) в поэзии наблюдается и символический, образный контраст (эмотивы-коннотативы).

Одним из наиболее распространенных приемов выражения поэтической эмотивности является цветовой и световой контраст. Противопоставления *свет/тьма, черное/белое* – часто используемые контрасты, в силу своей выразительности и ярко обозначенной эмоциональности.

Ключевые слова: контраст, эмоциональность, антитеза, эмоциональная лексема.

Г. А. Қажығалиева

Контрасттілік орыс поэзиясындағы көңіл күй, сезім бояуын жеткізу

Мақалада қарапайым сана үшін үйлеспейтін түсініктерді біріктіретін семантикалық контраст ерекшеліктері, оның поэзиядағы жарқын көрінісінің эмоционалдық күші қарастырылады.

Көркем мәтіндегі антиномия қажетті экспрессивтілікті туындата отырып, шығарманың эмоционалдық ерекшелігімен байланысты автор идеясын дамытады.

Қуаныш/қайғы, мұңаю/көңілдену, күлу/жылау және т.б. эмоционалдық лексемалар шығарма кейіпкерлері көңіл-күйін білдіріп қана қоймай, сонымен қатар мағынасы қарама-қарсы эмоциялардың ауысып, кейіпкерлер дүние танымындағы контрасттілік көзқарас және көңіл-күй қалпының тереңдігін көрсетеді.

Эмоционалдық лексемаларды (эмотивтер-номинативтер) қарама-қарсы қойып қарастырумен қатар поэзияда символикалық бейнелі контраст (эмотивтер-коннотативтер) байқалатындығы атап өтіледі.

Поэтикалық көңіл-күйді білдірудің кең таралған тәсілдерінің бірі түс пен жарықты берудің контрасттілігі. Жарық/түнек, ақ/қара секілді қарама-қарсы қойып қарау, эмоцияны айқын және мәнерлі көрсетуге лайықты көркемділікке ие болуына байланысты жиі қолданылатын контраст болып табылады.

Түйін сөздер: контрасттілік, эмоционалдылық, антитеза, көңіл-күй лексемасы.

G. A. Kazhigalieva

Contrast as a means of expressing Russian emotive poetry

The peculiarities of the semantic contrast, wherein the compound is typically observed to be combined in ordinary consciousness concepts, its emotional potential, most clearly manifested in the poetry. On the material of Russian classical poets analyzed species semantic contrast: the antithesis and oxymoron.

Determined that the antonym in a literary text becomes necessary expressiveness and implements the author's ideas related to the transfer of emotional tone of the work. Emotional tokens, such as joy - grief, sadness - fun, laugh - and cry not only convey feelings of the characters, change opposite emotions, worldview contrasting characters, but the depth of their feelings.

It is noted that along with contrasting emotional tokens observed in poetry and symbolic, figurative contrast.

One of the most common methods of poetic expression is emotive color and light contrast. The juxtaposition of light / dark, black / white contrasts are often used, due to its expressiveness and brightly marked emotion.

Key words: contrast, emotion, antithesis, emotional token.

Поэтическое творчество представляет собой широкий и своеобразный спектр реализации эмоционального потенциала языковых средств. Эмотивность поэзии основывается не только на эмоциональной лексике, но и на других возможностях художественного текста. К ним можно отнести контрастность. В научной литературе термином «контраст», как правило, обозначают «все виды противоположных понятий, получивших отражение в художественном тексте» [1, 128]. Другое толкование: резкое различие, противоположность [2, 156]. По определению Т.В. Андреевой контраст - один из важнейших принципов выдвижения значимой информации. Он фокусирует внимание читателей на определенных моментах сообщения, подчеркивая их противоречивость и несовместимость [3, 147].

В научной литературе выделяют различные типы контраста: 1) семантический контраст, при котором наблюдается соединение далеких, обычно не сочетаемых в обыденном сознании понятий; на лексическом уровне своеобразным его проявлением выступает оксюморон; 2) стилистический контраст, представляющий собою сочетание в тексте разностилевых элементов; служит приемом создания в речи образных, метафоричных выражений; 3) ритмико-синтаксический контраст, при котором наблюдается последовательно проведенное через текст резкое столкновение ритма и синтаксиса; 4) композиционный контраст, заключающийся в чередовании в тексте отрезков с разной метрической структурой, отрезков стиха и прозы [4, 13-14].

Наиболее выразительны и эмоциональны разновидности семантического контраста: антитеза и оксюморон.

Антонимия в художественном тексте приобретает необходимую экспрессивность и реализует авторские идеи, связанные с передачей эмоциональной тональности произведения.

Так, на контрастах с противоположным символическим и эмоциональным значением строится стихотворение М. Цветаевой «Белогвардейцы! Гордиев узел»:

Белогвардейцы! Гордиев узел
Доблести русской!
Белогвардейцы! Белые грузды
Песенки русской!
Белогвардейцы! Белые звезды!
С неба не выскрести!
Белогвардейцы! Черные гвозди
В ребра Антихристу!

Антонимия используется для создания образа белогвардейцев и выражения идеи и эмоциональной тональности произведения. Противопоставление в стихотворении Цветаевой отражают как историко-национально-культурное, так и личностное, авторское. Белое и черное символизируют добро и зло, честь и бесчестье.

Цветовой контраст является одним из наиболее распространенных приемов выражения поэтической эмотивности.

О, указанный выше светлый
Покой-чародей!
Очарование смелым
Сделай границ *белых*
Своих лебедей
Черного лебедя - белым! (Н. Рубцов).
Мало прошло по земле справедливых баталий:
В *черной* стада - лишь несколько *белых* овец! (Н. Матвеева)
Не плечи морей водами
Своими *черными* крылами
При блеске *розовой* зари (А. Майков).
Черный вечер.
Белый снег (А. Блок).

В поэзии С. Есенина контраст строится, как правило, на противопоставлении эмоциональных лексем: *грустная радость, плачет и смеется*.

1) Над окошком месяц. Под окошком ветер.
Облетевший тополь серебрист и светел.
Дальний плач тальянки, голос одинокий -
И такой родимый, и такой далекий.
Плачет и смеется песня лиховая.
Где ты, моя липа? Липа вековая?
Я и сам когда-то в праздник спозаранку
Выходил к любимой, развернув тальянку.
А теперь я милой ничего не значу.
Под чужую песню и *смеюсь и плачу*
2) Кого позвать мне?
С кем мне поделиться
Той *грустной радостью*,
Что я остался жив?
3) Звени, звени, золотая Русь,
Волнуйся, неумный ветер!
Блажен,- кто *радостью* отметил
Твою пастушескую *грусть*.

Эмоциональность антитез и оксюморонов наблюдается в произведениях и других классиков русской литературы:

1) Все очнется в памяти невольно.
Отзовется в сердце и в крови.
Станет как-то *радостно и больно*.
Будто кто-то шепчет о любви (Н.Рубцов).
2) Люблю я *пышное* природы *увяданье* (А.Пушкин).

3) Без вас хочу сказать вам много,
 При вас я слушать вас хочу;
 Но молча вы глядите строго,
 И я в смущении молчу.
 Что ж делать?.. Речью неискусной
 Занять ваш ум мне не дано...
 Все это было бы *смешно*,
 Когда бы не было так *грустно*... (М. Лермонтов)

4) Смотри, ей *весело грустить*,
 Такой нарядно обнаженной (А. Ахматова).

5) Бывают дни: я *ненавижу*
 Свою отчизну - мать свою.
 Бывают дни: ее *нет ближе*,
 Всем существом ее пою (И. Северянин).

6) Я *выдумал* ее — и всё ж она *виденье*,
 Я не люблю ее — и мне она *близка*,
 Недоумелая, мое недоуменье,
 Всегда *веселая*, она моя *тоска* (И. Анненский).

Оксюмороны и антитезы позволяют усилить эмоциональность художественной речи, раскрыть единство противоположностей, полнее и выразительнее передать сложность испытываемых автором чувств.

Антонимы, представляющие эмоциональную лексику, позволяют передать эмоциональное состояние героев. Так, А. Ахматова, используя антонимы *радость - горе, грусть - веселье, смеяться - плакать* и др., не только передает чувства героев, смену противоположных эмоций, контрастное мировосприятие героев, но и глубину их переживаний.

1) Как белый камень в глубине колодца,
 Лежит во мне одно воспоминанье.
 Я не могу и не хочу бороться:
 Оно - *веселье* и оно - *страданье*.
 2) И сердце то уже не отзовется
 На голос мой, *ликуя и скорбя*.
 Все кончено... И песнь моя несется
 В пустую ночь, где больше нет тебя.

Наряду с противопоставлением эмоциональных лексем (эмотивов-номинативов) в поэзии наблюдается и символический, образный контраст (эмотивы-коннотативы).

На подобном образно-эмоциональном противопоставлении строится стихотворение И. Северянина «Бывают дни: я ненавижу...»

Бывают дни: я ненавижу
 Свою отчизну - мать свою.
 Бывают дни: ее нет ближе,
 Всем существом ее пою.
 Все, все в ней противоречиво,
 Двулико, двоедушно в ней,
 И дева, верящая в диво
 Надземное,- всего земней.
 Как снег - миндаль. Миндальны зимы.

Гармошка - и колокола.
 Дни дымчатые. Прозрачны дымы.
 И вороны,- и сокола.
 Слом Иверской часовни. Китеж.
 И ругань - мать, и ласка - мать...
 А вы-то тщитесь, вы хотите
 Ширококрайнюю объять!
 Я - русский сам, и что я знаю?
 Я падаю. Я в небо рвусь.
 Я сам себя не понимаю,
 А сам я - вылитая Русь!

Любовь и ненависть – антиномия этих чувств звучит как рефрен и позволяет понять идейно-тематическое содержание произведения.

Образный контраст представлен почти в каждой строфе, противопоставлены идейно и эмоционально следующие образы:

Гармошка - и колокола;
 И вороны,- и сокола;
 И ругань - мать, и ласка – мать;
 Я падаю. Я в небо рвусь.

Суть же своеобразного образно-эмоционального противопоставления раскрывается в последних строках:

Я сам себя не понимаю,
 А сам я - вылитая Русь!

Выразителен и эмоционален образный контраст и в стихотворении К. Бальмонта «Беатриче».

Я полюбил тебя, лишь увидал впервые.
 Я помню, шел кругом *ничтожный разговор*,
 Молчала только ты, и *речи огневые*,
Безмолвные слова мне посылал твой *взор*.
 За днями гасли дни. Уж год прошел с тех пор.
 И снова шлет весна лучи свои живые,
 Цветы одели вновь причудливый убор.
 А я? Я все люблю, как прежде, как впервые.
 И ты по-прежнему безмолвна и грустна,
 Лишь *взор* твой *искрится и говорит* порою.
 Не так ли иногда владычица-луна
 Свой лучезарный лик скрывает за горою,-
 Но и за гранью скал, склонив свое чело,
 Из тесной *темноты* она *горит светло*.

В данном произведении противопоставлены *ничтожный разговор и говорящий взор (безмолвные слова, молчание, грусть и «речи огневые» взора)*:

- Молчала только ты, и речи огневые,
 Безмолвные слова мне посылал твой взор.
 - И ты по-прежнему безмолвна и грустна,
 Лишь взор твой искрится и говорит порою.

Дополняется данное яркое противопоставление еще одним: *тьма/ свет*:

Не так ли иногда *владычица-луна*
Свой лучезарный лик скрывает за горою,-
Но и за гранью скал, склонив свое чело,
Из тесной *темноты* она *горит светло*.

Таким образом, контраст пронизывает все произведение.

Именно свет (огонь) оказывается ключевым эмоциональным образом, который представлен следующими метафорами: речи *огневые*, взор *искрится*, *луна*, *лучезарный лик*, *горит светло*.

Эмоционально-образная лексика произведения Бальмонта определяется его сюжетно-тематическим содержанием и замыслом автора.

Через эмоциональный контраст света и тьмы раскрывается идейно-тематическое содержание стихотворения И. Анненского «Среди миров».

Среди миров, в мерцании *светил*
Одной *звезды* я повторяю имя.
Не потому, что б я ее любил,
А потому, что мне *темно* с другими.
И если мне сомненье тяжело,
Я у нее одной ищу ответа,
Не потому, что от нее *светло*,
А потому, что с ней не надо *света*.

Светило, *звезда*, *свет* символизируют и эмоционально ярко представляют мир прекрасного, мир добра, с которым контрастирует мир тьмы (*темно*).

Противопоставление *свет* /*тьма* – часто используемый контраст, в силу своей выразительности и ярко обозначенной эмоциональности:

О, *черная гора*,
Затмившая весь *свет!* (М. Цветаева)

В глазах *темно*,
И сердце как Кистень,
Но все равно
Светлеет новый день (М. Дудин)

И часто тайное сомненье
Темнело светлые черты (М. Лермонтов)

Создать соответствующую эмоциональную тональность помогают не только антонимы, являющиеся эмотивами-номинативами или эмотивами-коннотативами (символическими, образными, контекстуальными), но и антонимы с другой семантикой. Взаимодействуя друг с другом и с контекстом, они способствуют созданию ярких лирических образов, например:

И все трепетало и пело вокруг,
И я не узнала - ты *враг* или *друг*,
Зима это или *лето* (А. Ахматова).

Таким образом, базой для создания контраста служат, в первую очередь, антонимы, которые обретают в художественном тексте необходимую экспрессивность и эмоциональность. Семантический контраст, основанный на противопоставлении эмотивов-номинативов и эмотивов-коннотативов, позволяет воздействовать на читателя, способствует реализации авторских идей, связанных с раскрытием чувств героев, их характера, и созданием соответствующей эмоционально-образной картины художественного произведения.

Литература

- 1 Аврасин В.М. Контраст в тексте: сущность и основы типологии // Структура языкового сознания. – М., 1990. – С. 128-138.
- 2 Литературный энциклопедический словарь. – М., 1987.
- 3 Андреева Г.В. Актуализация категории противоположности в художественном тексте // Языковая картина мира. – Кемерово, 1995.
- 4 Ковтунова И.И. Некоторые направления эволюции поэтического языка в XX веке // Очерки истории языка русской поэзии. – М., 1990. – С. 10-15.

References

- 1 Avrasin V.M. Kontrast v tekste: suschnost' i osnovy tipologii // Struktura yazykovogo soznaniya. – M., 1990. – S. 128-138.
- 2 Literaturnyj entsiklopedicheskiy slovar'. – M., 1987.
- 3 Andreeva G.V. Aktualizatsiya kategorii protivopozlozhnosti v hudozhestvennom tekste // Yazykovaya kartina mira. – Kemerovo, 1995.
- 4 Kovtunova I.I. Nekotorye napravleniya evolyutsii poeticheskogo yazyka v XX veke // Ocherki istorii yazyka russkoy poezii. – M., 1990. – S. 10-15.

АУДАРМА ТЕОРИЯСЫ ТЕОРИЯ ПЕРЕВОДА

ӘОЖ 82.03;82:81'38

Е. С. Адаева

Назарбаев университетінің оқытушысы, ф. ғ. к., Астана қ., Қазақстан
e-mail: ermek_ali@mail.ru

Аударма үдерісіндегі трансформалау типтері

Бір тілдегі мәтіннің екінші тіл мәтініне аудару тәсілдерінің бірі трансформация болып табылады. Аударматануда аударма өзгертулері (трансформациясы) типтерінің бірнеше жіктеулері бар екендігі белгілі. Әрине, олардың барлығы тым шартты, трансформацияның түрлі типтерінің арасында катал кедергі жоқ. Кейбір трансформацияларды түрлі типтерге жатқызуға болады. Бүгінгі таңда қазақ аударматануында трансформациялық операциялардың типологиясы түпкілікті зерттелмеген. Сондықтан бұл мақалада аталған мәселенің өзекті аспектілері қарастырылады. Жалпы, аударманың нәтижелі болуы аудармашының аялық біліміне, контексті түйсінуі мен шығармашылық талантына байланысты екені даусыз.

Түйін сөздер: трансформация, аударма өзгерістері, эквиваленттілік, тіларалық асимметрия, ауыстыру, аялық білім, стильдік ерекшелік, қосу.

Е. С. Адаева

Типы трансформации в процессе перевода

Одним из способов передачи слов с одного языка на другой является трансформация. В переводоведении существуют различные виды классификации типов трансформации. Конечно, многие из этих классификаций определяются условно, и между ними нет строгих ограничений. Некоторые виды трансформации являются общими для всех типов. На сегодняшний день в казахском переводоведении типология трансформационных операций недостаточно изучена, и поэтому в своей статье мы пытаемся рассмотреть актуальные аспекты данного вопроса. Несомненно, качественный полноценный перевод зависит от профессиональных навыков, мастерства, фоновых знаний переводчика и осознания контекста.

Ключевые слова: трансформация, изменения в переводе, эквивалентность, межъязыковая асимметрия,

E. S. Adayeva

Types of transformation in the process of translation

Transformation is one of means to transform words from one language into another. The science of translation is rich with its various kinds of transformation types. However, most of the types are determined with no limitation between them. Some types of transformation are general for all of the rest. Nowadays the typology of transformational operation has not enough studied in the science of Kazakh translation. So we attempted to examine actual aspects of the issue. Obviously, qualitative sterling translation depends upon professional skills, mastery and background knowledge.

Key words: transformation, changes in the translation, equivalence, interlinguistic asymmetry, transposition, background knowledge, stylistic peculiarities.

Аударма теориясында мәтіннің аудармадағы өзгерісі әр түрлі мәнге ие болады. Оның кейбіреулері аударма үдерісіндегі түрлі теориялық сипаттамаларымен толығымен сәйкес келеді. ал кейбірі операцияның мәнін сақтау

кезінде атын өзгертеді. Аудармадағы мәтіннің өзгеруін *трансформация* терминімен жиі атайды. XX ғ. 50 жылдары атақты ғалым З.Харрис күрделі синтаксистік құрылымдар талдауының трансформациялық әдісінің негізгі принципте-

рін тұжырымдаған. Аталған термин осы негізде трансформациялық грамматикадан аударма теориясына енген.

Отандық аударматануда *трансформация* термині көптеген авторларда кездеседі. Бірақ оның қолданылуы аударма үдерісін сипаттаған кезде бірдей емес. *Трансформация* терминін дәйекті түрде Я.И. Рецкер, Л.С. Бархударов, А.Д. Швейцер және т.б. көптеген аударматанушы-ғалымдар қолданады.

Олар трансформация терминіне келтірілген анықтамаларда аударма үдерісін аударма операцияларының жиынтығы ретінде анықтай отырып, сол операцияларды «аударма трансформациялары» деп атаған. Бұл атау аударма теориясына арналған көптеген еңбектерде *аударма өзгерістері* терминімен қатар қолданылады. Нақтырақ айтқанда, *аударма трансформациясы (аударма өзгерісі)* аудармадағы бастапқы мәтіннің түрлі элементтерінің өзгеру операциясын білдіреді. Трансформация (трансформациялық ережелер, операциялар, тәртіптер) ұғымы генеративтік грамматикадан аударма теориясына енген бастапқы кезде трансформациялық ережелердің бес типін ажыратқан: пермутация (компоненттердің өзара алмасуы), түсіру (компоненттерді өшіру, кетіру, қысқарту), қосу, ауыстыру (компоненттердің орнын өзгерту), субституция (компоненттерді алмастыру). Негізінде компоненттердің өзара алмасуы олардың айтылымдағы өзара орын ауыстыруы болып табылатындықтан, пермутацияны ауыстырудың жеке жағдайы ретінде қарастыруға болады. Сондықтан аударма теориясында трансформацияның төрт бөлікті типологиясы қалды: қосу, түсіру, орын ауыстыру және алмастыру.

Аударма трансформациясы мағынасын кейбір ғалымдар *тіларалық ассиметрия* терминімен бекітіп, тек аудармашылық трансформациялық іс-әрекеттерді ғана *трансформациялық операциялар* деп атауды ұсынады.

Белгілі ғалым Л.С. Бархударов трансформация терминіне сүйене отырып өзінің аударма концепциясын құрады. «Лингвистикалық аударма теориясының пәні аударма үдерісін тіларалық *трансформация* ретінде ғылыми сипаттау болып табылады», - деп жазады зерттеуші [1, 116]. Аударма теориясында трансформация термині тек тілдің жалпы синхронды сипаттамасында ғана қолданыла алатындығын ескертіп кетеді.

Л.С.Бархударов «аударма үдерісінде жүзеге асатын барлық өзгертулер немесе трансфор-

мациялардың түрлерін төрт қарапайым типке апаруға болады деп есептеді. Олар: 1) ауыстыру; 2) алмастыру; 3) қосу; 4) түсіру. Ауыстыруды ол «аударма мәтіндегі тілдік элементтердің орнын (орналасу ретін) түпнұсқа мәтінмен салыстырғанда өзгерту» деп анықтады. Ауыстырылуы мүмкін элементтерге ол мәтіндегі сөздер, сөз тіркестері, күрделі сөйлемдердің бөлшектері (clauses) және жеке сөйлемдерді жатқызды. Зерттеуші аударма трансформацияларының ішіндегі ең жиі кездесетін түрі – алмастыруларды, тіл деңгейлерінің айырмашылығын негізге ала отырып, грамматикалық және лексикалық деп бөледі. Грамматикалық алмастырулар тобының ішінен ол сөз пішінінің, сөз таптарының, сөйлем мүшелерінің, күрделі сөйлемдегі синтаксистік ауыстыруларды ажыратады. Лексикалық алмастыру ретінде ол нақтылау, жалпылау және себеп-салдар қатынасына негізделген ауыстыруды қарастырады.

Аудармаға қосудың қажеттілігін тудыратын себептердің бірі ретінде Л.С.Бархударов түпнұсқа тіліндегі сөз тіркестерінің семантикалық компоненттерінің айқындалмауын, сөйлем құрылымын синтаксистік қайта құру кезінде қосымша компоненттерді қосу керектігі, сондай-ақ түпнұсқа тіліндегі грамматикалық құралдармен берілген мағыналарды лексикалық құралдармен жеткізу қажеттілігін айтады. Семантикалық тұрғыдан артық элементтерді алып тастау – түсіру болып табылады. «Негізінде трансформациялардың барлығы бір уақытта, бір-бірімен үйлесімділікте орындалады. Яғни, орын ауыстыру алмастыруға, грамматикалық өзгеріс лексикалыққа ұласады. Трансформацияның дәл осындай күрделі әрі кешенді сипаты аударманы қиын әрі күрделі етеді» [1, 173] – деп тұжырымдайды Л.С. Бархударов.

Л.С.Бархударов теориясында аудармашылық трансформациялар аудармалық тәсілдермен үндеседі. Ғалым осылайша ауыстыруды аудармашылық трансформацияның ең тараған әрі көп қырлы түрі екенін анықтаса, ал нақтылауды лексикалық ауыстырудың бір типі ретінде қарастыра отырып, оны тәсіл деп те атайды.

Белгілі аударматанушы З.Д.Львовская Бархударовтың ізімен аудармашылық трансформациялардың барлығын «эквивалентті өзгертулер» деп атай отырып, оларды жоғарыдағы төрт қарапайым типке апарып қосады. Алайда, аудармашылық ауыстыруларды түрлерге басқаша жіктейді: а) ортақ типтің ауысуы, б) сөйлем мағынасының ауысуы, в) бір сөйлемді екі

немесе бірнеше сөйлемге ауыстыру, г) нақтылау т.б. [2, 123]. Бұндай типология кез-келген классификацияға қажет нақты ортақ логикалық негіз қарастырылмағандықтан да шашыраңқы көрінеді.

Аударма трансформациясының типологиясын құрудың басқа да жолдары бар. Мәселен, В.Н. Комиссаров «өзгеру сипатына қарай аударма трансформациясы лексикалық, грамматикалық және лексика-грамматикалық деп бөлінеді деп жорамалдайды» [3, 375], яғни, тілдік жүйенің деңгейлерінің ажыратылуы негіз ретінде қабылданады. Лексикалық трансформация «түпнұсқа мен аудармадағы сөздер мен сөз тіркестерінің арасындағы формалық және мазмұндық қатынастарды сипаттайды». Комиссаров лексикалық трансформациялар тобын өз ішінен формалық өзгертулер мен лексика-семантикалық ауыстырулар деп бөле отырып, трансформация/транслитерация және калькалаудың біріншісіне жататынын жазады. Ал, лексика-семантикалық ауыстыруларға нақтылау, жалпылау және модуляция (мағыналық даму) жатады. Зерттеуші сөзбе-сөз аударма, сөйлемнің бөлшектенуі, сөйлемдердің бірігуін және грамматикалық ауыстыруларды грамматикалық трансформацияның жиі кездесетін түрі ретінде қарастырады. Зерттеуші лексикасы да, түпнұсқаның синтаксистік құрылымдары да өзгертін аударма трансформациясын ерекше топ деп атайды. Лексика-грамматикалық трансформацияның кең тараған түрлеріне антонимиялық аударма, сипаттама аударма және компенсация тәсілдерін кіргізеді.

Аударматанушы Я.И. Рецкер барлық трансформациялар типологиясын тілдік жүйелер деңгейіне негіздей отырып, лексикалық және грамматикалық деп бөледі. Ол лексикалық трансформацияны контекстегі бөтен тілдегі сөздің мағынасын ашатын логикалық ойлаудың тәсілдері деп анықтады. Я.И. Рецкер лексикалық трансформациялардың ішінен жеті ерекшелікті көрсетеді:

1. мағыналардың дифференциациясы;
2. мағыналардың конкретизациясы;
3. мағына генерализациясы;
4. мағыналық даму;
5. антонимдік аударма;
6. толығымен өзгерту;
7. аудармадағы компенсация.

Зерттеуші: «Грамматикалық трансформациялар АТ нормаларына сәйкес аударма үдерісіндегі сөйлемнің құрылымының өзгеруі болып табылады. Трансформация сөйлем құры-

лымы толығымен немесе жартылай өзгеруіне байланысты толық немесе жартылай болуы мүмкін. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері алмастырылса, толық трансформация, ал тек тұрлаусыз мүшелері алмастырылса – жартылай болады. Сөйлем мүшелерінен басқа, сөз таптары да ауыстырыла алады», – деп қорытындылайды [4, 39].

А.Д.Швейцер аударма ғылымы туралы алғашқы терминдер тізімін жасай отырып, аударма әдістері мен трансформация тәсілдерін ажыратады. Оның концепциясында аударма әдістері аударма тәжірибесіне жатады, ал әдістердің негізін құрайтын трансформация көбіне аударманың теоретикалық моделінің элементтері болып табылады. Ол трансформацияны семантикалық және синтаксистік (грамматикалық) деп бөледі. Семантикалық трансформацияларды ол «ситуативті модельмен сипатталатын жеке сөздер мен айтылымдардың мағыналық құрылымының жалпы өзгертілуі» деп, ал синтаксистіктерді «айтылымның грамматикалық құрылымының өзгертілуі» деп анықтайды [5, 274]. А.Д. Швейцер семантикалық трансформацияларға:

- векторлық алмастыру;
- семантикалық компоненттерді қосу;
- семантикалық категорияларды алмастыру;
- семантикалық компоненттерді түсіру;
- тасымал;
- семантикалық компоненттерді бөлу;
- семантикалық компоненттердің қайталануы;
- кеңейту;
- жылжыту;
- семантикалық компоненттерді қысқарту;
- тарылту – т.б. жатқызады.

Оның теориясында синтаксистік трансформациялар айтарлықтай орын алмайды. Ал, антонимдік аударма, жалпылау, нақтылауды А.Д. Швейцер аударма әдістері деп көрсетеді.

Ал ғалымдар Ж.П.Вине мен Ж.Дарбельне ең алдымен аударманың тікелей және жанама деп аталатын екі бағытын ерекшелеп айтады. Тікелей аудармаға олар *кірме* (транскрипция немесе транслитерация секілді), *калькалау*, *сөзбе-сөз аударманы* жатқызады. Жанама аудармаға – *модуляция*, *адаптация*, *эквиваленция* және *транспозиция*. Бірақ, олар оқырманға аударма терминдерінің глоссарийін бергенде, бұл тізімге алғашқы төртеуінің нұсқалары болатын басқа да әдістерді қосып береді. Атап айтсақ: *амплификация*, *шассе-круазе*, *компенсация*, *қыс-*

қарту, эксплицитация, жалпылау, грамматикалау, имплицитация және партикуляризация (нақтылау).

Сонымен аударма өзгертулері (трансформациясы) типтерінің бірнеше жіктеулері бар екендігіне көз жеткіздік. Әрине, олардың барлығы тым шартты, трансформацияның түрлі типтерінің арасында қатал кедергі жоқ. Кейбір трансформацияларды түрлі типтерге жатқызуға болады. Бірақ бұл ерекшелік қағидаларды түсіну мен оны тәжірибеде қолдануда соншалықты маңызды емес. Сонымен, біздер аударма үдерісін бір тілдегі мәтінінің екінші тіл мәтініне трансформациясы екенін анықтадық. Аударма кезінде әрқашан бірі екіншісіне тәуелсіз жасалатын - бастапқы, ал екіншісі біріншісінің негізінде анықталған операциялар – тіларалық трансформациялар арқылы жасалатын екі мәтін болады. Өзгерту операциясы кезінде бастапқы болып қарастырылатын БТ(бастапқы тіл) бірліктері сипатына қатысты аударма трансформациялары лексикалық және грамматикалық болып бөлінеді. Сондай-ақ, кешенді лексика-грамматикалық трансформациялар бар.

Контекстегі өзге тілді сөздің мағынасын ашатын және оған сөздіктегілермен сәйкес келмейтін баламасын табатын сөздерді *лексикалық трансформациялар* деп атау қабылданған

Аударма үдерісінде БТ және АТ(аударылатын тіл) қатысуымен қолданатын *лексикалық трансформациялардың басты түрлері*: аударма транскрипциясы мен транслитерациясы, калькалау мен лексико-семантикалық ауыстырулар (нақтылау, жалпылау, модуляциялау). Көп таралған грамматикалық трансформацияларға: синтаксистік ұқсастық (сөзбе-сөз аударма), сөйлемнің бөлшектенуі, сөйлемдердің бірігуі, грамматикалық ауысулар (сөз, сөз таптары немесе сөйлем мүшелерінің формалары). *Кешенді лексико-грамматикалық* трансформацияларға антонимдік аударма, экспликация (бейнелеу аударма) және компенсация жатады.

Транскрипция және транслитерация – бұл түпнұсқаның лексикалық бірліктерінің қалпын АТ әріптері көмегімен құрудың әдістері. Транскрипция кезінде шет тіл сөзінің дыбыстық қалпы, ал транслитерация кезінде графикалық қалпы (әріптік құрам) жаңғырады. Қазіргі аударма тәжірибесінде жетекші тәсіл транслитерацияның кейбір элементтерінің сақталуымен жүретін транскрипция болып табылады. Тілдің фонетикалық және графикалық жүйелері бір бірінен ерекшеленетіндіктен, БТ сөз формасының аударма тіліне берілуі біршама шартты

және ұқсас: kleptocracy-клептократия (ұрлық элитасы), skateboarding-скейтбординг (роликті тақтада сырғанай). Тілдің әрбір жұбына БТ сөзінің дыбыстық құрамының берілу ережелері шығарылады, транслитерация элементтерінің сақталуы мен осы уақытта қабылданған ережелер ішінен дәстүрлі шектеулер көрсетіледі.

Ағылшын-орыс аудармаларында транскрипция кезінде жиі кездесетін транслитерация элементтеріне: кейбір айтылмайтын дауыссыздар мен редуцияланған дауыстылар (Campbell [ˈkæmbel] - Кэмпбелл және т.б.), қос дауыссыздардың дауыстылар арасында және сөз соңында дауыстыдан кейін берілуі (Bonners Ferry - Боннерс Ферри, boss – босс) және белгілі үлгілерге аудармада сөздің дыбысталуын жақындатуға мүмкіндік беретін, сөздер орфографиясының кейбір ерекшеліктерінің сақталуы (Hercules missile – «Геркулес» зымыраны, Columbia – Колумбия) жатады. Дәстүрлі шектеулер тарихи тұлғалардың есімдері мен кейбір географиялық атаулардың аудармасына тиесілі (William III – Вильгельм III, Charles I - Карл I, London-Лондон).

Калькалау - бұл оның құрама бөліктері – АТ морфемасы мен сөздердің лексикалық сәйкестіктерінің ауысуы арқылы жасалатын түпнұсқаның лексикалық бірліктерінің аудармасы. Калькалаудың маңызы бастапқы лексикалық бірліктің құрылымын көшіретін АТ жаңа сөздің немесе тұрақты тіркестің құрылуына негізделуінде жатыр. Мысалы, аудармашы superpower - «мықты мемлекет», mass culture – «көп мәдениет», land-based missile – жерасты базалауының зымыраны, Rapid Deployment Force – тез жайылу күші деп аударма отырып, дәл осындай әрекет жасайды. Аударма үдерісінде транскрипция мен калькалаудың бір мезгілде қолданылатын тұстары да бар: transnational – транснационалдық, petrodollar – мұнайдоллар және т.б.

Нақтылау сөздің немесе БТ тіркесінің кең заттық-логикалық мағынасынан АТ сөзі мен тіркесіне барынша тар мағынада ауысуы. Нақтылаудың қолданылуы АТ кең мағынадағы сөздің болмауына байланысты. Нақтылаусыз орындала беретін дифференциациялаудан мағынаны нақтылаудың айырмашылығы – ол дифференциациясыз жүзеге аспайды. Ағылшын мен француз тілдерінің лексикалық бірліктерінің сәйкестігіне қарағанда, нақтылау орыс тілінің лексикасына тән қасиет. Оны лингвистер де атап көрсетеді. Мәселен, ағылшынның «meal» сөзі түрлі сөйлеу стильдерінде қолданылады. Meal сөзінің баламасы: *принятие пищи, еда*. Бірақ Have you

had your meal? тіркесін аудару кезінде бұл баламаларды мүлде пайдалануға болмайды. Тәулік уақыттарына байланысты былайша айтуға тура келеді: *Вы уже позавтракали? Победели?* немесе *Поужинали?* Сондықтан, ережеге сәйкес, «meal» сөзін аудармада «таңғы ас, түскі ас, кешкі ас» т.б. тіркестерімен ауыстыру біршама нақты:

At seven o'clock an excellent meal was served in the dining-room.

Асханада сағат жетіде өте жақсы түскі ас берілді.

Егер тіркес ағылшын романында не әңгімесінде кездесе, онда нақты жағдайды (ең алдымен әлеуметтік) білу қажет болады, себебі ауқатты буржуазиялық отбасынан шыққан ағылшындық үшін түскі ас уақыты жұмысшы отбасының кешкі ас уақытымен сәйкес келеді.

Нақтылау ағылшынның to say мен to tell «сөйлеу» етістіктерінде кең таралған, олар орыс тіліне тек «сөйлеу» немесе «айту» деп аударылып қана қоймайды, «тіс жару, қайталау, ескеру, мақұлдау, хабарлау, сұрау, қарсы шығу, бұйыру» және т.б. баламаларын қолдануға болады.

“So what?” I said.

- Сонымен не? – сұрадым мен.

He told me I should always obey my father.

Ол маған әкемді әрқашан тыңда деп кеңес берді т.б.

Генерализация (мағынаны жалпылау) біршама тар мағынасы бар БТ бірліктерінің кең мағынадағы АТ бірліктеріне ауысуы, яғни өзгеруі.

Мағынаны жалпылау тәсілі дифференциациялау мен нақтылау тәсілдеріне қарама-қарсы болып табылады, себебі ол жекені жалпыға, түрлік ұғымды топтыққа алмастырады. Ағылшын не француз тілінен орыс тіліне аудару кезінде бұл әдіс дифференциациялау мен нақтылауға қарағанда сирек қолданылады. Бұл ағылшын мен француз лексикасының ерешеліктеріне байланысты. Осы екі тілдің сөздері сол мағынаға қатысты орыс сөздеріне қарағанда абстарктылы сипатқа ие болады. Мәселен, орыстың көркем шығармаларында кейіпкерлердің бойы мен салмағы (егер бұл спорттық түсінікке байланысты болмаса) мұқият дәлдікпен көрсетілмейді. Ал ағылшын түпнұсқасындағы a young man of 6 feet 2 inches орыс тіліне «ұзын бойлы жас жігіт» деп тәржімаланады. Генерализация әдісі АТ бірліктері бойынша жүйелі сәйкестіктер де құруы мүмкін: foot – аяқ, wrist watch – қол сағаты және т.б.

Модуляция немесе мағыналық даму деп мәні бастапқы бірлік мағынасынан логикалық түрде шығатын, БТ сөзі не тіркестерінің АТ бірліктеріне ауысуын айтады. Яғни, сөздіктегі сәйкестікті аударма кезінде онымен логикалық тұрғыдан байланысқан мәнмәтіндік сәйкестікпен ауыстыру болып табылады. Түпнұсқа мен аудармадағы сөздер мағыналық жағынан себеп-салдар қатынастарымен де жиі байланысады: I don't blame them – Мен оларды түсінемін (себеп-салдармен алмастырылған: мен оларды түсінгендіктен, мен оларды кінәламаймын) және т.б. Модуляция әдісі қолданылғанда себеп-салдар қатынастары анағұрлым кең сипатқа ие, бірақ екі атау арасындағы логикалық байланыс әрқашан сақталады.

Синтаксистік ұқсастық – бұл түпнұсқаның синтаксистік құрылымының АТ аналогтық құрылымына ауысатын аударманың әдісі. Трансформацияның бұл «нольдік» түрі БТ мен АТ параллельді синтаксистік құрылымдары болған жағдайда қолданылады. Синтаксистік ұқсастық тілдік бірліктер санының толық сәйкестігі мен олардың түпнұсқа мен аудармада орналасуының ретін келтіруі мүмкін: I always remember his words. – Оның сөзі әрқашан менің есімде. Ағылшын тілінен орыс тіліне аударылу кезінде, мысалға, артикльдер, көмекші етістіктер, басқа көмекші элементтер, сондай-ақ морфологиялық формалар мен кейбір лексикалық бірліктердің өзгеруі болады.

Синтаксистік ұқсастық ағылшын-орыс аудармаларында кең қолданылады. Аударма кезінде сөйлем құрылымының өзгеруі аударма эквиваленттілігін сөзбе-сөз аударма арқылы жасау мүмкін еместігімен түсіндіріледі.

In this the article raises of psychology problem in poetry, of literary criticism in general. This is area of research is relevant today, complex and requires a systematic study. This publication examines of the psychological parallelism and it's reflection form poetic style. Features of the application of psychological parallelism in the work of N. Orazalina manifest in his collection of poems "Qozdagan shok." Psychological paralelizm in creativity N. Orazalina revealed through comparison phenomena in nature and internal states rights as part of this nature. In his poems brief description of the nature deepen the psychological tension of the events in people's lives. Studying every line in verse Nurlana Orazalina we reveal his qualities as a master, able to describe the inner nature of man and his influence on events in the world, society, the environment.

Key words: literature, poetry N. Orazalina, psychology poetry, psychological parallelism.

Бүгінгі таңда әдебиеттануда поэзиядағы психологизм мәселесі – күрделі де, жүйелі зерттеуді қажет ететін өзекті тақырыптардың бірі.

Поэзия әлемінде өзіндік өрнегі бар Нұрлан Оразалин қаламынан шыққан әр сөзге үніле қарасақ, ақынның адам жан дүниесін суреттеудің, оны

бар ерекшелігімен сезініп жырлаудың шебері екенін аңғарамыз.

Нұрлан Оразалиннің «Қара шал. Қара бақыр» өлеңіндегі мына шумақтарда:

Қайыршының қолында – қара бақыр,
Жанарында – жазылмас жара жатыр.

Жүрегінде...

Кім білсін қандай майдан?

Тану қиын...

Кел-дағы кара да тұр.

Көзбен көр де ішпен ұқ. Жақындама!

Жәбірлеме!

Қорлама!

Тақымдама!

Қарт майдангер – қайыршы мына отырған,

Шөлмек пенен білетін атын ғана.

Қайыршының қолында – қара бақыр,

Жанарында мұң жатыр, дала жатыр;

Өртенген жан өксігін баспақ болып,

Іргедегі дүкенге бара жатыр...

Тамыз...

Алаң...

Қара жұрт тарады ақыр,

Кетті алыстап кара шал, кара бақыр.

Шал кеткенмен, бейнесі кетер емес,

Мұздай суық жанары санада тұр [1,56] деген жолдар бар. Осындағы «Жанарында – жазылмас жара», «Жүрегінде майдан» деген тіркестерге келгенде, ерекше сезімге бөленесің. Өлеңде бұл тіркестер тек қана ұйқас үшін ғана берілмегені көзі қарақты, сезімі сергек оқырманға аян. Ақын бұл өлең жолдарында қаһарманының ішкі әлеміне бойлап, адамды рухани азғындатқан тек қана жеке басындағы құлдырауы емес, заман, қоршаған ортасы екенін айтқысы келеді. Ақынның кейіпкерінің сонша рухани құлдырағанына қарамастан, оның жанарынан игіліктерді аңғарып, көре алуы, адамды кінәлаудан бұрын, мәселенің себебін іздеуге деген талпынысын байқатады. Адамдардың мұндай келеңсіздікке ұшырауына айналасы, жақындарының жан жылуының жегіспейтіндігін де айтқысы келіп, адам тағдырына абайлап қарауға шақырады. Ақынның ол жан тебіренісі өлеңде былай өріледі:

Көзбен көр де ішпен ұқ. Жақындама!

Жәбірлеме!

Қорлама!

Тақымдама!

Қарт майдангер – қайыршы мына отырған,

Шөлмек пенен білетін атын ғана...[1, 56]

Бұл өлеңдегі басты психологиялық құбылыс – адамдардың өміріне, іс-әрекетіне немқұрайдылық танытпау, сезім сергектігі, ізгілікке ұмтылыс, кінәлаудан гөрі көмек қолын созуға деген ниет, сенім мен үміт деуге болады. Сонымен қатар ақынның өз кейіпкерінің психологиялық күйін түйсініп, сезіміне ортақтасуы, өзгенің бейнесіне енуі яғни эмпатияны басынан өткеруі болып отыр.

Ақын енді бір жырларында:

Көңілім бүгін менің ғарыштайын,

Көгімнен жұлдыз жауды...

Жарысты айым.

Шарт кетіп, сына жаздап барып-барып,

Бір сезім атып шықты барыстайын.

Барыс – мұң, барыс – қайғы, барыс – арман,

Бата алған фәни атты кәрі шалдан;

Сөз – жебе ағып өтті көкті тіліп

Махамбет, Абайлардан дәріс алған [2, 145] деген жолдарында психологиялық параллелизмді өзінің көңіл-күйін білдіру үшін немесе өмірде кездескен белгілі бір жайлардың мәнін түсіндіру үшін пайдаланған. Жыр жолдарында көңіл күйін ғарыш, аспан көгіне теңесе, бұрқ етіп шыққан сезім күйін, эмоцияны аң патшасы барысқа теңеуі параллель ретінде алынған. Өлеңнің екінші шумағындағы теңеулер мен жыр шумағының құрылуы да осы тәрізді. Ақынның:

«Бата алған фәни атты кәрі шалдан;

Сөз – жебе ағып өтті көкті тіліп» – деген жолдары да психологиялық параллелизм негізінде жасалған.

Мәселен, ақынның:

«Тіршілік – келсап...

Сезімің – талқан...

Жыр – келі...»

Күн өткен сайын күн кешу, білем, күрделі [2, 158] деген жолдарында өмірді дәнді дақылдарды түйетін, ұнтақтайтын қатты ағаштан жасалған «келсапқа», яғни тигенін талқандайтын түйгіш ағашқа теңеуі, жырды мықты, әрі жарылмайтын «келіге», адамдардың бір-бірімен қатынас жасау қажеттігінен туындайтын, біртіндеп дамып қалыптасып отыратын жан қуаты сезімді «талқанға» теңеуінде көркемдік қана емес, үлкен логикалық мән, философиялық астар бар. Ақын әрбір теңеуде екі құбылысты салыстырып қана қоймайды, біреуіне тән қасиетті екіншісіне тели отырып, оның мәні мен астарын ашып беруге жағдай жасайды.

Ақын жырларында табиғат пен өмірді салыстыра қатар қойып суреттеу өте жиі кездеседі. Мысалы,

«Түн қараңғы. Түндей көңіл қараңғы,
Мұң-көк бөрі...
Ашатындай араңды.

Аспан толы мың-мың жұлдыз – мың аруак»,
Бір жетім ой қаситындай жарамды» [2, 170]
деген жолдарда адам жанының күйі табиғат құбылыстарымен астастырыла суреттелген. Өлеңде адам жанын билеген көңілсіздік көзге түрткісіз, меңіреу қараңғы түнге, ондай кезде адамды билейтін мұң, көкке қарап үрген көк бөріге теңеліп, табиғат пен адам өмірі үйлесімділікте қарастырылып, психологиялық параллелизм сәтті көрініс берген.

«Құралайдың салқыны – өр үстінде,

Құралайдың салқыны – жер үстінде,
Құралайдың салқыны – ой-санада,
Құралайдың салқыны – төр үстінде» [2, 209]

деген өлең жолдарында ақын табиғат құбылысын суреттей келіп, қоғамдағы келеңсіз жайларды мамыр айының аяғына қарай болатын қатты суық күндердің бірі «Құралайдың салқынымен» салыстыра сипаттауы шеберліктің шыңы десе де болады.

Қорыта келгенде, Н. Оразалин психологизмі – баяндау ауқымы кең, сезімтал, сырлы, адамның ішкі дүниесіне тереңдей еніп, тебірене толғаған, лирикалық сипатты мол психологизм.

Әдебиеттер

- 1 Оразалин Н. Үш томдық таңдамалы туындылар. 3-том. – Жыр кітабы. – Алматы: Жазушы, 2006.
- 2 Оразалин Н. Қоздаған шок. Таңдамалы лирикалық жинағы. – Алматы: Атамұра, 2008.

References

- 1 Orazalin N. Ush tomduq tандamaly tuyndylar. 3 vol. – Zhyr kitaby. – Almaty: Zhazushy, 2006.
- 2 Orazalin N. Qozdagan shok. Tандamaly lirikalyq zhinary. – Almaty: Atamura, 2008.

ӘОЖ 81'23

А. Алдабердіқызы

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің III курс Ph.D докторанты,
Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессоры Э. Д. Сүлейменова
e-mail: aydyn9@mail.ru

Сауаттылық ұғымын әлеуметтік тәжірибе ретінде анықтау мәселелері

Мақала білім беру, адам құқықтары және даму дискурсынан мәлімет беретін сауаттылық ұғымының мағыналарын анықтау кезінде пайда болған халықаралық аренадағы дебаттан бастау алады.

Көпшілікке «сауаттылық» ұғымының қолданыс мәселесі балалардың оқу мен жазуды үйрену жолдары жайлы сұрақтарға келіп тіреледі. Сонымен қатар көп жағдайда оған ұқсас метонимия ересектердің сауаттылығы жайлы сөз қозғалғанда пайдаланылады. Екінші жағдайда сауаттылық ересектердің сауатсыздығын жеңу мақсатында оларға оқуды қалай үйрену керектігін көрсететін бағдарламаны қамтиды (алайда көп жағдайда ересектердің сауат ашу бағдарламаларының басты себебі жазуды үйрену болуда). Айтылған пікірлердің сауаттылықтың әлеуметтік тәжірибе ретінде қалыптасу жолында өзіндік орынға ие екендігін айту қажет. Бұл ұғымның басқа да сауалдарына және анықтау дәстүрлеріне көз жүгіртсек, олардың «сауаттылық оқу ретінде» пайымына шектеу қоятындығын байқаймыз.

Түйін сөздер: сауаттылық әлеуметтік тәжірибе ретінде, түсіну үшін оқу, жазу, сауаттылық оқиғалары.

А. Алдабердіқызы

Проблемы определения концепта грамотность в качестве социальной практики

В статье рассматриваются международные дебаты, имевшие место в процессе определения значений концепта грамотность, который дает информацию о дискурсе образования, человеческого права и развития.

Во многих случаях понятие «грамотность» затрагивает такие проблемы, как обучение детей чтению и письму. Кроме того, схожая метонимия используется при обсуждении уровня грамотности взрослых. Во втором случае концепт «грамотность» включает в себя программы ликвидации и/или повышения грамотности среди взрослого населения (однако, во многих ситуациях целью ликвидации и/или повышения грамотности среди взрослого населения является только обучение письму). Необходимо отметить, что несмотря на неполный характер содержания, эти мнения крайне важны для определения грамотности в качестве социальной практики. Тщательно исследовав разные традиции определения понятия «грамотность», можно заметить, каким образом предыдущие определения ограничивали концепт «грамотность в качестве социальной практики».

Ключевые слова: грамотность в качестве социальной практики, чтение для понимания, письмо, случаи грамотности.

A. Aldaberdikzy

Problems of analyzing the concept of literacy as a social practice

The terms of reference for this article paper start from international debate concerning the meanings of literacy, 'a subject that informs educational, human rights and development discourse'.

For many, use of the term 'literacy' evokes the question of how children learn to read and this, then, is what the concept has been taken to mean. As we shall see, a similar metonymy is evident in adult literacy circles, where reference to an interest in 'literacy' is taken to be an interest in how to overcome 'illiteracy' by teaching adults how to read (even though for many a major motivation in entering literacy programmes is to learn how to write). For purposes of the present paper, it is important to note here that some of these assumptions are considered prominent for the process of establishing the concept of literacy as a social practice. Once we have looked more closely at other questions and other traditions of enquiry it will become evident how this focus on 'literacy as reading' marginalizes many other meanings of the term.

Key words: literacy as a social practice, reading for understanding, writing, literacy events.

Зерттеушілер балалардың оқуды қалай меңгеретіндігін қозғайтын мәселелердің дұрыстығына күмән келтіріп, соңғы кездерде сауаттылық мәселесі ересектердің сауаттылығы мәселесіне келіп тірелуде. Бір жағынан, сауаттылық терминінің «фоникалық» [1, 770-778] және, екінші жағынан, «түсіну үшін оқу» [14, 54] қағидалары «оқу соғысына» алып келді. Енді, зерттеушілер екі жақтың да мықты жақтарын есепке алатын әдісті іздеуге кірісті [13, 16]. Көптеген орталарда «сауаттылық» термині әлі де «оқу» ұғымымен байланыстырылады және жас жеткіншектердің оқуды қалай меңгеретіндігін қарастырады. Мысалы, Adams [1, 770-778], АҚШ-тың сауаттылық жөніндегі Ұлттық Комиссияның белді мүшесі, «Сауаттылық» тақырыбына жазылған әдебиеттерге шолу жасаған еңбегін төмендегіше бастайды:

«Оқуды үйрету саласындағы ең маңызды және басты мәселелердің бірі балаларға жазу мен оқуды үйрету және шамамыз келгенше жәрдем көрсету болып табылады».

Соңғы интеллектуалды ағыстар да, «функционалды» сауаттылық та [13, 59] «сынды» сауаттылық [14, 85] және «Фрайрин» әдісі деп аталатын [14, 54]; және ең соңғы шыққан «топтық» сауаттылық [14, 84] сияқты және тағы басқа танымал тақырыптар мен жаттанды мысалдардың беткейінде жатыр.

Зерттеу мақсатында болсын, тәжірибелік мақсатта болсын, «сауаттылық» терминінің мағынасы өте даулы және қай жақтың болмасын сынын ескермегенше, бұл ұғымды ашу мүмкін емес. Бұл тақырыптағы пікірталастар мен сындарды қарастыра келе, кей кезде бірін-бірі жартылай қайталағандығына қарамастан, төмендегіше төрт маңызды дәстүрлі ажыратуға мүмкіндік туды: сауаттылық және үйрену; когнитивті әдіс; сауаттылық әлеуметтік тәжірибе ретінде; және сауаттылық мәтін ретінде. Бұл эвристикалық классификация түрлі әдістерді және олардың нәтижелерін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу сауат ашу жұмысының басты құрамдас бөлігі ретінде қабылданған кезеңдерде, сауат ашудың «танымдық» құрамы сауаттылықтың нәтижесі ретінде қарастырылды. Ал соңғы кездердегі әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени әдістер және ересектердің үйренуі туралы теориялар, сонымен қатар, көпжақты зерттеулердің және дискурстық талдаулардың нәтижелері біздің сауаттылық деп атап жүрген ұғымымызды шеңберін кеңейте түсіп, оның нәтижелерінің жанаша қарастыра бастады. Мақалада аты аталған зерттеушілер бұл өзгерістерге түрлі

жауаптар ұсынды: мысалы Adams [1, 770-778] және Snow (1998) сияқты ғалымдар үйрену үдерісін контекстке байланыстырмау керек деген ұстанымда; ал Cole және Scribner-лер [14, 65] когнитивті үдерістерді әлеуметтік тәжірибемен байланыстыруға тырысуда; кейбіреулер білімдерін барлығына бірдей стандарт қолданғаннан гөрі, сауат ашуды үйретуді әлеуметтік және саяси тұрғыдан кең контекстпен байланыстыруға бағыттауда және оқушылардың өзімен бірге алып келетін үйрену стилі мен түрлі бастан кешкен тәжірибесіне шыдамды болуға және түсіністікпен қарауға шақыруда [14, 25; 12, 32]; басқалары сауаттылықты қарым-қатынастың визуалды және іс-қимыл «түрі» басқа сияқты семиотикалық құралдарымен қатар қоюда және бұл көзқарас «сауаттылықты» жеке қарастырғаннан гөрі, жаханданып жатқан әлемнің қарым-қатынас жасау қажеттіліктерін қамтамасыз ететін «мульти-сауаттылық» немесе «мульти-түрлілік» жағдаятында қарастыру керек екендігін айтуда [9, 68]. Бұл авторлардың барлығы дерлік күш және әлеуметтік иерархия тәріздес даулы мәселелерге тоқталған, себебі бұл мәселелер жоғарыда айтылған екі анықтамаға да тәжірибенің нәтижелеріне әсер етеді.

Сауаттылық әлеуметтік тәжірибе ретінде

Білімді меңгеруді анықтау «қиындықтары» күн тәртібінен түспей тұрған кезде, сауат ашу тәжірибесін әлеуметтік және мәдени контекст аясында қарастыру маңызды бола бастады. Бұл әдіс когнитивті зерттеулердің эксперименталды немесе тұлғалық сипатына және мәтінді тілдік тұрғыдан зерттеудің этикалық және мәтіндік әдістеріне қарағанда, әсіресе, этнографиялық пікірді ұстанатындарға қатты әсер етті. Бұл әлеуметтік дамулар кейде «жаңа сауаттылық зерттеулері» деп аталды [4, 54; 6, 29; 14, 58]. Бұл дәстүрдегі еңбектердің көбісі сауаттылық ұғымының арнайы мәдени контексттегі күнделікті мағынасына және қолданысына мән береді және сауаттылық бағдарламаларын біздің қалай түсінетіндігімізді зерттейді [11, 65; 12, 71].

Сауаттылықтың «автономды» және «идеологиялық» модельдері арасындағы айырмашылықтар туралы сөз қозғайды [14, 57]. Сауаттылықтың «автономды» моделі жоғарыда аты аталған алғашқы «когнитивті нәтижелер» жайлы әдебиеттердегідей сауаттылық автономды түрде басқа да әлеуметтік және когнитивті тәжірибелерге әсер етеді деген пайымнан туындайды. Street-тің [14, 57] ұстанған моделі мәдени және идеологиялық тұжырымдамаларды бейтарап және әмбебап күйде ұсынады. Сауаттылық әлеумет-

тік тәжірибе ретінде әдісінің зерттеулері алдыңғы сөйлемде айтылған пікірге күмән келтіріп, тәжірибе жүзінде автономды үлгіге негізделген үстем әдіс басқа мәдениеттерге сауаттылықтың батыс (немесе урбандалған) қағидасын үстеуде. Оған балама сауаттылықтың идеологиялық үлгісі сауаттылық тәжірибесіне контекстке қарай өзгеріп отыратын әлдеқайда сезімтал көзқарас ұсынады. Бұл үлгі автономды үлгіге қарағанда көбірек және түрлі алғышарттардан бастау алады; ол сауаттылықтың жай ғана техникалық немесе бейтарап біліктілік емес, оның әлеуметтік тәжірибе екендігін және әлеуметтік эпистемиологиялық қағидаларға негізделетінін баса айтады. Адамдардың оқу мен жазуға деген көзқарасы олардың білім, сәйкестілік және болмыс жайлы концепцияларынан бастау алады. Бұл тұрғыдан сауаттылық ұғымының кейбір нұсқалары әрдайым «идеологиялық» болғандықтан, ол әрқашан белгілі бір әлемдік пікірге негізделгендіктен және мол пікірдің басқалардан үстем екендігін және басқаларына шектеу қоятындығынан, бұл ұғымның мағынасы да, тәжірибесі де даулы пікір болып табылады [6, 13]. Әлеуметтік сауаттылық жайлы пікірталастар [14, 58] сауаттылық ұғымы әуел бастан әлеуметтік іс-әрекет болғандығы пікірде. Мұғалімдердің, оқушылардың қарым-қатынасының өзі сауаттылық ұғымының табиғатына және олардың сауаттылық жайлы пікірлеріне әсер ететін әлеуметтік тәжірибе болып табылады. Сондықтан, сауаттылық бейтарап күйінде берілетін және оның әлеуметтік құрамдас бөлігі кейінірек меңгерілетін үдеріс деген пікір орынсыз.

Осы себептерден және көптеген дәстүрлі сауаттылық бағдарламаларының сәтсіздігінен [14, 59], әлемнің түкпір-түкпірінде сауаттылық мәселесімен айналысушы академиялық қызметкерлер, зерттеушілер және оқытушылар көптеген тәжірибелер және бағдарламалар негізделген сауаттылықтың автономиялық үлгісі оқу мен жазудың көпжақтылығын түсіндіретін немесе идеологиялық үлгіні толықтыратын тәжірибелі бағдарламалармен қамтамасыз ететін интеллектуалды құрал емес екендігін алға тартуда [2, 56; 7, 36; 8, 28; 141, 61].

Бұл әдістің саясаткерлер мен бағдарлама дизайнерлеріне бағытталған сұрағы бейтарап даму аясында сауаттылықтың әсері емес, жергілікті халықтың жаңа қарым-қатынас тәжірибелеріне деген пікірі болуы керек. Kulick & Stroud-тың [10, 61] миссионерлердің Жаңа Гвинея ауылдарына сауаттылықты қалай алып келгендігінің этнографиялық сипаттауы бұл

қағиданы аша түспек. Бұл тұрғыдан, сауаттылық – күш ара қатынасының құрамдас бөлігі және адамдардың тек қана педагогикалық және когнитивті факторлар ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік және мәдени тәжірибе аясындағы өз жағдаятына қалай ие болатындығының көрсеткіші. Бұл мәселе, өз кезегінде, кез-келген сауат ашу бағдарламасына қоюға болатын төмендегіше сұрақтарға жол ашады: Бағдарлама қатысушылары арасындағы күш ара қатынасы қандай? Қандай ресурстар қолданылады? Егер адамдар сауаттылықтың бір түрінің орнына басқасына иеленсе, қайда барады? Сауат ашу бағдарламасының қатысушылары сауаттылықтың басым концепцияларына қалай қарайды?

Бұл әдістің зерттеу үшін де, тәжірибе үшін де маңызы зор. Зерттеушілер, өз мәдениетіне таныс белгілі бір сауаттылық тәжірибесіне жүгінбестен бұрын, енді, жазу мен оқуды әлеуметтік контекст аясында және басқа көзқарастарды түсіністікпен қабылдау арқылы сауаттылық ұғымының шеңберін кеңейтпек. Көптеген адамдар үшін сауаттылықтың автономды үлгісі аясында «сауатсыздық» деп атаған ұғымы, мәдени көзқарастарға жұмсақ көзқарас негізінде, сауаттылық тәжірибесінің маңызды қолданысын белгілі мақсаттары мен арнайы контексттерінде көрініс табады. Мысалы, зерттеулер нәтижелері «сауаты жоқ» тұлғаның сауаттылық іс-әрекеттеріне кірісетіндігін көрсетеді, сондықтан, сауатты/сауатсыз ұғымдарының ара-жігін ажырату қиынға соғып отыр.

Жаңа сауаттылық зерттеулерінің басты ұғымдары *сауаттылық оқиғалары* мен *сауаттылық тәжірибелері* тәрізді жаңа ұғымдарды арнайы контекстер мен тәжірибелік бағдарламалар шеңберінде кедергілерден сүрінбей өтуге мүмкіндік береді. Shirley Brice Heath «сауаттылық оқиғаларына» «қатысушылар қарым-қатынасына және оларды түйсіну үдерістеріне жазу іс-әрекетінің интеграциялануы» деген анықтама береді [14, 1] «Сауаттылық тәжірибелер» ұғымын «оқу мен жазудың әлеуметтік тәжірибелері мен ұғымдары» деп сипаттаған, кейінірек ол Heath-дің ойын жетілдіре отырып, бұл ұғымға «сауаттылық оқиғаларын» да енгізді. Осылайша, сауаттылықтың әлеуметтік үлгілеріне қатысушылардың ой-пікірлерін қосу арқылы, оларға бұрынғыдан да маңызды мағына үстеді [14, 62]. David Barton, Mary Hamilton және олардың Ланкастер университетіндегі (Lancaster University) басқа да әріптестері осы ұғымдарды өз зерттеулерінде қолдану арқылы Ұлыбританияда және әлемде аса зор маңызға ие болды (салыстыры-

ңыз: Barton and Hamilton 1999). Басыңқы және бағыныңқы, формалды емес және жергілікті сауаттылық ұғымы «жағдаятты» және «идеологиялық» әдістер аясында басты маңызға ие болды.

Brandt, Maddox, Stromquist және басқалары тәрізді жергілікті немесе сыртқы және жаханданған әлемнің тәжірибесін, сонымен қатар, когнитивті әсерлер мақалада талқыланған пікірлер мен ойлар сауаттылық ұғымын тануда түрлі әдістердің бар екендігін және ересектер сауаттылығын қолға алу және тереңдету бағдарламаларының қалай тұжырымдалу керек екендігін

көрсетеді. Осы тұрғыдан, сауаттылықты дамыту бағдарламасы «Сауаттылықты өлшеу мен қадағалау» – ‘Measuring and monitoring literacy’, «Сауаттылық стратегиялары мен саясаттары» – ‘Strategies and policies for literacy’, «Сауаттылық және адамзат дамуы» – ‘Literacy and human development’ және «Сауаттылықты тиімді үйретудің және бағдарлама жасаудың педагогикалық әдістері» – ‘Pedagogical approaches to literacy effective literacy learning and programme designs’ сияқты бағдарламаларға сай сауаттылықтың қай түрін қарастырып жатқандығын атап көрсетуі керек.

Әдебиеттер

- 1 Adams A. and Gathercole S.E. Phonological working memory in very young children. – *Developmental Psychology*, 29, 1993.
- 2 Aikman S. Intercultural education and literacy: An ethnographic study of indigenous knowledge and learning in the Peruvian Amazon. – Benjamins: Amsterdam, 1999.
- 3 Barton D. and Hamilton M. Local literacies: Reading and writing in one community. – Routledge: London, 1998.
- 4 Collins J. Literacy and Literacies. – *Annual Review of Anthropology*, 1995. – P. 24, 75-93.
- 5 Erickson F., Gutierrez, K. Culture, rigor and science in educational research. – *Educational Researcher*, 31(8), 21-4, 2002.
- 6 Gee "The New Literacy Studies; form "socially situated" to the work of the social" in Barton D., Hamilton, M. and Ivanic, R. (2000) *Situated Literacies: reading and writing in context*. – Routledge: London, 2000. – P. 180-196.
- 7 Hornberger N. (ed.) *The continua of biliteracy: a framework for educational policy, research and practice in multiple settings*. – Bristol: Multilingual Matters, 2002.
- 8 Kalman J. *Writing on the Plaza: mediated literacy practices among scribes and clients in Mexico City*. – Hampton Press: Cresskill NJ, 1999.
- 9 Kress G and van Leeuwen T *Multimodal Discourse: the modes and media of contemporary communication* Arnold. – London, 2001.
- 10 Kulick D., Stroud, C. Conceptions and uses of literacy in a Papua New Guinean village. – In Street, B. (Ed.) *Cross Cultural Approaches to Literacy*. – Cambridge: CUP, 1993. – P. 30-61.
- 11 Robinson-Pant, A. Why eat green cucumbers at the time of dying? – *The Link between Women's Literacy and Development*. – Unesco: Hamburg, 1997.
- 12 Rogers, A *Using Literacy: A new approach to post literacy materials*. – London: ODA (DfID), 1994.
- 13 Snow C. E., et al. *Preventing reading difficulties in young children*. – Committee on the Prevention of Reading Difficulties in Young Children. – Washington, DC: National Academy Press, 1998.
- 14 Street B. ed. *Literacy and Development: ethnographic perspectives*. – Routledge: London, 2001.

ӘОЖ 81

Г. С. Асанова

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің III курс Ph.D докторанты, Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. д. профессоры К. Т. Рысалды
e-mail: mergen-2009@mail.ru

Қазіргі таңда іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру мен оның негізгі ерекшеліктері

Іскерлік қарым-қатынастың тәсілдерін жақсы меңгеру болашақ іскер адамдарға қажеті зор болмақ. Мұндай қабілет келешекте келісімшартқа отырғанда немесе пайдалы іс жасағанда маңызды рөл атқаруы мүмкін. Сондықтан қазіргі таңда іскерлік қарым-қатынастың маңызы артып оны жан-жақты зерттеу қазіргі заманның басты мәселелерінің бірі болып тұр.

Қарастырылып отырған мақала іскерлік қарым-қатынас анықтамасына талдау жасап, оның қазіргі таңдағы қажеттілігі мен негізгі ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне, коммуникацияның басқа түрлерінен айырмашылығына тоқталады. Сондай-ақ аталған мақалада іскерлік қарым-қатынасқа қойылатын талаптар мен оның мақсаты, міндеттері, табиғаты қарастырылады. Іскерлік қарым-қатынастың табиғаты мен негізгі ерекшеліктері болып есептелетін ережелер немесе шарттар ұсынылады.

Түйін сөздер: коммуникация, контекст, іскерлік дискурс, вербалды байланыс, үрдіс, серіктестік.

Г. С. Асанова

Организация и специфика деловой коммуникации в современном мире

Овладение методов и умений деловой коммуникации является необходимостью для будущих специалистов в сфере бизнеса. Такие умения играют важную роль в заключении договоров и ведении различных дел в сфере бизнеса. Одной из основных задач сегодня является детальное исследование деловой коммуникации с различных точек зрения.

Данная статья рассматривает определения термина «деловая коммуникация», необходимость и особенности, функции и различие деловой коммуникации от остальных видов коммуникации. Также статья рассматривает цель и задачи, природу и условия деловой коммуникации. Статья предлагает условия и положения, которые определяют природу и специфику деловой коммуникации в целом.

Ключевые слова: коммуникация, контекст, деловой дискурс, вербальное общение, процесс, сотрудничество.

G. S. Assanova

Organization of business communication in modern world and its basic specificity

Mastering the methods and abilities of business communication is important for future business people. Such abilities play a great role in making contracts or dealing with business matters nowadays. To research the importance and specificity of business communication in details has become the main objective of modern world.

The article under research deals with the identification, the necessity, specificity and main functions of business communication, gives differentiating features of business communication from other types of communication. The given article points out the aim, objectives, nature and requirements of business communication. It has been suggested the conditions and rules to identify the nature and specificity of business communication.

Key words: communication, context, business discourse, verbal communication, process, cooperation

Іскерлік қарым-қатынас немесе байланыс қазіргі таңда, жаңа заманда қоғамның барлық салаларында кездесіп отыр. Қоғамның коммерциялық, іскерлік салаларында өнеркәсіптің барлық түрлері мен формаларында сондай-ақ жеке іскерлер мен кәсіпкерлер ретінде жеке тұлғалар

кірісе бастады. Іскерлік байланыс саласындағы құзырлық кез-келген білім, ғылым, өнер, өнеркәсіп, сауда сияқты салаларда сәттілікке жету немесе жетпеуге байланысты болып отыр.

Адамдармен дұрыс қатынас жасай алу іскерлік салада, қызметтік және кәсіпкерлік іс-әре-

кетте сәттілікке жетудің ең маңызды факторларының бірі болып отыр. Дейл Карнеги 30 жылдарда ақ адамның қаржылық мәселесіндегі сәттілігі тіпті техникалық немесе инженерлік салада болса да 15 пайызға оның кәсіби шеберлігіне байланысты да 80 пайызы оның адамдармен қатынас жасай алуына байланысты екенін аңғарған.

Іскерлік қатынас адам өмірінің ең маңызды бөлігі және бөгде адамдармен қатынас жасаудың негізгі түрі. Мұндай қатынастардың басты қағидаларының бірі болып этникалық нормалар есептеледі, онда адамның ой өрісі, пайымдауы, жақсылық пен жамандық, шындық пен ақиқатсыздық, дұрыстық немесе бұрыстық сияқты қылықтары беріледі. Адамның моралдық нормаларды түсінуіне, оның мазмұнына байланысты оның іскерлік қарым-қатынасқа жеңіл немесе қиын немесе тіпті қиындатып алуы байланысты.

Байланыс немесе қатынас дегеніміз қоғамдық субъектердің, әлеуметтік топтардың, халық немесе жеке тұлғалардың арасында ақпарат, тәжірибе, іс-әрекет қабілеттері мен нәтиже алмасуы жүретін өзара қатынас жасау үрдісі.

Іскерлік қарым-қатынастың ерекшелігі нақты бір іс-әрекет мақсатында немесе негізінде пайда болатын, қандайда бір өнім немесе іскерлік қажеттілікпен байланысты. Байланыстың басқа түрлері сияқты іскерлік коммуникацияның тарихи сипаты бар, ол қоғамның түрлі жүйесінде түрлі формада байқалады. Оның айырмашылығы іскерлік коммуникация басқа мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылады.

Сондықтан берілген мақалада іскерлік қарым-қатынас терминіне анықтама беріп оған талдау жасау біздің міндетіміз.

Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз қарым-қатынастың прагматингвистикалық, прагмапсихологиялық сипатын анықтаушы мінезқұлықтың перцептивті, коммуникативті және интерактивті дәрежесін қамтитын кәсіби коммуникацияның тұлғааралық мәдениетаралық зонасы [1, 125].

Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз ресми қарым-қатынас саласында болатын коммуниканттардың жалпы құқығы мен мақсаттарына байланысты нақты мәселені шешуге қабілетті және қажетті нәтижеге бағытталған коммуникация.

Іскерлік қарым-қатынас деп қызметтік салада адамдар арасындағы байланысты дамытуға бағытталған күрделі де көпжоспарлы үрдісті атаймыз.

Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз кәсіби, ғылыми, педагогикалық сала қызметінің осы салаларда пәндік қызметті ұйымдастыру мен оптимизациялауға бағытталған іскерлік серіктестердің өзара байланысы үрдісі болып табылатын коммуникацияның бір түрі.

Іскерлік коммуникация дегеніміз бизнестің кәсіби саласында нақты мақсаттарға жетуге итермелейтін қызмет немесе әрекет.

Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз кәсіби, ғылыми, коммерциялық және басқа қызметтер саласында қолданылатын және сол саладағы туындаған мәселелерді ұйымдастыру мен ортақ шешімге келуге қызмет ететін қатынас немесе байланыс түрі.

Іскерлік қарым-қатынас (байланыс, коммуникация) дегеніміз қызмет саласында адамдар арасында байланысты дамытудың күрделі, көпжоспарлы үрдісі, яғни, бірлескен істе нақты нәтиже мен нақты мәселелерді шешетін іскерлік ақпарат мен тәжірибе алмасу үрдісі [2].

Іскерлік қарым-қатынас деп зерттеу нысаны іскерлік салада адамдардың қарым-қатынас аспекті мен іскерлік байланыс тиімділігін қамтамасыз етуші факторлар болып табылатын ғылымды атаймыз.

Іскерлік қарым-қатынас дегеніміз салалық және нақты мақсатқа бағытталған іс-әрекет, әрбір коммуникация формасының мазмұны (лекция, баяндама, талқылау, әңгіме), әрбір сөйлеу құрылымы (қорытынды, ойы, сыни ескертулер, жауап қату) коммуникация мақсаты мен күтілетін нәтижеге байланысты үрдіс.

Іскерлік байланыс деп жиналыс, келіссөз, презентация барысындағы коммуникацияны айтамыз. Іскерлік қарым-қатынас әлеуметтік маңызы бар ұйымдарда, яғни, ғылыми, өнеркәсіп, мекеме, басқару және әлеуметтік, коммерциялық, кәсіби деңгейлерде қолданылады. Іскерлік қарым-қатынас өнеркәсіпті ұйымдастыру мәселесін талқылау, қызмет міндеттерін орындау, іс-әрекетті жоспарлау, сыртқы байланысты орнату, шешім қабылдау, келісім-шартқа отыру, құжаттарды рәсімдеу мақсатында қолданылады [3].

Егер PR дегеніміз мекеменің аудиториямен нақты байланыс орнату, сеніміне кіру, оны түсіну мақсатында коммуникацияны басқару болса, іскерлік қарым-қатынас деніміз осы функцияның практикалық маңызы, оны іскерлік байланыста жүзеге асырушы болмақ. Іскерлік қарым-қатынас саласындағы әрбір коммуникацияның мазмұны мен формасы және әрбір сөй-

леу конструкциялары коммуникативті мақсаты мен күтілетін нәтижесіне байланысты.

Іскерлік қарым-қатынас төмендегідей функциялар атқарады: инструменталды (басқарудың әлеуметтік механизмі); интегративті (іскерлік серіктестерді байланыстыру); өзіндік презентация (жеке потенциалын көрсете алу); трансляциялық (іс-әрекеттің нақты тәсілдерін бере алу); әлеуметтік бақылау (мінез-құлық пен іс-әрекеттерін шектеу); әлеуметтену (іскерлік қарым-қатынастың мәдениеті тәсілдерін жетілдіру); экспрессивті (эмоционалды әрекеттесу).

Іскерлік қарым-қатынас өте тиімді болуы үшін барлық компоненттерді, соның ішінде коммуникативті құзырлықты жете білу міндетті. Коммуникативті құзырлық деп қоршаған адамдармен, топтармен, аудиториямен өзара қарым-қатынас жасай алу, келіссөз жүргізе алу тәсілдері мен білім жинағы. Коммуникативті құзырлық білімі деп коммуникация функцияларын, коммуникация үрдісі ерекшеліктерін, үн кату, серіктестердің психологиялық типтері және әлеуметтік ролдерін, презентация жасай алу тәсілдерін, коммуникацияның вербалды немесе вербалды емес құралдарын айтамыз. Іскерлік қарым-қатынас практикалық пән болып есептеледі, дегенмен, әлеуметтану, психология, антропология, менеджмент теориялары мен пайымдауларын оқып үйрену және қолдану практикалық тәсілдерді түсіну мен ұғынуды тереңдетеді.

Іскерлік қарым-қатынас ғылыми сараптама мен теориялық зерттеулер пәні ретінде сан түрлі концептуалды әдістері арқылы ерекшеленіп пәнаралық байланысқа ие болады. Сондықтан іскерлік қарым-қатынас әлеуметтік, психологиялық, мәдениетаралық, лингвистикалық, лингвомәдениетаралық тұрғыдан қарастырылады.

Іскерлік коммуникация іскерлік байланыс саласына қызмет ететіндіктен оған қойылатын талаптар өте қатаң, әсіресе, ең алдымен сөйлеу сапасы (дұрыстығы, дәлділігі, нақтылығы) және этикалық нормаларды қатаң сақтау. Көп жағдайда «байланыс» және «коммуникация» терминдері ортақ мағынада синоним ретінде қолданылады. Дегенмен, зерттеуші ғалымдардың пайымдауына коммуникация дегеніміз ақпарат беру үрдісі орын алатын байланыс. Сондықтан ақпаратты қабылдаушы нысан тек адам ғана емес, сондай-ақ машина, жануар болуы мүмкін. Ал байланыс деп байланыс субъектері тең дәрежелі серіктестердің өзара қарым-қатынасына негізделген екі жақты үрдісті атаймыз.

Байланыс коммуникативті (ақпарат жеткізу) қызметінен басқа да қызметтер атқарады, мәселен, регулятивті (мінезқұлықты реттеу қызметі), перцептивті (қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірін қабылдау қызметі), суггестивті (сендіру қызметі). Сондықтан «байланыс» және «коммуникация» терминдерін синоним ретінде қолданған дұрыс, тұлғааралық байланыста коммуникация дайын түрде мүлдем кездеспейді, ақпарат жеткізу негізінен қоғамда екі жақты үрдіс, яғни, сөйлеу әрекеті.

Іскерлік келіссөздерді тиімді жүргізу, іскерлік құжаттарды дұрыс және сауатты құрастыру қазіргі таңда менеджерлердің, барлық деңгейдегі басшылардың, референттердің, хатшылардың, қоғамдық қызметкерлердің, қоғамдық мекемелер көшбасшыларының кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі болып отыр. Басқару қызметінің барлық салаларында дерлік жоғары нәтижеге жету үшін нақты білім, ақпарат қажет және коммуникация ережелері, оны жүргізу формалары мен тәсілдерін меңгеру қажеттілік болып отыр.

Іскерлік қарым-қатынастың өзі белгілі мақсаттарға бағытталған. Яғни, іскерлік қарым-қатынасты ұйымдастыру, коммуникация стратегиялары мен тактикаларын таңдау, іскерлік қарым-қатынаста тілдік құралдарды қолдану нақты бір мәселені шешуде тиімді нәтижеге жетуге бағытталады.

Іскерлік қарым-қатынастың ең негізгі ерекшеліктерінің бірі коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік ролін қатаң сақтауы, яғни, басшы-жұмысшы, серіктестер, әріптестер т.б. Егер іскер адамдар қызмет саласының түрлі сатысындағы тұлғалармен жиі коммуникация жасайтын болса онда байланыстың вертикалды және горизонталды түрін қолдануға тура келеді. Байланыстың вертикалды түрі деп коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік жағдайына, әкімшілік-құқықтық нормалармен және төмен дәрежедегі жай жұмысшы өзінен қызметі бойынша жоғары дәрежедегі тұлғаға бағыныштылығымен сипатталатын субординациялық қарым-қатынасты атайды. Байланыстың горизонталды түрі деп жалпы мақсаттарына сай коммуникацияға қатысушылардың серіктестік, өзара түсіністік мақсаттағы бірлескен іс-әрекеттерін атайды.

Іскерлік қарым-қатынастың ұйымдастырылуының өзі, коммуникативті іс-әрекеттер мен тәсілдер, іскерлік сөйлеуде тілдік құралдарды дұрыс қолдану нақты бір мәселені шешуде оңтайлы нәтижеге жету мақсатына тәуелді.

Іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктері болып төмендегі принциптер есептеледі:

- серіктес іскерлік қарым-қатынаста әрқашан тұлға ретінде қатысады;

- коммуникацияға қатысушыларды іскерлік мәселені өзара ұғыну және түсіну ерекшелендіріп турады;

- іскерлік қарым-қатынастың негізгі мақсаты сапалы және тиімді серіктестік [4, 512].

Кейде іскерлік қарым-қатынас тар мағынада іскерліктің кәсіби саласында нақты мақсаттарға жетуге бағытталған іс-әрекет ретінде қолданылуы мүмкін. Іскерлік қарым-қатынас нақты контексте туындап соған тәуелді болады. Нақты жағдаят, коммуникацияға қатысушылар саны, алға қойған мақсаттар сипаты, реципиенттер арасындағы байланыс деңгейі іскерлік қарым-қатынастың соған тән сипаттары болып табылып оның орын алуының бірнеше формаларын анықтауға көмектеседі. Іскерлік қарым-қатынас түрлеріне іскерлік сұқбат, іскерлік жиналыс немесе отырыс, іскерлік қоғамдық презентациялар мен қаратпалар жатады.

Іскерлік қарым-қатынастың тағы бір ерекшелігі экономикалық мақсаттардың өзара байланысы мен әлеуметтік реттеу құқықтық шеңберде орын алады. Көбінесе тұлғалар іскерлік коммуникацияға өздеріне қатысты салада қатынастарын құқықтық жолмен рәсімдеу үшін түседі. Өзара байланыс пен байланысты құқықтық рәсімдеудің ең оңтайлы нәтижесі болып өзара түсінушілік мен сенімге негізделген серіктестік қатынастар есептеледі.

Іскерлік қарым-қатынастың тағы бір ерекшелігі оған қатысушылардың ролдік нормаларын қатаң сақтауы. Өзара қарым-қатынас жасағанда іскер адамға түрлі жағдаяттарда түрлі ролге енуіне тура келеді, сондықтан осыны ескере отырып коммуникацияға қатысушы өзін осыған сай талаптарға, нақты жағдайға байланысты ролге енгені абзал. Іскерлік қарым-қатынаста ролдік норманы сақтау жұмыс үрдісін реттейді, тұрақтандырады.

Іскерлік қарым-қатынастың тағы бір ерекшелігі оған қатысушылардың оның нәтижелігіне жоғарғы жауапкершілігі. Сәтті іскерлік қарым-қатынас байланыстың таңдап алған әдістері мен тәсілдері, яғни, коммуникацияның мақсаты мен міндеттерін дұрыс ұйымдастыру, серіктердің мақсаттарын айқындау, өзінің жеке ойын негіздеуге байланысты болмақ. Егер іскерлік қарым-қатынас тиімді болмаса істің нәтижесіз болуына әкеліп соғады. Сондықтан іскерлік қарым-қатынаста міндеттілік, ұйымдастыру-

шылық, сөзге сенімділік, этикалық нормаларды сақтау сияқты іскер адамның маңызды сипаттары негізгі болып қалыптасады.

Іскерлік қарым-қатынас оған қатысушылардың тілдік құралдарды дұрыс қолдануын талап етеді. Іскерлік қарым-қатынаста жай сөздер, балағат сөздер мен сөз тіркестері, қолданылуы шектеулі сөздер, мәселен, жаргондар, диалектер, архаизмдерді қолдануға болмайды.

Жалпы іскерлік қарым-қатынас ресми емес байланыстан нақты мақсаттар мен міндеттер қоюуымен ерекшеленеді.

Іскерлік қарым-қатынас қазіргі заманға сай заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Біріншіден, сөйлеу конструкциясының қарапайымдығы мен қысқалығы; екіншіден, сөйлеудің кәсіби лексикасын қолдану; үшіншіден, сөйлеу логикалық тұрғыдан нақты ұйымдасқан, аргумент беруде ретін қадағалау. Іскерлік қарым-қатынас серіктестердің алға қойған мақсаттарына жетуде тиімді құрал болып табылады. Іскерлік қарым-қатынаста қажетті нәтижеге жету үшін келесідей психотехникалық тәсілдер қолданылады: ойластырылған диалогизация (серіктесті адастыру мақсатына диалогты ұйымдастыру); эмоционалды екпін (келіссөз құралдарына назарды аударту); сұрақ-жауап тәсілі (серіктестің назарын аударту мақсатындағы риторикалық сұрақтар); эвфемизмдер (келіссөз барысында позитивті орта қалыптастыру және негативті эмоцияның деңгейін төмендету мақсатында тура мағыналы тұрпайы сөздердің майда баламалары).

Іскерлік қарым-қатынаста байланыс пәні болып бірлескен іс-әрекет есептеледі, ал серіктес тұлға ретінде қатысады. Нәтижелі серіктестік, мақсаттары мен позицияларын жақындастыру, серіктестік қатынасты жақсарту іскерлік қарым-қатынастың негізгі міндеттері.

Іскерлік қарым-қатынаста бірлескен іс-әрекетте бірнеше міндетті элементтерді атауға болады, олар: ортақ мақсат, тұлғаларды бірлескен іс-әрекетке шақыру; коммуникацияға қатысушылардың өзара байланысы; жеке әрекеттерді жасауға кеңістік пен уақыттың ұқсастығы; бірлескен іс-әрекетті жеке функцияларға бөлу және оларды қатысушылар арасында бөлу; жеке әрекеттерді бақылау және оларды басқару; мақсаттарының сәйкестігі.

Іскерлік қарым-қатынастың ерекшеліктері төмендегі ұйымдастыру құрылымының негізгі сипаттары анықтайды:

- Коммуникацияға қатысушылардың бір-біріне симпатия немесе антипатияларына, ресми қатынастарына қарамастан міндеттілігі;

- Конвенционалды шектеуліктер, яғни, құқықтық, әлеуметтік нормаларды сақтау, регламентацияны сақтау.

- Коммуникацияға қатысушылардың қызметтік ролдерін, құқықтары мен функционалды міндеттерін ескере отырып субординация мен іскерлік этиканы сақтай отырып ресми-ролдік принциптерін сақтау. Іскерлік байланыс белгілі дәрежеде формалды, шектеулі болып отыр, оның себебі мақсаттардың қатаң регламенттілігімен, қатынас мотивіне, байланыс орнатудың тәсілдеріне байланысты болып отыр.

- Іскерлік байланыс ұйымдардың иерархиялық құрылымына байланысты арнайы ортада жүзеге асады. Иерархиялық пирамиданың деңгейлерінде қайта байланыс пен толық және нақты ақпарат беру сияқты тиімділік мәселелері туындайды. Кейбір ақпараттарға сүйенсек жоғарғы басқарушы жақтан келген ақпараттың 20-25 пайызы ғана оны орындаушыларға жетеді екен. Мұның себебі бір жағынан ақпараттың бұзылуы, екінші жағынан өнеркәсіп саласында болып жатқан іс жөнінде басшылардың жұмысшыларды толық ақпараттандырмау тілегінен болады. Қызметтік-іскерлік коммуникацияның мұндай ерекшеліктерін ескеру үшін қаулыларды, шешімдерді жазбаша бекіту қажет және оған жауап қатуды іскерлік байланыстың тиімділігін жақсартудың негізгі құралы деп түсіну қажет.

- Іскерлік қарым-қатынасқа қатысушылардың соңғы нәтижеге жету үшін бір-бірлерімен байланыстығы. Іскерлік қарым-қатынаста адам нақты тұлға және мекеме атынан өкіл ретінде қатысады, яғни, нақты кәсіби және ролдік функция атқарады. Іс-әрекет кезінде немесе адамның өз ойы мен мінез-құлық мәнері топтық нормалармен сәйкес келмесе конфликт орын алуы мүмкін.

- Коллектив мүшелерінің бірлескен іс-әре-

кет шарты ретінде сәйкестігі мен бірлесе істесуі. Бірлесе іс-әрекет жасағанда жеке таным процесстері динамикасын реттеудің арнайы механизмдері, мәселені шешудің бірлескен стратегиялары, топқа тән іс-әрекет мәнері қалыптасуы мүмкін. Жеке қабілеттер алмасу, өз мақсаттарын мен қабілеттерінді, ойларынды, іс-әрекеттерінде басқа тұлғаның іс-әрекеттерімен, мақсаттарымен сәйкестендіру орын алады.

Іскерлік қарым-қатынастың табиғаты мен негізгі ерекшеліктері болып төмендегі ережелер немесе шарттар есептеледі:

- этикет нормасы (құрмет, тең құқықтылық, тұлғаның жетістіктерін бағалау, ілтипат көрсету, сөйлеу мәнері)

- регламенттілік (коммуникация өтіп жатқан аумақтың ұлттық-мәдениет дәстүрлерімен анықталған белгіленген ережелер мен заңдарға бағыну және берілген кәсіби ортада белгіленген кәсіби этикалық принциптер, уақыт нормасы)

- коммуникация жасау саласындағы терминдер мен кәсіби тілді жетік білу және оны меңгеру

- коммуникацияға қатысушылардың түр-әлпеті (визуалды байланыс, тұлғаның әлеуметтік жағдайы, жеке мінез-құлқы, өзіндік бағалауы)

- коммуникация барысында оған қатысушылардың мақсаттары мен құқықтары (конфликт мәселесін болдырмау мақсатында, оларды көндіру)

- іскерлік қарым-қатынас жазбаша және ауызша түрлерінде де өзінің жоғары дәрежелі конвенционалдығымен, яғни, белгілі бір қатаң тәртіпке, ережелермен нормаларға сүйенуіне тура келеді

- іскерлік қарым-қатынастың ресми немесе формалды қалыпта болуы, яғни, тұлғаның коммуникативті құзырлығы

- іскерлік қарым-қатынаста оған қатысушылардың ролдік мақсатын қатаң сақтау.

Әдебиеттер

- 1 Тимофеев М.И. Деловое общение: Учебное пособие. – М.: Изд-во РИОР, 2004. – 125 с.
- 2 Панфилов А.К. Деловой стиль в общении. – М.: 2002.
- 3 Психология и этика делового общения / Под ред. В.Н. Лавриненко. – М.: 1999.
- 4 Столяренко Л.Д. Психология и этика деловых отношений. – Ростов н/Д: Феникс, 2003. – 512 с.
- 5 Браим И.Н. Этика делового общения: Учебное пособие. – Минск: Жизнь, 1996.
- 6 Дебольский М.С. Психология делового общения. – М.: ПРИОР, 1992.

References

- 1 Timofeev M.I. Delovoe obschenie: Uchebnoe posobie. – M.: Izd-vo RIOR, 2004. – 125 s.
- 2 Panfilov A.K. Delovoy stil' v obschenii. – M.: 2002.
- 3 Psihologiya i etika delovogo obscheniya / Pod red. V.N. Lavrinenko. – M.: 1999.
- 4 Stolyarenko L.D. Psihologiya i etika delovyh otnosheniy. – Rostov n/D: Feniks, 2003. – 512 s.
- 5 Braim I.N. Etika delovogo obscheniya: Uchebnoe posobie. – Minsk: Zhizn', 1996.
- 6 Debol'skiy M.S. Psihologiya delovogo obscheniya. – M.: PRIOR, 1992.

ӘОЖ 81'23

А. Б. Байдуллаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің
III курс Ph.D докторанты, Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. д. профессорі В. У. Махпиров
e-mail: assel.baidullayeva@gmail.com

Жарнама слогандарындағы имплицитті және эксплицитті мәліметтерді енгізу әдістері

Мақалада жарнама дискурсы, оның ішінде слогандардағы имплицитті және эксплицитті мәлімет түрлерінің енгізілу әдістері сипатталған. Дәлірек айтқанда, жарнама дискурсындағы, оның ішінде жарнама слогандарындағы ашық және жасырын (имплицитті және эксплицитті) түрде беріледі. Осы мәселе тереңінен зерттелгенде, жарнама слогандарындағы пресуппозициялар мен коммуникативті импликациялардың мәні зор екендігі анықталды. Имплицитті және эксплицитті мәліметтердің анықтамасы беріліп, мысал келтіріледі. Мақалада слогандардағы пресуппозициялардың когнитивті түрлері, яғни семантикалық және прагматикалық пресуппозициялар, сондай-ақ олардың әрқайсысының жіктелуі талқыланған. Адам санасына коммуникативті әсер ету стратегиясымен танысуға мүмкіндік беріледі. Нейролингвистикалық бағдарламалаудың кейбір заңдылықтары қалай іске асатыны жайында сөз қозғалады.

Түйін сөздер: слоган, имплицитті, эксплицитті, пресуппозиция, когнитивті, мәлімет.

А. Б. Байдуллаева

Методы ввода имплицитной и эксплицитной информации в рекламных слоганах

В статье рассматриваются методы ввода скрытой и открытой (имплицитной и эксплицитной) информации в рекламном дискурсе, а точнее, в рекламных слоганах. Автор, исследовав эту проблем глубже, обнаружил, что очень большую роль в рекламных слоганах играют когнитивные пресуппозиции и коммуникативные импликации. Даются определения понятиям «имплицитный» и «эксплицитный» с примерами. В статье обсуждаются когнитивные типы пресуппозиций, т. е. семантические и прагматические, и их типология. Дается возможность познакомиться со стратегией коммуникативного воздействия на сознание человека. Рассматриваются некоторые закономерности нейролингвистического программирования.

Ключевые слова: слоган, имплицитный, эксплицитный, пресуппозиция, когнитивный, информация.

А. В. Baidullayeva

Implicit and explicit information giving methods in advertising slogans

The article depicts direct and hidden (implicit and explicit) information giving in advertisement discourse, meaning advertising slogans. Having investigated this topic thoroughly, the author found out that cognitive types of presupposition and communicative implicatures played a great role in advertising slogans. There are definitions of phenomena “implicit” and “explicit” with examples. The cognitive types of presupposition (semantic and pragmatic) and their typology is discussed in the article. There is a possibility to figure out what strategy of communicative influence on human’s cognition is. Some laws of neurolinguistic programming is also discussed.

Key words: slogan, implicit, explicit, presupposition, cognitive, information.

Кез келген оқиға не бейненің интерпретациясымен байланысты әсер етудің барлық түрлері екі когнитивті стратегияға, яғни интенсификация және кемітуге (downplay) бағынады. Олардың мәні жолданым иесінің әлем моделін болмыстағы кез келген объекті туралы мәліметтің саны мен сапасы жағынан өзгертуде болып табылады. [1, 265]

Интенсификация стратегиясы өзгенің кемшіліктерін көрсетіп, өзінің артықшылықтарын айқындай түсуге бағытталған (өзі үшін бұл көтермелеу, ал басқалар үшін кемсіту, кемшіліктерін асыра сілтеу деген сөз). Интенсификация әдістері – бұл қайталау, жағымды ассоциациялар, графика және т.б. Мысалға, *Skittles. Епимейді ыстықта, ериді ауызда.*

Кеміту стратегиясы, яғни Ларсонның терминологиясы бойынша, «downplay», өз кемшіліктері мен өзгенің артықшылықтарын жасыруды білдіреді. Көбінесе бұл кемшіліктер жайлы сөз қозғамау арқылы іске асады. Мәселен, *Dermajetics. Ылғалды ұстап, майлы жылтыр қалдырмайды.*

Осы сияқты, «терминологиялық тұман» тұтынушылар үшін маңызды мәліметтерді жасырып, маман емес адамдарға түсініксіз ақпаратты бірінші орынға қойып шатастыруға көмектеседі.

Жоғарыдағы мысалдардың жасырын компоненттерінде (алғышарттарында) осы тауар категориясына жататын басқа брендтердің тауарлары жайлы жағымсыз ақпарат сақталған. Біз бұл туралы келесі тарауларда толығырақ тоқталамыз. Қарым-қатынас жасау үрдісі деген не? Біз сезімдерімізбен бөлісеміз, ойымызды білдіреміз, сұранамыз, бас тартамыз, өкінеміз және т.б. Тілдесу кезінде коммуниканттар бір-бірімен белгілі бір мәліметпен алмасады. Алайда қарым-қатынастың мақсаты мен нәтижесі тек мәлімет алмасу ғана емес, ол әлдеқайда кеңірек жатыр. Сөйлеушілер (көбінесе өзі білмей) өздерінің әлем туралы білімдерімен, оны қалай қабылдайтындары жайында түсініктерімен бөліседі. Яғни, өздері өмір сүретін, олардың жеке тәжірибелері және қауым тәжірибесі айқындалатын «өздерінің» әлемі туралы мағлұматты таратады. Кейде бір тілді сөйлесетін адамдар бірін бірі жақсы түсінбеуі мүмкін. Бұл -қарым-қатынас кезінде осы екі адамның әлем моделдерінің сәйкес келмеуін жеңе алмағандығы. Осылайша, коммуникацияны сөйлеуші білімінің тыңдаушының әлем моделіне интеграциясы деп атасақ әбден болады. Мұны тағы білім онтологизациясы деп те атайды.

Қарым-қатынас кезінде кейбір мәліметтер айқын түрде беріледі:

Ал екіншілері сөз күйінде айтылмайды, айтылған сөздің жасырын компоненттері ішінде болады. *Мысал Каспий банкі. Сіз үшін тағы не істей аламыз?*

Сөйлеу арқылы әсер етудің білімді жасырын түрде берілу эффектілерін қолданатын механизмдері бар. Бір қиыны – ескі білім «өзгерістерге» қарсыласуында. Моделдің кез келген модификациясы интеллектуалды қордың шығынын талап етеді. Егер жаңа білім ескі білімге қарсыласса, адам санасында «когнитивті диссонанс» орын алады. Адам бұл мәселені шешу үшін ең бірінші орында стереотиптерді қолдануға тырысады.

Бұл – әлемнің когнитивті тұрақтылығы заңы: өзгеріс тек ескі білім мәселені шешуге шамасы жетпеген жағдайда ғана орын алады.

Яғни, аргументацияның негізгі функциясы (мейлі ол тікелей болсын, не жасырыны болсын) жаңа білімді адресаттың әлем бейнесіне енгізу болып табылады. Сонымен қатар бұл үрдіс ол үшін ешбір ауырлықсыз және табиғи түрде өтуі қажет.

Пропаганда, жарнама, PR теориясы мен практикасында жаңа мәліметті енгізудің имплицитті әдістері баяғыдан қолданылады. Айтылған сөздің жасырын компоненттері, алғышарттары мен салдары арқылы берілетін мәлімет ашық түрде берілген мәліметтен әлдеқайда жақсырақ меңгеріледі. [2, 54]

Сонымен қатар, пресуппозиция деп аталатын сөйлемнің логикалық алғышарттары бар. Кез келген адресат оларды ойлау заңдылықтарына сәйкес анықтайды. Мысал: *L'Oreal – “Because You're Worth It” – өте күймі пресуппозициясы бар слоган.* Яғни, жолданымды қабылдаушы өзінің де әйгілі өнер жұлдыздары секілді терінің қорғауына лайық екенін, дәл осы косметика оған сондай м.мкіндік беретінін рас деп түсінеді.

Имплицитті мәліметті анықтау белгілі бір ой еңбегін қажет етеді. Өз ой белсенділігі арқылы алынған білім оңайырақ «жекешелендіріледі». Осылайша, интеллектуалды күш шығыны жаңа білімнің жеңіл меңгерілуіне алғышарт жасайды. Бұл мәлімет субъективті түрде жақынырақ болады. Бұл когнитивті механизм әсер ету мақсатында көптеп қолданылып келеді: Мәлімет жолдаушы адресатты (адресаттың пікірінше) өз бетінше, ешбір қысымсыз ой еңбегін жасап, керекті қорытындыға келуіне жағдай жасайды.

Сондай-ақ, жасырын мәліметті шығарып алу адресаттың интеллектуалды жағынан өзін-өзі жоғары бағалауын да қамтамасыз ететін қасиеті де жоқ емес. Адресат не меңзеліп тұрғандығын түсінгеніне, мәлімет жолдаушы екеуі бір тілде сөйлегендігіне риза болады.

Бұл мәліметті имплицитті түрде енгізу механизмі әсер ету тиімділігін жоғарылату мақсатында түрлі аргументацияларда қолданылады. Не себептен?

1. Адресат имплицитті мәліметті сана-сезімімен ұғынбайды, сол себептен критикалық тұрғыдан бағаланбайды.

2. Жасырын мәліметті шығарып алу үрдісі сөйлеушінің санасында орын алады, сондықтан

алынған әсер «сырттан» келген болып қабылданбайды.

3. Хабарлама авторы мәліметті имплицитті түрде жолдағаны үшін жауапкершілікті өте сирек алады, сол себептен оны қандай да бір заңды бұзды деп жауапқа тарту өте қиын. [3]

Жарнама слоганындағы семантикалық пресуппозициялар

Сөздер мен сөйлемдердің мәнерлері айтушы көбіне сезіне бермейтін, бірақ қосымша зерттеу (мәселен лингвистикалық) арқылы оңай анықталатын мағыналық компоненттері болады.

Пресуппозицияның бұл түрінің ерекшелігі сол, ол айтылған сөздің шынайы болуын, сондай-ақ жалған болуын да мүмкін екендігін көрсетеді. Осылайша, слоган шынайы да, жалған да болуы мүмкін.

Сұраулы құрылымдар

Аргумент слоганнан адресат тезисті анықтай алатын сұрақ (көбінесе риторикалық сұрақ) күйінде енгізіледі.

Мысал: *Где мякоть?* Пико шырындары.

Имплицитті логикалық байланыс

Аргументация хабарлаушының өзінің ой-пікірін адресатқа тықпалап, оның өз логикалық қорытындысы ретінде көрсетіледі, яғни «Өзіңіз біліңіз» деген принцип бойынша. Адресат айтушының пайымдау барысын байқап отыруына тура келеді, және осы арқылы өзінің оның логикасына қатысы бар екендігін сезіп отырады. Мәселен, *Если ни цена, ни лишние калории не смущают, выбирайте традиционное сливочное масло.*

Абсурд логикасы

Аргументация оппоненттің логикасын абсурд дәрежесіне жеткізу арқылы іске асады. Мұндағы оппонент шынайы өмірде бар болуы да мүмкін, сондай-ақ, жалған оппонент те болуы мүмкін. Бұл техника ток-шоуларда көптеп қолданылады.

Жасырын тезисті жоққа шығару

Аргументация адресат өзі айқындап алуы тиіс пресуппозицияны жоққа шығару ретінде де келтіріле алады. [4, 226]. Мысалға, *The Earth rounds around the Sun. Proved Galileo. Sterling home technology exists. Proved by Zanussi.*

Прагматикалық пресуппозициялар

Жасырын аргумент ретінде хабарлаушыға да, адресатқа да белгілі прецедентті құбылыстар, ұғымдар мен түсініктер қолданыла алады. Бір сөзбен айтқанда, екеуінің әлемдік бейнелері ортақ болуы тиіс, әйтпесе коммуниканттар бірін бірі мүлдем түсінісе алмайды.

Мысал Renault. *Drive the change.*

Коммуникативті импликауралар

Адресат үшін маңызды, бірақ вербальданбаған мәлімет ретінде сөйлесудің принциптері мен постулаттары, коммуникацияның барлық ережелері қолданыла береді. Олар прагматикалық зерттеулерде, дәлірек айтқанда, қарым-қатынастың принциптері мен максималары негізінде талқыланады. [5, 45] Бұл еңбектерде сөйлесудің жалпы заңдылықтары егжей-тегжейлі сипатталған. Оның ішінде әдептілік принциптері мен кооперациялары туралы жақсы баяндалған. Бұл принциптердің мазмұнын ең алғашқы болып П. Грайс зерттеді.

П. Грайстың концепциясында негізгі болып Кооперация принципі табылады. Ол принцип коммуниканттардың әрқайсысы әңгіменің дәл осы сатысына сәйкес өз үлестерін қосуына негізделеді. Яғни, әңгімелесушілер бірлікке ұмтылулары қажет. Кооперация принципі дискурстың нормативтілігін анықтайтын ережелер мен максималар арқылы іске асады. Принциптерді максималар деп атау себебі – олардың жалпы ережелер мен нұсқаулар ретінде қалыптасуы: осындай жағдайда өз-өзінді осылай ұста. Грайс еңбегінде сөйлесудің (4 түрі – сан максимасы, сапа максимасы, қарым-қатынас максимасы және сын-қимыл максимасы) және «конверсационды емес» максималарын (қоғамдық арақатынастың фондық ережелері (мәселен, «Сыпайы бол») ажыратады. [6, 68-70]

Сол максималарды сақтау немесе сақтамау адресаттың алынған хабарламаны дұрыс интерпретациялауына тікелей әсер етеді. Осылайша, анасының: «Саған кім телефон шалды?» деген сұрағына қызы: «Бір адам» деп жауап берсе, қызы сан максимасы мен сапа максимасын сақтамайды. Оның біріншісі кооперативті қарым-қатынас үшін қанша мәлімет қажет болса соншасын талап етсе, екіншісі айқындықты талап етеді. Қызының жауабынан анасы оның телефон шалған адам туралы мәліметпен бөліксіз келмейтіні туралы қорытынды жасай алады.

Коммуникативті импликауралар диалогтың жалғасын (инициативасын, кезегін) анықтайтын қатарына әңгімелесушілер тіпті талқыламайтын конвенциялар, статустық-рөлдік және этикеттік шарттылықтар, сөйлесу актілерінің белгілі бір жағдайда орындылығы т.б. Сондай-ақ, әркім өзінің «коммуникант кодексін» сақтауға құқылы, ал ол, әдетте, талқыға салынбайды.

Әдебиеттер

- 1 Larson Ch. Persuasion: Reception and responsibility. – Belmont, California, 1992. – Б. 265.
- 2 Баранов А.Н. Что нас убеждает. – М., 1990. – Б. 54.
- 3 «Жарнама туралы» ҚР Заңы 2003 жылғы 19 желтоқсан. – №508. – 2 тарау. – 7 бап. – Жөнсіз жарнама түрлері.
- 4 Барт Р. «Глубинная» реклама // Барт Р. Мифологии. – М., 1996. – Б. 226.
- 5 Грайс П. Логика и речевое общение // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 16. – М., 1985. – Б. 45.
- 6 Leech G. English in Advertising. – N.Y., 1966. – Б. 68-70.

References

- 1 Larson Ch. Persuasion: Reception and responsibility. – Belmont, California, 1992. – 265 b.
- 2 Baranov A.N. Chto nas ubezhdaet. – M., 1990. – B. 54.
- 3 «Zharnama turaly» ҚР Заңы 2003 жылғы 19 желтоқсан. – №508. – 2 тарау. – 7 бап. – Жөнсіз жарнама түрлері.
- 4 Bart R. «Glubinnaya» reklama // Bart R. Mifologii. – M., 1996. – B. 226.
- 5 Grays P. Logika i rechevoe obschenie // Novoe v zarubezhnoy lingvistike. – Vyp. 16. – M., 1985. – B. 45.
- 6 Leech G. English in Advertising. – N.Y., 1966. – B. 68-70.

УДК 82-31

О. Валикова

Ph.D докторант I курса Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан
Научный руководитель – д. ф. н. профессор Б. У. Джолдасбекова
e-mail: leka.valikova@mail.ru

Мифопоэтический анализ романа А. Жаксылыкова «Поющие камни»

Приведенный в статье анализ архетипических комплексов позволяет дешифровать подтекстовую информацию, заложенную в романе А. Жаксылыкова, и выйти на идейно-тематический уровень произведения. Предпринята попытка интертекстуального рассмотрения архетипов с целью декодирования потенциальных смыслов текста. В качестве базовых архетипов выбраны архетип ребенка (детства) и эсхатологический архетип Мирового Змея, которые создают единую апокалиптическую модель. Эта модель значима как авторское видение будущего, связанного с экологической катастрофой земли и личности. Автор статьи выходит на концепцию панвитализма, согласно которой все сущее наделено душой и взаимосвязано. Таким образом, А. Жаксылыков выступает адептом новой для казахстанской прозы философской концепции.

Ключевые слова: литература постмодернизма, архетип, символ, авторская картина мира, панвитализм, аллюзия, интертекст.

О. Валикова

А. Жаксылықовтың «Әнші тастар» атты романына аңыз әрі ақындық тұрғыдан талдау

Мақалада берілген архетиптік жинақтарға жасалған талдау А. Жаксылықовтың романына негізделген мәтін астарындағы ақпаратты айқындауға, сондай-ақ шығарманың ой-тақырыптық деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. Мәтіннің элеуетті мағыналарын ашу мақсатында мәтінаралық қарастыру ісі қолға алынды. Негізгі іргелі архетиптер ретінде біркелкі апокалиптикалық үлгіні қалыптастыратын баланың (балалық шақтың) архетипі және Левиофанның эсхатологиялық архетипі тандап алынды. Аталмыш үлгі жер мен жеке тұлғаның экологиялық алапатпен байланысты келешекті авторлық тұрғыдан тани білуімен маңызды. Автор панвитализм тұжырымдамасын тілге тиек етеді, аталып отырған тұжырымдамаға сәйкес барлық жаратылысқа жан берілген де олар өзара бір-бірімен байланысты болып келеді. Міне, осылайша, А. Жаксылықов қазақ прозасы үшін жаңа болып табылатын пәлсапалық тұжырымдаманың апологеті (мысалы) ретінде көрінеді.

Түйін сөздер: кейінгі модернизм әдебиеті, архетип, белгі, әлемнің авторлық көрінісі, панвитализм, аллюзия, мәтінаралық.

O. Valikova

Mythopoetical analyzes of A. Zhaksylykov's novel 'Singing stones'

The analyzes of the archetypal complexes given in the article allows to interpret subtextual information stored in the novel of A. Zhaksylykov, and get on the ideological and thematic level work. Attempted intertextual archetypes consideration to decode the potential meaning of the text. As basic archetypes the struct of the child (childhood) and Leviofan's eschatological archetype which create uniform apocalyptic model are chosen. This model is significant as author's vision of the future connected with an ecological disaster of the earth and the personality. The author of article comes to the pan-vitalism concept according to which, all real is allocated with soul and is interconnected. Thus, A.Zhaksylykov acts as the apologist of the philosophical concept new to the Kazakhstan prose.

Key words: literature of postmodernism, an archetype, a symbol, the author's world view, allusion, intertext.

Бахытжан Момыш-ұлы определил произведение А. Жаксылыкова как «космогонический труд, который можно условно назвать романом-арманом, то есть романом-мечтой, словом предостережения, болью человека в человечестве» [1, 13]. Цикл, посвященный памяти

жертв испытаний на ядерных полигонах республики, выполнен в эстетике экспрессионизма (архитектоника, хронотоп, отличающийся размытостью границ между реальным и ирреальным, интересубъективность авторского сознания). С точки зрения жанровой специфики мы

определяем роман «Поющие камни» как философский, акцентирующий проблемы войны и вооружения не только на уровне «малой истории», – судьбы брошенного военного городка – но и в масштабе всего человечества.

Фабула в рассматриваемом тексте не равнозначна сюжету: действие романа развивается в двух пространственно-временных измерениях, одно из которых реально, а второе «проистекает» из сознания героя-рассказчика. Таким образом, автор создает модель многомерной действительности в оппозиции объективного и субъективного, что позволяет определять текст как полифонический и – шире – диалогический, направленный на непосредственный контакт с адресатом.

Главный герой романа, выступающий также в роли рассказчика, – казахстанский интеллигент, представитель «потерянного поколения» 70-х с несложившейся судьбой. Ключевые сюжетные слоты – непонимание и ссоры в семье, измена жены, предательство лучшего друга, дальнейшие скитания, рабство и госпиталь – преломляются сквозь призму сознания героя, трансформируются в параллельное повествование на уровне потока сознания. Именно этот аспект романа открывает перед нами «внутреннего человека», его духовный поиск. Одиночество среди людей проявляется уже во втором абзаце текста, когда рассказчик зовет медсестру:

- Сестра! – вдруг вырывается откуда-то истошный крик и летит по гулким больничным коридорам, откликаясь невнятным эхом то в удаляющихся закоулках пространства, то в воспаленных клетках моего мозга.

- Сестра! – Чье это отчаяние, чей крик и страх?

-Сестра, сестричка, - глубоко заглядываю в ее глаза [1, 15].

Герой не отдает себе отчета в порыве позвать медсестру: на это указывает наречие «вдруг», свидетельствующее о спонтанности, неожиданности решения, и весь лексический ряд предложения – «вырывается» (неконтролируемость действия), «истошный», «крик». Далее автор маркирует свои эмоции как «отчаяние» и «страх». Важно и обращение к медсестре, – «Сестра» – которое в третьей реплике модифицировано в уменьшительно-ласкательную форму «сестричка».

Происходит приращение смысла: «сестра» в данном контексте выступает не столько в роли медицинского работника, сколько в экзистенциальной, религиозной роли сестры (вспомним евангельское «Все мы братья и сестры»).

Таким образом, герой вызывает к родственной душе, к «сестре» в общечеловеческом понимании, способной унять его боль и одиночество.

Весь ее образ связан с планом света: имя (Сауле, «светлая»), элементы портрета («влажные чистые глаза», «окутанная чудесным теплым мерцанием», «белые тонкие пальцы с розовым свечением ногтей»), реакция рассказчика:

«Влажные чистые глаза девочки-оленьки врываются в мой бред, в мой кошмар, словно лучи света, отбрасывают прочь зловещие тени» [1, 15].

«Бред», «кошмар», «окаянные годы» – это перманентное внутреннее состояние героя. Его духовный поиск происходит в пространстве реального и иллюзорного, границы которого настолько размыты, что и сам рассказчик не в силах отличить объективное бытие ото сна.

Немаловажную роль в этой деструктуризации сознания, на наш взгляд, сыграл ландшафтный и исторический контекст взросления главного героя в условиях постоянных испытаний на Семипалатинском полигоне.

По Ж.Х. Салхановой, национальный мир есть единый космос, в котором слиты человек и исторически окружающая его природная среда, влияющая на социальную психологию целого этноса [2, 295].

Как отмечает Н.К. Сарсекеева, «персонажи современной казахстанской прозы несут в себе отголоски исторических потрясений, бурь и катаклизмов; их ощущения и страдания во многом связаны с историческим прошлым, памятью «истории своего рода» [3, 302].

Я рос хилым болезненным мальчиком. Мы росли и болели, болели и росли, и никто из нас не догадывался, что за западными холмами зарылся в землю айдахар по имени Полигон. Глухие подземные удары, трещины на стенах, периодический звон посуды в шкафу, свечение облаков были для нас такими же привычными явлениями, как очередные поварные эпидемии в округе, постоянное головокружение и слабость, кровотечение из носа, волдыри и лишай, покрывающие тело с ног до головы [1, 41].

Приведенная ретроспектива архетипически очень значима. Мальчик, росший в окружении ядерных взрывов, не отдавал себе отчета в происходящем; в тексте имплицитно заложены архетипы детства и апокалипсиса, представленные в дихотомии.

Инклюзивное местоимение «мы» маркирует всех детей, взрослых вместе с главным героем. Предикат «не догадывался» («никто из

нас не догадывался») семантически возводит их в разряд безвинных жертв, ничего не знавших об испытаниях, страдавших и погибавших в своем незнании.

Описание болеющих и гибнущих детей близко к эстетике натуральной школы, для которой характерна фактографическая фиксация явлений («кровотечение из носу, волдыри и лишаи»). На концептуальном уровне дети приравнены к жертвам. Онтологически это сближает произведение с текстами Ф. Достоевского и И. Бунина. Так, поставленный Ф. Достоевским вопрос о том, «стоит ли мир слезки ребенка», знаменует гуманистическую идею писателя о детях как о будущем человечества. В «Деревне» И. Бунина, где все дети умирают в младенчестве либо раннем возрасте, символически эксплицировано и само угасание рода, отсутствие какого-либо продолжения, крах общины.

Дети в романе А. Жаксылыкова погибают из-за испытаний на полигоне. Автор обозначил его как айдахара, дракона, подземного змея. Это уровень подтекстовой, шире – интертекстовой информации, аллюзия на Урбороса, библейского Левиафана и великого скандинавского змея Ермунганда, олицетворяющего конец мира.

Левиафан (ивр. לִוְיָתָן (чит. ливьятан) – «скрученный, свитый») – чудовищный морской змей, упоминаемый в Ветхом Завете, иногда отождествляемый с сатаной. В книге Иова Левиафан описывается так (Иов.40:20 – 41:26):

Когда он поднимается, силачи в страхе, совсем теряются от ужаса. Меч, коснувшийся его, не устоит, ни копё, ни дротик, ни латы. Железо он считает за солому, медь — за гнилое дерево. Дочь лука не обратит его в бегство; пращные камни обращаются для него в плеву. Булава считается у него за соломину; свисту дротика он смеётся. Под ним острые камни, и он на острых камнях лежит в грязи. Он кипятит пучину, как котёл, и море претворяет в кипящую мазь; оставляет за собою светящуюся стезю; бездна кажется сединою. Нет на земле подобного ему; он сотворён бесстрашным; на всё высокое смотрит смело; он царь над всеми сынами гордости.

Данный фрагмент важен для дальнейшей интерпретации архетипа: мы можем дифференцировать такие признаки чудовища, как непобедимость, громадность, разрушительная мощь. Отравленная «светящаяся стезя», которую Змей оставляет за собой, перекликается с описанием

«светящихся облаков» и «отравленных трав» в тексте А. Жаксылыкова.

В германо-скандинавской мифологии, как пишет Л. Фубистер [4], форму Змея принимает Ёрмунганд (также называемая «Мидгардским змеем» или «Мидгардсормом», богиней зла). Когда отец и предводитель асов Один впервые осознает таящуюся в змее опасность, он вырывает ее в мировой океан. В океане Ёрмунганд разрастается до столь больших размеров, что опоясывает своим телом землю. Именно здесь, в мировом океане, она находится большую часть времени вплоть до наступления Рагнарёка – конца света, гибели богов Асгарда. Выбравшись из мирового океана, змея отравляет своим ядом небо и землю.

В учении христианских гностиков Змей (Дракон, Урборос) был отображением конечности материального мира. Один из ранних гностических трактатов «Pistis Sophia» дает следующее определение: «материальная тьма есть великий дракон, что держит хвост во рту, за пределами всего мира и окружая весь мир»[5]; с ним ассоциировали и распад всего мироздания.

Таким образом, А. Жаксылыков создает модель «апокалиптического будущего»: архетип детей (погибающих) связан с архетипом Змея, несущего в себе символику конца мироздания, разрушения его основ.

Обращение к пейзажным зарисовкам в значительной степени связано с желанием поднять вопрос о социальных проблемах.

По Ш.Т. Адигаевой, природа в современном искусстве выступает в качестве средства отображения состояний внутреннего мира человека.

«Помимо этого современная литература предостерегает: миру грозит экологическая катастрофа. Эта проблема вышла за рамки государственных границ и приняла общепланетарный масштаб. Одной из причин безразличия к миру природы является ее десакрализация» [6, 18].

Отношение А. Жаксылыкова к природе в корне отличается от предшествующих представлений и возвращается к мифологическим истокам. Как предотвратить глобальное отчуждение человека от мира природы? Разработка этого вопроса лежит в основе философии постмодернизма – панэкологизме, направленном на поиск и сохранение духовных ценностей.

Детство главного героя проходит в контексте «отравленной природы», в постоянном

страхе, что в конечном счете деформирует его личность:

Первым горем в моей жизни стала смерть малолетней шалуньи-сестренки. К похоронам пришлось привыкнуть... Стариков в нашем селе можно было по пальцам перечесть, зато быстро росло кладбище. Я рос болезненным мальчиком с вечной тревогой в глазах и глухим страхом под сердцем. Я боялся ночной темноты, боялся шумного дня. Я боялся энергичных людей, громкого голоса, не выносил быстрых движений. Уже в раннем детстве я интуитивно почувствовал свой удел – быть одиноким всю жизнь.

Гуманистическая идея Человека как духовного и разумного существа раскрывается в образе главного героя, ученого Жана. Мы можем проследить его трансформации на уровне сюжетики. Так, изначально главный герой – блестящий научный деятель, поэт:

Она и краем глаза не посмотрела бы на него, если бы не подружки по университету, которые сходили с ума от его стихов, да преподаватели факультета, которые дружно пророчили ему блестящее будущее [1, 23].

Восстанавливая хронологическую последовательность повествования, мы становимся свидетелями социальной деградации героя, которая, однако, сопряжена с его духовной эволюцией.

«Внешний человек» (Е. Эткинд) представлен в тексте следующей характеристикой:

В один из погожих осенних дней старик вынес во двор для просушки старинное зеркало с подставкой-тумбой. Проходя мимо, я невольно остановился и взглянул на себя. Я увидел в зеркале бородатого сгорбленного неандертальца с тяжелой ухмылкой на дегенеративной морде, с оскалом потраченных зубов, с тьмой в сумрачных глазах. То была печальная человеко-обезьяна, обряженная во что-то наподобие пуловера, в белесые джинсы с заплатками. То был я, уже ничем не напоминающий того вылощенного интеллектуала, почитаемого друзьями и студенческой молодежью, какими видели и воспринимали меня окружающие всего несколько лет назад. Да, это был я и как будто не я.

Для понимания приведенного фрагмента проанализируем символику зеркала. Выходя за рамки фольклорных представлений, мы можем обозначить данный символ как уровень отражения – рефлексии – самопознания.

Отражение человека в зеркале почиталось у некоторых народов какместилище души; по этой причине люди, не отражающиеся в зеркале, считались проклятыми, продавшими душу дьяволу. В различных традициях актуализируется мистическая связь зеркального образа и его объекта. В индийской традиции зеркало считается символом истины; в средневековой Европе оно рассматривалось как символ созерцания, самопознания и истины и в этом своем значении уподоблялось глазу. В суфизме образ зеркала, которое отражает различные объекты, но само сохраняет свою природу, использовался для иллюстрации идеи единства и многообразия универсума. Также двум зеркалам, отражающим друг друга, уподоблялись мир и Аллах. В то же время зеркало определяется как порождающее искажения (кривые зеркала), абберрации: отражение не совпадает с образом, недостоверно либо поверхностно и неполно. Земное существование предстает как неподлинное отражение абсолютного бытия, как его искаженный зеркальный образ.

Поэтика символа выводит нас на внутренний мир героя. Обозначим следующие его дефиниции: наличие Души (Жан видит свое отражение; более того, внутренняя форма имени Жана – «Душа» в переводе с казахского); постоянный поиск истины; стремление к высшему Бытию).

Жан попадает в рабство к старику-китайцу, однако даже в этих обстоятельствах продолжается его Поиск. Внешний план реализации образа уничижителен, деструктивен:

В то же время в их глазах я с поразительной ясностью видел отраженного себя, поваленного в грязь, жалкого бомжа с включенной сивой бородкой, дикими зрачками, застывшими в смертельном ужасе.

– Давить таких надо, – посоветовал тучный мужчина в соломенной шляпе. – Это не человек даже, таракан какой-то.

Как и в предыдущем абзаце, одним из ключевых мотивов фрагмента является мотив отражения, который позволяет нам дешифровать весь символический комплекс как оппозицию истинное-ложное, правдивое и искаженное. Внешняя реакция окружающих на Жана – искажение, непонимание его глубинных мотивов. При этом сам Жан заглядывает внутрь себя и обретает истину. Введенная автором номинация «таракан» – еще один ключ к толкованию мировоззрения главного героя, которое можно

определить как универсальное, интегрирующее духовный опыт всех культур и религий (в данном случае это отсылка к буддизму). Это подтверждает следующий фрагмент:

Я молюсь Аллаху, но угоден и Дао и Будде!
[1, 29]

Жан – апологет великой единой истины, воплощенной в разных языках, культурных традициях и религиях, истины о неразрывном единстве всего человечества, не детерминированном какими-либо этническими признаками.

...сочинял легенды о самом себе, творил миры, небесную твердь и землю, рассыпал созвездия, кишел всюду и везде бессмертными вездесущими спорами-организмами, сонмами членистоногих роился в зарослях, в отбросах, в трухе циновки на полу дровяного сарая, где, не ведая сути, умирал на больничной койке, бредил в навозной пыли рядом с пастушком и нигде не мог спастись от самого себя [1, 34].

Он одновременно и Демиург, и объект творения. В этом мы усматриваем аллюзию на стихотворение Г. Державина «Бог».

Наличие этого интертекста является, на наш взгляд, еще одним аргументом того, что человек, по А. Жаксылыкову, есть проявление Бога, существо духовное и космически неразрывное с природой, макрокосмом, который его окружает. Это имплицитно заложенная в романе кон-

цепция натурфилософии – панвитализм, учение, согласно которому в природе всюду царит жизнь. Все объекты в Мире обладают психикой (сознанием), в Природе нет ничего мертвого – от звезд до атомов. Все в Мире пронизано Мировой Душой (жизненная сила – двигатель телесной формы жизни, женский аспект Бога) и Мировым Духом – волеизъявляющей, познающей и творящей Силой, мужским аспектом Бога. Панвитализм рассматривает всю материю как одушевленную.

Текст А. Жаксылыкова обращен «внутри» Человека, к созданию личностной истории, способной раскрыть силу внешней катастрофы. Прием интроспекции, постоянного самонаблюдения, способствует созданию эффекта достоверности и делает повествование глубоко психологичным.

Именно Жан становится субъектным воплощением концепции гуманизма. Несмотря на то, что он видит человечество «суетливым», «копашимся», «сытым», он благословляет его, осознавая, что именно такова «роевая» жизнь.

Перед нами гуманизм антропоцентрический, обращенный к Человеку, его достоинству, духовной и интеллектуальной эволюции – А. Жаксылыков, на наш взгляд, сумел воплотить это наиболее ярко в современной казахстанской прозе.

Литература

- 1 Жаксылыков А.Ж. Сны окаянных: Трилогия. – Алматы: ТОО «Алматинский издательский дом», 2006. – 526 с.
- 2 Салханова Ж.Х. Лирическая экспликация образа степи в творчестве Бахыта Каирбекова // Материалы Международной научно-практической конференции «Язык – Речь – Слово в филологических исследованиях», посвященной 80-летию со дня рождения проф. Р.С. Зуевой. – Алматы: Казак университети, 2012. – С. 295-298.
- 3 Сарсекеева Н.К. Проблемы экзистенциального анализа в современной литературе // Материалы Международной научно-практической конференции «Язык – Речь – Слово в филологических исследованиях», посвященной 80-летию со дня рождения проф. Р.С. Зуевой. – Алматы, Казак университети, 2012. – С. 298-302.
- 4 Foubister, Linda. Goddess in the Grass: Serpentine Mythology and the Great Goddess. – Linda Foubister, 2003. – P. 30.
- 5 Robertson, Robin; Combs, Allan. The Uroboros // Indra's Net: Alchemy and Chaos Theory as Models for Transformation. – Quest Books, 2009.
- 6 Адibaева Ш.Т. Поэтика мифа в художественной прозе конца XX – начала XXI веков... Автореф. на соискание уч. степени канд. фил. Наук. – Алматы, 2005. – 25 с.

References

- 1 Zhaksylykov A.Zh. Sny okayannyh: Trilogiya. – Almaty: TOO «Almatinskiy izdatel'skiy dom», 2006. – 526 s.
- 2 Salhanova Zh.H. Liricheskaya eksplikatsiya obraza stepi v tvorchestve Bahyta Kairbekova // Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Yazyk – Rech' – Slovo v filologicheskikh issledovaniyah», posvyaschennoy 80-letiyu so dnya rozhdeniya prof. R.S. Zuevoy. – Almaty: Kazak universiteti, 2012. – S. 295-298.
- 3 Sarsekeeva N.K. Problemy ekzistentsional'nogo analiza v sovremennoy literature // Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii «Yazyk – Rech' – Slovo v filologicheskikh issledovaniyah», posvyaschennoy 80-letiyu so dnya rozhdeniya prof. R.S. Zuevoy. – Almaty, Kazak universiteti, 2012. – S. 298-302.
- 4 Foubister, Linda. Goddess in the Grass: Serpentine Mythology and the Great Goddess. – Linda Foubister, 2003. – P. 30.
- 5 Robertson, Robin; Combs, Allan. The Uroboros // Indra's Net: Alchemy and Chaos Theory as Models for Transformation. – Quest Books, 2009.
- 6 Adibaeva Sh.T. Poetika mifa v hudozhestvennoy proze kontsa XX – nachala XXI vekov... Avtoref. na soiskanie uch. stepeni kand. fil. Nauk. – Almaty, 2005. – 25 s.

ӨОЖ 811.512.122'373:74

А. С. Далабаева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің III курс Ph.D докторанты, Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. д. профессор Т. Т. Аяпова
e-mail: aizhanna_kz@mail.ru

Қазақ халқының ұлттық киім-кешек лексикасының лингвомәдени аспектісі мен семантикалық көрсеткіші

Мақалада қазақ халқының ұлттық киім-кешек лексикасының лингвомәдени аспектісі мен семантикалық көрсеткіштері талқыланады. Себебі қоғамдағы әлеуметтік, мәдени өзгерістерге және басқа да жағдайларға байланысты кейбір сөздер қолданыстан шығып не мүлдем ұмытылып жатыр. Сондықтан біз ұлттық киім-кешек лексикасын зерттеуге үлкен ғылыми қызығушылық таныттық. Сөздер халық тарихына және мәдениетіне жол ашып, зерттеуші алдында сол халықтың әлем бейнесімен танысуға үлкен мүмкіндік береді. Ал лексиканың лингвомәдени аспектісін зерттеу, әлбетте, халық мәдениетімен тікелей байланысты. Сонымен, қатар тіл-ұлт-мәдениет ұғымдарының халық дүниетанымын танудағы рөлі, мәдениеттің көріністеріндегі тілдің рухани қызмет құралы, рухани құндылық көзі ретінде деген мәселелер, әсіресе халық мұрасы, тіл байлығы мол қазақ халқының киім-кешек лексикасы қарастырылады.

Түйін сөздер: тіл-ұлт-мәдениет ұғымдары, киім-кешек лексикасы, лингвомәдениеттану, әлемнің тілдік бейнесі.

А. С. Далабаева

Лингвокультурный аспект и семантический показатель лексики национальной одежды казахского народа

В статье рассматривается лингвокультурный аспект лексики национальной одежды казахского народа. В связи с изменениями в социальной и культурной жизни общества, и по другим причинам, некоторые слова стали реже использоваться. Таким образом, мы получили большой научный интерес для глубокого изучения слов одежды. Слова были и являются проводником в истории и культуре народа, они открывают широкую картину для исследователя, определяют эстетические вкусы и отношение людей. Изучение лингвокультурного аспекта слов, безусловно, связано с культурой народа. Многие ученые имеют доказательство лингвокультурного подхода к изучению слов. На самом деле, мы попробовали этот подход через наше исследование. Кроме того, описывается роль понятия языка в познании мировоззрения людей. А именно через словарный состав национальной одежды казахского народа, который отражает национальное наследие и языковое богатство.

Ключевые слова: язык-нация-культура, лексика одежды, лингвокультура, языковая картина мира.

A. S. Dalabayeva

The linguacultural aspect and semantic index of vocabulary of national clothing of Kazakh people

Due to changes in the social and cultural life of the community, and because of other reasons, some words have become extinct. Therefore, we have got the great scientific interest and a thorough study of words of clothes. Words were and are the conductor in history and culture of the people, they open up a broad picture to the researcher, defines the aesthetic tastes and attitudes of the people. Study of linguo-cultural aspect of words definitely is connected with the culture of people. Many scholars have a proof of linguo-cultural approach to the study of words. In fact, we tried this approach through our research. It also describes the role of the notion of language as a nation- culture in the knowledge of people's worldview. And it is through the vocabulary of the Kazakh national dress of the people, which reflects the national heritage and linguistic wealth.

Key words: language-nation-culture, lexis of clothes, linguaculture, and language worldview.

Сөз өз мағынасында осы сәтке дейінгі қоғам жинақтаған білімді сақтайды. Алайда бұл білім үнемі толығып отырады, ол өз құрамына басқа да мағыналық белгілерді жинай береді. Сөйтіп сөз өзі ие болған мағыналарды тілдік қорға

енгізе отырып, өз қызметін, тілдегі қолданыс ауқымын кеңейте түседі.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен даму барысындағы бүгінгі күннің қоғамдық-әлеуметтік контекстінде тілдің қызметі мен

әлеуетін айқындау мәселесі оны жаңа теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігін көрсетіп отыр. Осымен байланысты тіл білімінде тіл арқылы адам санасында қалыптасқан танымдық қорды және тіл арқылы бойға сіңген рухани құндылықтар жүйесін, ұлттық мінез-құлық пен бітім-болмысты зерттеуге бет бұрған қазіргі тіл білімінің лингвомәдени когнитивтік бағыты қалыптасуда. Бұл тектес танымдық та кешенді зерттеу үрдісін қалыптастыруға негіз болатын, мүмкіншілік беретін мазмұндық-деректік әлеует тіл құдіретінің сипатына сай тілдің өз бойынан табылады. Себебі, тіл – сол тілді тұтынушы этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының асыл қазынасы. К.Аханов: «Тіл – тек қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге ойлаудың, ойдың жарыққа шығуының да құралы. Адамның тілі ой арқылы, тілдегі сөйлемдер мен сөздер арқылы айтылып, белгі бола алады. Ой және оның мазмұны тіл арқылы көрініп, сол арқылы ұғынылады. Адам өз ойын басқаларға тіл арқылы айтып, не жазып жеткізеді», – деген [1, 68]. Ғалым пікірінен тіл мен ойлаудың ажырамас бірлікте екеніне және ойлаудың тіл арқылы жүзеге асатынына көз жеткізуге болады. Академик Ә.Қайдардың зерттеуі бойынша кез-келген тілдің қоғамда атқаратын өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Олар: «Коммуникативтік, көркем шығарма тілі-не тән адам баласына образ арқылы әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі; үшіншісі – ғылыми терминмен айтқанда, кумулятивтік қызметі, яғни ол тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отыратын игілікті қасиеті», – деп, тілді рухани құндылық ретінде бағалайды [2, 24-25].

Осымен байланысты қазіргі тіл білімінде тілдің мұрагерлік қызметінің мәнін зерттеудің әлеуметтік лингвистика негізінде кеңейіп, ұлттық мазмұны тереңдей түсуде. Оның себебі, әр тіл – өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Осындай мазмұнды құрылымына сәйкес ол – жай таңбалық жүйе емес, ұлт болмысын тұтас сипаттайтын мәдениет. Мәдениет ұғымының ғылымда сан түрлі анықтамалары бар екені белгілі. Өз зерттеулерінде солардың бәрін таразылай келіп, ұлт болмысы мен тіл қызметінің сабақтастық қағидасын ұстанатын академик Ә. Қайдар мәдениет

ұғымын «жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым, әрбір этносқа тән белгілі бір табиғи-әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасатын құбылыс» деп санайды. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология сияқты ұғымдардың бәрін бір этнос бойында тұтасқан ұлттық болмыс ретінде танып-білудің ең басты құралы – тіл екендігін ғалым ерекше атап көрсетеді. Тілді қарым-қатынас жасау мен ойды білдірудің ең басты тәсілі деп қана емес, жалпы мәдени білімнің жиынтығы ретінде қарайтын қағида тіл білімі тарихындағы зерттеу тәжірибесімен ұштасады [2, 44].

Әрине, мәдениет те тіл сияқты ақпаратты жеткізуші семиотикалық (таңбалық) жүйе, бірақ тілдің мәдениеттен айырмашылығы – оның тілді тұтынушы (адам) арқылы өзін-өзі ұйымдастыра алатын қабілетінде болса, ал мәдениет ең алдымен, есте қалатын ақыл-ой жетістігінің жиынтығы болып саналады. Сондықтан тіл арқылы мазмұндалған ұлт болмысы мен мәдениетін тану тіл білімінің қазіргі антропологистік бағыттағы лингвомәдениеттану саласының еншісіне тиіп отыр. Оның өзегі “Тіл – ұлт (ұлттық тұлға) – мәдениет ұғымдарынан тұрады. Осы тұрғыдан қарасақ, мәдениет – тіл арқылы көрініс табатын, адам өмірін, іс-әрекетін ұйымдастырушы, ұлттың заттық және рухани құндылықтар өрісі. Ал, тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым коммуникативтік таңбалық жүйе деп қарастыру ол туралы жалаң түсінікті қалыптастырады және оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді. Демек, тіл – әр халықтың тарихи-мәдени ұлы мұрасын өз бойында «әлемнің тілдік бейнесі» негізінде сақтаушы, жеткізуші және танытушы қазына.

Осыған орай қазіргі лингвистика саласындағы ғылыми ой дамуының жаңа үрдістері оның айқын лингвомәдени когнитивтік бағытын белгілейді. Осылайша мәдени-әлеуметтік әрекет үстіндегі тілді тұтынушының тілін (оның ішінде ең "сезімтал" бөлігі лексикалық деңгейі) танауда адамды, социумды жан-жақты зерттеу тіл білімінде өз кезегінде функционалды парадигма туғызды [3, 56-60]. Осымен байланысты қазіргі лингвистиканың құрылымын өзгерткен әртүрлі ғылыми теориялар, оның дәстүрлі түрде қалыптасқан салаларының арасындағы шекараны тоғыстырып, кешенді сипатпен то-

лықтырды. Соның нәтижесінде жалпы тіл білімінде қалыптасқан социоллингвистика, психоллингвистика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану т.с.с. сабақтас ғылым салалары зерттеу нысанының өзегін тілдің өзі емес, тілді құрал ретінде пайдаланатын тілді тұтынушының болмысын, іс-әрекетін, таным-пайымын зерттеуге бағытталған адамтанымдық мақсат құрайды. Атап айтқанда, сол тілде сөйлеушінің ішкі әлеміне ерекше көңіл бөлу мақсаты тіл білімінің басқа да (философия, тарих, психология, логика, әлеуметтану, этнография, мәдениеттану т.б.) ғылымдармен тоғысуына әкелді. Осының нәтижесіндегі лингвистикалық зерттеулердің тұтастық (интеграциялық) сипаты тілді ұлтпен біртұтас жүйе ретінде айқындайды. Соның нәтижесінде этнолексиканың, көне атаулардың таңбалану уәждемесінің мәдени құндылыққа ие болу ерекшелігінің анықталуы лингвомәдени когнитивтік бағыттағы тілдік зерттеулердің өзегіне айналды. Осы орайда дәстүрлі мәдениеттің көріністеріндегі тілдің рухани қызмет құралы, рухани құндылық көзі ретінде ұлт өкілдеріне сай ұлттық лексика көмегімен ұлттұтастырушылық дәйегін ашудың мәні ерекше. Себебі сол көздердің, яғни лексиканың мазмұнында айшықталған халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани және мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-санасы т.б. ұлттық ұжымда, сол тілде сөйлеуші ортада қалыптасып, тілінде сақталады. Бірақ сөз – заттың тура таңбасы емес, дүниенің тікелей бейнесі емес, адамның иә белгілі бір ұлттық ұжымның дүниені тануы мен күнделікті тұрмыс пен еңбек тәжірбиесі барысындағы архетиптік тілдік санасында, тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі [4, 60].

Кешенді лингвомәдени зерттеу барысында бір кезде күнделікті өмірде өте қажетті болған көптеген заттардың атаулары ғана қазіргі мәдениеттің, дәстүрдің және ұлттық мұраның жұрнағы ретінде сақталып қалғаны анықталады. Демек, атаулар жүйесінің қызметі тек атауыштық қана емес, танымдық та. Осымен байланысты жүргізіліп жатқан іргелі зерттеулердегі өзге ұлт тіліндегі баламасын, аударылымын салыстырмалы, салғастырмалы түрде анықтайтын лингвомәдени зерттеулер жобасы одан әрі кеңейіп, жалғасып, лексиканың лингвоелтанымдық аспектілерін зерттеуге ұласуда. Осы арада лингвомәдениеттану мен лингвоелтану бағыттарының өзара тұтастығы мен айырмашылықтары да анықталады.

Қазіргі тіл біліміндегі антропологистикалық парадигма шеңберіндегі «әлемді тілдік бейнелеудің» айшықты жүйесін тиімді зерттеудің кеңістігі – көркем мәтін. «Көркемдік әлемін» құратын бұл кеңістіктің ішіне ежелгі эпостық жырлар, ақын-жыраулар мен би-шешендер тіліндегі т. б. тарихи-рухани көздердегі сөз кестелерінен бастап, қазіргі заман қаламгерлерінің шұрайлы да сырға толы тіл әлемі енеді. Ол көздерден тілдік деректерді тек жинақтап қоймай, оларды этномәдени сабақтастықта зерттеудің маңызы терең. Біріншіден, уақыт пен кеңістік контексіне сай әртүрлі әлеуметтік-тарихи кезеңдердегі белгілі бір этностық, иә ұлттық сипатта ұйысқан ұжым өкілдерінің айналадағы дүние туралы алуан түрлі сырын мифтік бағам-пайымын, наным-сенімін көрсететін тіл деректері, кейбір көне этномәдени сөзқолданыстары бүгінгі заманға халқымыздың бай ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет мәтіндері арқылы келіп жеткені белгілі. Сондықтан зерттеу жұмыстарында көне мәтіндік тілдік деректер халқымыздың ұзақ этномәдени даму жолын танудың бір құралы, маңызды таным тетігі ретінде айқындалады. Екіншіден, бүкіл адам баласы үшін ақиқат шындық болмыс біреу болғандықтан, ғаламның біртұтас бейнесі де әр басқа тілде сөйлейтін халықтар үшін бі-реу-ақ. Сөйтсе де, тіл иесінің ой-өрісіне, таным әлеміне байланысты әр тіл дүние ғаламның кеңістігін өзінше өреді, бөлшектеп атайды, бейнелеп суреттейді. Соның нәтижесінде белгілі бір тіл өкілі ойының жемісі оның өз тілінде бекіген ғалам бейнесіне сай құрылады [5]. Осыған байланысты әр басқа халықтың (ұлттық, этностық) тілдеріндегі әлем бейнесінің көріністерінде жалпы адамзатқа ортақ дүниеліктер де, сол тіл өкіліне ғана тән ұлттық нақыштар да кездесіп жататыны заңды құбылыс.

Тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін танымның ерекшеліктері мен тығыз байланыста, дүниетанымның да құралы деп қараудың мәні көркем тілдің мазмұндық жақтарын жоғарыда көрсетілген кешенді де сабақтастық сипатта қарастыру нәтижесінде айқын көрінеді. Сонымен, мәтін теориясына сүйеніп, көркем тілдің тетігі мен табиғатын жекелеген көріктеу құралдары негізінде емес, қаламгердің шығарма мазмұнына арқау еткен тұлғалық мұратына сай құрайтын өрмегінде, яғни тұтас мәтіндік жүйеде зерттеу нәтижесі мынадай түйіндерге әкеледі: «шығармалардың тілі арқылы жазушының «көркемдік әлемінде», иә ақынның көр-

кемдік санасында қалыптасқан өзін қоршаған шындыққа, уақытқа деген қатынасын, түсінігін анықтауға болады. Суреткердің осындай тұлғалық тұжырымдамасы мен дүниені бейнелеуінің өзіндік «тілдік әлемін» ашып беру сөз күдіретінің, тілдің рухани әлеуметтік әлеуеті арқылы ғана іске аспақ [6].

Жоғарыда айтылғандардың дәлелі ретінде, тұрмыстық лексика топтамасына жататын киім-кешек лексикасы. Әсіресе, тақырыпты лексиканың әлемдік бейнені суреттей алатын арнайы бір ақпарат беретін бірлік деп алғандықтан, алынған ақпараттар арқылы халық санасына, әдет-ғұрпы, өткен өмірі мен бүгінгісіне шығу және аталмыш лексикалық тақырыптағы жай сөздер ретінде қарамай, адаммен, халықпен байланыста қарау бүгінгі таңдағы лингвомәдениеттанудың, когнитивті лингвистиканың 21 ғасыр зерттеуінің мазмұндылығына үстемдік танытқандығын айқындайды.

Ұлттық киім бай тарихи мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет ғұрып, салт дәстүр, халықтың хал ахуалынан кең көлемде жан жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі, қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмып кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады.

Киімдердің етек жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою өрнек элементтерін салу, үкі тағу, жын перілерден, пәле жаладан, ауру сырқаудан қорғайды, магиялық күш әсер етеді деген сенімнен туған. Кейіннен үкіні тақия, сәукеленің төбелеріне, домбыраға, бесікке қадаған. Үкінің қара қасқасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған. Үкі құсын қазақ қасиетті деп білген. Ежелгі бақсылар, батырлар, сал серілер де үкі тағып жүрген.

Пайдалану, тұтыну ерекшеліктеріне байланысты киім күнделікті, сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусым аралық және жаздық киімдер деп бөлінеді.

Жас және жыныс ерекшелігіне қарай: сәби киімі (ит көйлек, тақия), бала киімі (кепеш, малақай, құлақшын, жейде, дамбал, шалбар, етік, бешпент, шапан), бозбала киімі (тақия, етік, жейде, шалбар), бойжеткен киімі (желбіршекті көйлек, тақия, кәзекей), қалыңдық киімі (сәукеле, желек), келіншек, бәйбіше киімі (көйлек, кимешек, жаулық, қамзол, кебіс, мәсі, көкірекше), күйеу, жас жігіт, ақсақал киімдері (ша-

пан, ішік, бешпент, сырма шалбар, ақ жейде, дамбал, саптама етік, кебіс, мәсі) деп түрлерге бөлінеді [7].

Қазақтың ұлттық киімдері әрі алуан, әрі олар халықтың көшпелі тұрмысына лайықты жасалған. Оның негізгі материалдары төрт түлік малдың өнімдері - тері мен жүнінен, одан басқа киізден жасалды. Сырт киімдерге тері мен жүн пайдаланылса, жеңіл киімдер үшін қажетті материалдар сол мал өнімдеріне, малға айырбасталып, сатылып алынған. Ежелгі қазақ салтына тән мал терісінен істелген сырт киімдерге тон (оның қаптама, камзолша деген екі түрі бар) ішік, жарғақ, шекпен, шапан жатады. Қаптама-қысқы боранда малшылар киетін тон түрі. Махамбеттің «Қаптай соққан боранда, қаптама киген тоңар ма?!» дейтіні осы. Камзолша - етегі тізеден жоғары келетін қысқа тон. Тон орнына қасқырдың, түлкінің, қарсақтың, күзеннің т.б. аңның терісінен сыртын матамен тыстап тіккен киімді "*iwiik*" дейді. Бұл сияқты аңның қымбат терісінен жасалған ішіктерді құдаларға сыйға тарту дәстүрі болған. Кедей адамдар ішікті қоян, саршұнақ терісінен де жасап киетін. Бірақ, олардың сапасы нашар болып келгендіктен, өздерін "бір жылға қоян терісі де шыдайды" деген сөздермен жұбатқан. Құлынның терісінен астарсыз тігілген тонды "*жарғақ*" дейді. Сыртқы киімнің бір түрі - күні. Ол қойдың не түйенің жабағы жүнінен жасалған. Жылылығы тері тоннан кем емес. Жеңіл сыртқы киім немесе жүннен тоқылған шекпен. Түйе жүнінен тоқылған шекпенді дәулетті адамдар ғана киген. Шамасы келмегендер оны қой жүнінен тоқып киген. Қысты күні малшылар (әсіресе жылқышылар) шекпеннің сыртынан тон қабаттап киетін болған. Қазақ жерінде шапандар әр түрлі тігілген: сырмалы шапан, қаптал шапан, қыз-келіншектерге арналған қималы шапан, т.б. Ал, сәнді шапандарды түрлі түсті масаты матадан тігіп, оларға түйме орнына асыл тастар орнатылған күміс қапсырма (ілгектер) тағылған. Сыйлы қонаққа шапан жабу тәрізді қазақтың ертеден қалыптасқан дәстүрі күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Қазақтың аяқ киімдері - байпақ, етік, кебіс, мәсі [8].

Мәсі - аяқ киімнің бір түрі. Оның етіктен айырмасы өкшесі болмайды, сыртынан кебіс киіледі. Қысты күні малшылар етіктің ішінен қозы жүнінен басылған байпақ (ұйық) киген. Етіктің табанына киізден ұлтарақ салған. Кебіс - мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонымсыз аяқ киім. Бұрын кебісті галош орнына киген.

Қазақтың ұлттық бас киімдері - тақия, сәукеле, орамал, кимешек, бөрік, тұмақ, малақай. Бөрік, тұмақ, малақай - қара бұйра жүнді елтіріден (қозынікі), түлкі мен құндыз, жанат терілерінен, сілеусін терісінің пұшпағынан, бұлғын, кәмшат терісінен істеледі. Тақия - ұлттық өрнегіне, тігілу мәнеріне қарай әр алуан үлгіде дөңгелек пішінді жеңіл бас киім. Тақияны бір түсті матадан (сәтен, шұға, барқыт т.б.) көлемін аласа, төрт сай немесе дөңгелек үшкіл төбелі етіп тігеді. Қыздар тақиясын жібек жіптермен әсем кестелеп, моншақ, асыл тастармен безендіреді. Сондай-ақ тақияға үкі қадаған.

Сәукеле - қызды ұзатқанда киетін бас киім. Қыз сәукелені күйеуінің еліне киіп барады деп тіктірген. Сәукеле - арнайы ақ киізден немесе арасына қыл салынып сырыған матадан жасалып, сырты қымбат матамен (барқыт, атлас, мәуіті, шұға) қапталып, шетіне құндыз, кәмшат терісінен айналдыра тігіледі. Сәукеленің арнайы күміспен жасалған төбелдірігі (үш қарыс шамасы), оның маңдайшасына, екі жағына тізілген маржаннан салпыншақ бет жақтау және арт құлағы (белге дейін) болады.

Ал үстіне киілген жеңіл сырт киімі - бешпетпен шалбар. Олар қызыл түсті былғарыдан тігілген. Бешпет - екі жеңі ұзын, қысқа етектегі, ойық жағалы, оның өн бойына үш жапырақты өсімдіктер тәріздес әшекейлер көмкерілген. Жағасы, етегі, екі өңірі барыстың айбарлы тұмсығы бейнеленген төрт бұрышты ірі-ірі алтын әшекейлер жапсырылған. Бешпеттің бүкіл бойы үш мыңға жуық алтынмен әшекейленген. Шалбар - аузы кең, әрі ышқыры бітеу, былғарыдан тыстап тігілген сырт киім. Шалбардың балағы етік қонышының ішіне салынып, оның екі жаны тұтастай ұсақ алтын әшекейлермен көркемдеген. Беш-

петтің сыртынан буынған кісе белдік иленген қайыстан астарланып, шет-шеті тарамыспен оюланып тігіледі. Белдіктің өн бойы кесек алтынмен тұтас қапталып, әшекейленген [8,45].

Ұлттық киім - кешек - қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, тарихи даму эволюциясындағы түрлі кезеңдер мұраттары мен тұтынуларын көрсететін ең басты тарихи атрибуттардың бірі. Өз халқының тұрмысын, киім кию үлгісін, қол-өнерін бағалап, тани білмеген адам - басқа халықты да тани алмайды, бағалауға қабілетсіз. Олай болса, қазіргі күнгі ұлттық сана-сезім есейіп, өз әдет-ғұрпымыз, салт-санамызды түгендеп, қайтарып алуға кіріскен сәтте тарихтан хабардар болу, оған түсініктен қарау, жақсысын алып, жаманынан жирену - ұлттық борышымыз, ата дәстүрі алдындағы парызымыз болуы шарт.

Қорыта айтқанда, киім-кешек атаулары әлем тілдерінің басым көпшілігінің лексикасының ең көне қабатын құрап, көптеген атаулардың, таңбалардың тілде қалыптасуына негіз болған бірліктер санатына жатады. Әрине, тіл-тілдегі киім кешек атауларының тұрмыстық лексикада қолданылу деңгейі, кездесу жиілігі әр түрлі.

Әрине, мәдениетті, рухани көріністерді бейнелейтін тіл, өнер, миф, өнер, дін және т. б. негізде құрылатын семиотикалық жүйе. Бірақ көшпенді мәдениетінде, қазақ мәдениетінде мәдениеттің таңбалық негіз, рәміздік жүйедегі ұлттың психологиясы, сакрализациясы негізінен тіл арқылы сипатталады. Сондықтан мәдениеттің коммуникативтік, мұрагерлік табиғатына сәйкес оның ашық жүйе ретінде сақталуы, кейінгі ұрпаққа жетуі, жаңғыруы, танымы игерілуі, жетілуі тіл арқылы іске асатынын қазіргі тіл білімінің антропоэзеттік бағыттағы зерттеулерінде қарастыру - аса тиімді.

Әдебиеттер

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 2002. – Б. 64.
- 2 Қайдар Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10. – Б. 24-25.
- 3 Васильев Л.М. Современная лингвистическая семантика: учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1990. – 176 с.
- 4 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – Б. 60.
- 5 Манкеева Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.
Жұмбақтар – ұлт танымына байланысты. Әр бір жұмбақтың астарында этностық таным ретінде ғана айқындап түсіндіруге болатын шешімдер жатады. Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау.

Ауыз әдебиет үлгілері – тіл әлемінде ең бір ауқымды да информациялық байлыққа жатады. Құрамы: 1. Авторы белгілі ақыл-нақыл сөздер, 2. салт-дәстүрге қатысты деректер. 3. той-тома-лаққа байланысты ресми салтанат үлгілері. 4. Көріпкел, сәуегейлікке қатысты әңгімелер, 5. Әзіл-ысқақ, тұрмыстық жеңіл жанр үлгілері жатады. Міне, жоғарыда аталғандардың барлығы да халықтың рухани, мәдени өмірінен деректер беретін этнолингвизмдер қатарына жатады.

Қазақ этнолингвистикасының қалыптасу, даму үрдісінен өзіне тән кейбір ерекшеліктерді байқауға болады. Қазақ тілі ғылымында қазақ этносын оның тілі арқылы танып-білу мақсатымен бұдан 15-20 жыл бұрын басталған ізденіс барысында іргетасы қаланған. Қазақ этнолингвистикасы - бүгінде мақсат-мүддесі, бағыт-бағдары айқындалған, зерттеу әдіс-тәсілдері қалыптасқан әрі өзіндік ерекшеліктері бар ғылым саласы. Сол себепті этнолингвистика ғылымы танымдық ғылымдардың бастауы бола алады. Оған байланысты мынадай тұжырым-дама жасауға болады:

1. Этнолингвистика әр этностың ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы, яғни тіл әлемі арқылы ғана жан-жақты тани алады.

2. Этнолингвистикалық зерттеулердің ерекшелігі – сөздіктерге ене бермейтін бейнелі де көркем, көне де байырғы сөз өрнектері мен айтуға тыйым салынған «ұят» сөздерді де қамтуында.

4. Этнолингвистикасының тағы бір қағидасы – лексикалық байлықтың мазмұнын этнос таным тұрғысынан ашу болып табылады. Сонымен қатар этнос болмысына қатысты деректерді бейнелі түрде көркемдеу жатады.

5. Этнолингвистиканың екінші ұстанатын қағидасы - жүйелілік. Мұны этнолингвистика-

лық зерттеулерде бірізділікпен қолдану әдіс-тәсілдерінің бірі және ең тиімді тетігі деп санаған жөн. Тіл әлемін этнолингвистикалық тұрғыдан жүйелі, сатылы принцип бойынша қарастыру тиімді. Этнолингвистикалық деректердің мағынасын жинау барысында індеттеу әдісін қолдану басшылыққа алынады. Мәселен, қазақ тілі дене мүшелері мен ішкі ағзаға байланысты 500 аса атау бар. Бір ғана көзге байланысты атау 100 асады: *ботагөз, қарақат көз, құралай көз, сиыр көз, тана көз, жапалақ көз, жылан көз, қара көз, көк көз, қызыл көз, айран көз, бітік көз, былшық көз, бит көз, жұмық көз, ақ көз, аңқиған көз, жәудір көз, мөлдір көз, тостаған көз, құмай көз, отты көз* т.б.

Тіл – мәдениеттің бір көрінісі. Ол екеуінің арақатынасы ерекше де маңызды. Бұлай дегенде біз кез-келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп көрінетіні, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетінін тіл арқылы ұжым мүшелерінің санасында қалыптасқан ортақ психикалық заңдылықтардың көрінуін түсінеміз. Ол ұлттың пайда болуымен байланысты тілдік, кәсіптік-шаруашылық, территориялық тұтастықтар секілді психикалық тұтастықтардың қалыптасуымен байланысты. Дегенмен, ұлттың тарихын философиялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар халықтардың жеке ұлттық ерекшелігін жоғары бағалай отырып, кез-келген ұлттың мәдениеті жалпы адамзаттық мәдениеттің ерекше бір түрі, бөлігі деп қарайды және соның көрінісін сипаттайтын тілдің ерекшелігі ретінде сөздің ішкі формасына басты мән береді. Осыған байланысты ғалым Ж. Манкеева: Сөз заттың тура таңбасы емес, оның біздің санамызда тілдік шығармашылық процесс нәтижесінде туған бейнесі. Яғни, тіл кез-келген жеке заттарды бейнелегенде, сол тілде сөйлеушіге оны қоршаған дүниенің есігін ашады, суретін салады. Мұның мәдениетке қатысты ұлттық атауларға да тікелей қатысы бар» [3, 96], – дейді.

Әр халықтың тіліне тән этнолингвистикалық бірліктер сол халықтың өмірінің жиынтығын, ұзақ уақыт бойында қалыптасқан оның дүниетанымын, әдет-ғұрпын, арманын, мүддесін, рухани өмірін көрсетеді.

Әдебиеттер

- 1 Қайдаров Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 652 б.
- 2 Копыленко М.М. Основы этнолингвистики. - Алматы, 1997. – 178 с.
- 3 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.

References

- 1 Kaydarov A. Haluk danalygy. – Almaty, 2004. – 652 b.
- 2 Kopylenko M.M. Osnovy etnolingvistiki. - Almaty, 1997. – 178 s.
- 3 Mankeeva Zh. Mädeni leksikanun Ұлттық sipaty. – Almaty: Fylym, 1997. – 272 b.

ӘОЖ 070 (091)

А. Каримова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ІІ курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. к. доцент А. Ә. Жаңабекова
e-mail: kz_akma_kz@mail.ru

Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларындағы бейвербалды амалдар

Мақалада Қабдеш Жұмаділовтің шығармаларындағы бейвербалды амалдар сөз болады. Қазіргі таңда тіл білімінде жаңа бағыттар мен ағымдар кеңінен дамуда. Қоғам мен ғылымның қазіргі уақыт тынысына сәйкес дамуы тіл біліміне ықпал етіп, лингвистикада жаңа бағыттар мен салалар пайда болуда.

Бейвербалды амалдар мәселесін жете талдаудан өткізу, оны ғылыми тұрғыда зерттеу тіл білімі салаларын терең түсінуге игі ықпал етеді.

Бұл мақалада зерттеу нысаны ретінде Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығы таңдалып алынды. Себебі жазушы өз шығармаларында бейвербалды амалдарды көптеп қалдырған. Қабдеш Жұмаділов қаламынан шыққан шығармаларды талдау барысында, ақынның адам жан дүниесі суреттеудің шебер екеніне көз жеткіздік.

Түйін сөздер: тіл білімі, Қ.Жұмаділовтің шығармалары, шығармаларындағы бейвербалды амалдар.

А.Каримова

Невербальные аспекты в творчестве Кабдеша Жумадилова

В статье рассматриваются невербальные аспекты в творчестве Кабдеша Жумадилова. На сегодняшний день в современном языкознании развиваются новые подходы и направления. В лингвистике возникли новые направления и отрасли, необходимые для развития современного общества и науки.

Всесторонний анализ проблемы изучения невербальных аспектов в творчестве Кабдеша Жумадилова, а также их научное обоснование способствуют глубокому пониманию отраслей языкознания.

В творчестве Кабдеша Жумадилова часто используются невербальные аспекты, в связи с этим объектом исследования является его творчество.

В ходе анализа произведений Кабдеша Жумадилова мы определили качества писателя как мастера, умеющего чутко описывать внутренний мир человека.

Ключевые слова: языкознание, произведения К. Жумадилова, невербальные аспекты, направления и отрасли языкознания, внутренний мир человека, мимика и жесты.

А. Karimova

Kabdesh Zhumadilov's unverbal aspects in the work

In this article Unverbal aspects in the work Kabdesh Zhumadilov discusses the work of unverbal aspects Kabdesh Zhumadilov. On the today's in modern linguistics develop new approaches and directions. In linguistics, there are new trends and industry necessary for the development of modern science and society.

Comprehensive analysis of the problems of studying unverbal aspects in the work Kabdesh Zhumadilov and scientific justification promote understanding branches of linguistics.

In the work Kabdesh Zhumadilov often used unverbal aspects in connection with the object of this study is his creativity. The analysis works Kabdesh Zhumadilova, we determined the quality of the writer as a master, able to describe the light's internal world.

Key words: by K. Zhumadilov unverbal aspects, directions and branch of linguistics, the inner world of human facial expressions and gestures.

Қазақ халқының да қарым-қатынас жасау мәдениеті ұлттың рухани мәдениетін, оның танымы, талғамын бейнелейтін коммуникацияның бейвербалды амалдарына қос қолдап амандасу, иіліп сәлем салу, төс қағыстыру, бет шымшу, ернін сылп еткізу, жаулығымен бетін сұрту,

алдына қамшы тастау т.б. кинемаларды кездестіріп жатамыз. Бейвербалды амалдар Түрік тіл білімінде жаңадан зерттеліп жатқан саланың бірі.

Қабдеш Жұмаділов өз шығармаларында бейвербалды амалдарды көптеп қалдырған. Бұл зерттеу жұмысының өзектілігін танытады. жыл-

дар 1960 жылдардан бастап қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қалдырып келе жатқан - Қабдеш Жұмаділов Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының (1990), Тәуелсіз «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты. Белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділовтің тұңғыш жинағы 1981 жылдан шығармашылық жұмыста. Алғашқы өлеңдері 1954 жылдан жергілікті баспасөз беттерінде, ал «Жамал» тырнақалды әңгімесі 1956 жылы Үрімжіде шығатын «Шұғыла» журналында жарияланған. 1 өлеңдер жинағы, 8 роман, 5 повесть, ондаған әңгіме, мақалалар жинақтары жарық көрді. Еңбектер көпшілік жүрегінен мәңгілікке орын алған жазушы Қабдеш Жұмаділов сан қырлы тақырыптарда үзбей қалам тербеді. Жазушының прозалық, драмалық туындылары, көркем публицистикасы әдебиетіміздің асыл қорына рухани қазына болып құйылды. Ауызекі сөйлеу тіліндегі бейвербалды амалдар жазушы шығармаларынан кең көрініс тапқан. Жазушының көркем тілі белгілі бір оқиғаны оқырман сезіміне әсерлі, бейнелі етіп жеткізеді. Сол әсерлілік пен бейнелілік түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сондай амалдардың бірі – көркем бейне жасаудағы бейвербалды амалдардың қызметі. Қ. Жұмаділов шығармалары осындай бейвербалды амалдарға бай. Жазушы бейвербалды амалдарды пайдалана отырып, өзінің стильдік шеберлігін шыңдайды. Қ.Жұмаділов кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, психологиясы бейвербалды амалдар арқылы ашыла түседі. Қаламгер сомдаған кейіпкерлердің ішкі жылықпен қол алысып амандасуы, қауыша құшақтасуы, қуанышпен күлімсірей қарап, маңдайынан сүюі – ұлтымыздың мейірбандығының, асыл тәрбиесінің, сыпайыгершілігінің, ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрінісі. Демек, жазушы қаламына тән осындай амал-тәсілдердің қолданылу табиғаты мен қыр-сырын ашу қаламгердің тілдік ерекшелігін танып білуге әсер етеді. Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, шығарманың танымдық-тағылымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілсіз қатынасты жете меңгеруге жол ашады.

Сондықтан бүгігі таңда тіл білімі саласында қарым-қатынас барысында қолданылатын бейвербалды амалдардың өзіндік ерекшеліктерін қарастыру, оның көркем әдебиет тіліндегі мән мен мазмұнын ғылыми тұрғыдан зерттеу қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Бейвербалды амалдар мәселесін жете талдаудан өткізу, оны ғылыми тұрғыда зерттеу тіл

білімі салаларын терең түсінуге игі ықпал етеді. Осы ретте орыс тіл білімінде бейвербалды амалдарға қатысты көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді.

Кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде де бұл мәселе М. Мұқанов, С. Татубаев, Қ. Қажығалиева, С. Бейсембаева, М. Ешимов сынды зерттеушілердің еңбектерінде сөз болып талданды. Ғалымдар қазақ тіліндегі бейвербалды амалдарды бірде салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде, бірде білдіретін мәндік-мазмұндық тұрғыдан зерделеу, бейвербалды амалдар мәселесін терең зерттеу – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің қатарына жатады.

Алпысыншы жылдары өз жұмысын жаңадан бастап жүрген кездері еді. Қабдеш Жұмаділовтің шығармалары бейвербалды амалдарға толы.

Мысалы,

- Асылқан...

- Ол қазір жоқ еді, үйге кірсеңізші, - дейміз өтініп. Қыздар бізге көз қырын да салмайды. **Қабақтарын шытып, сағаттарына қарайды** да жөнеле береді.

(Қайран, қарындастар-ай!) [1,21]

- *Ата, мына қазды атайықшы, - деді Төлеутай қуанып. – Атишы анау алдында жүрген үлкенін.*

- *Жоқ, балам, бұл қаздарды атуға болмайды, - деді қарт басын шайқап.*

(Қаздар қайтып барады) [1,7]

Бірінші кітапта Абай мен Тоғжан, Ділде қатынастары суреттелетін тұста мен ұялып, дауысымды **күмілжітіп**, аттап өтуге тырысам. Мұнымды Елекең сезе қояды:

- Оқи бер, шырағым, ұлы сөзде ұяттық жоқ... Сен немене, мені осы қалыпымен, сақалы қауқиып түсе қалды деп отырсың ба? Біз де жас боп көргенбіз, - деп Ұлмекең апама қарап, **мұртын сипап қоятыны** бар.

(Менің кәрі жездем) [1,35]

- Иә, саған, мен бе екем саудаласқан? Өзі соңымнан қалмай жүрген, - деді Дүйсенбай балаша **бұртиып**. Сөйтті де, **шынысын төңкеріп**, орнынан тұрды, әр жерде шашылып жатқан бас киімін, белбеуін, бешпетін теріп алып, киіне бастады.

- Қайда барасың екі кештің арасында? – деген Мақпалға:

- Әлгі Дәметкенмен келдегендей болып еді, сиырына сақтағаны бар ма, қалай? – деп рұқсат сұрағандай, **езуі жайылып күліп қойды**.

(Айлы түндер) [1,40]

- Ассалаумағалейкум, - деп келе-ақ дирек-

тордың *қолына жармасты*. Бірақ Жанбаев оның қолын алған жоқ. Көзі шатынап, иегі дірілдеп аз тұды да, жарылып кетті.

- Ақымық-ау, әкенді тастап қайда кетпек болдың?... Бүгіннен бастап бұл шаңырақтың иесі – сенсің! – деп көтеріп әкеліп төсегіне жатқызды.

Осы сәтте есіктің көзінде состиып тұрын қалған Клара тез басып келді де, Сырымның *мойнына асылып, еңіреп қоя берді*.

- Сырым, кешір мені... Ертең екеуіміз бірге барып, апамды алып қайталық, - деді *өксін* тұрып.

(Жаңбырсыз бұлт) [1,52]

Қабдеш Жұмаділов жетпісінші жылдары Мемлекеттік Баспасөз комитетінде қызмет атқарды. Яғни бірнеше жұмыстар атқарды. Көптеген еңбектері жарыққа шықты. Оны мына мысалдарымыздан көре аламыз:

Кітаптан бас алмай тұқырып отырған әлгі кісі бір заматта өзінен-өзі *тырқылдып күлді*.

- Қалай, қызық кітап па екен? – деді Жарқын. Ол да сөзуар адам болса керек, кітапты жаба салып әңгімеге кірісті.

- Осы жазушылар да бір қызық халық-ау, - деді әлдебір жаңалық ашқандай *басын шайқап*.

(Адамның кейбір кездері) [1,82]

- Қозыбайдың премиясы қалай? Бұл жолы ілінді ме? – деді Өсербай цех бастығына *иек қағып*.

(Момын) [1,112]

- Қалай, қапы кеткен жерің көп пе екен? – деді Рахима күйеуіне, сыны кете бастаған *ұялы көзін төңкеріп*. – Бәлкім, кем-кетігінді толтыру үшін төсек жаңғыртып, жас иіс алатын шығарсың? Қазір шалдардың құтырған заманы ғой.

(Қоңыр күз) [1,125]

- Не істеуші ем? Жұмыс істеймін. Үйленемін... Бала-шағам болады, - дегенде Арқаттың *жүзі жайнап кетті*.

- Мама, естіп отырсыз ба? Ұлыңыз үйленетін көрінеді! – Алма мээ-мейрам болып, ажуалай *күлді*. – Бірақ сонда бала-шағанды қайтып бағасың? Не дипломың, не өнерің жоқ.

Ағалары амалсыздан *мырс-мырс күліп жіберді*.

- Амал қанша, бізден бір қателік өтіпті, - деді Сұңғат *басын шайқап*. – Бұл итті былтыр әскерге жіберу керек еді. Армияда мұндайлардың жынын бір айға жеткізбей қағып алады.

(Еменнің иір бұтағы) [4,144]

Ал тоқсаныншы жылдары Қабдеш Жұмаділовтің «Құзғынның өлімі», «Жемдеген қырғауылдар», «Жалдамалы күйеу», «Құдайдың үйі», «Бір ғана ғұмыр», «Дөнгеленген дүние-ай», «Тіленші», «Бұқарбайдың бұқасы», «Ақынның ақырғы күндері», «Ит базары», «Толған айдың түні», «Қағытпа қалыжыңдар», «Ақбураның асуы» атты өлеңдері жарық көрді. [1,5]

Жазушының прозалық, драмалық туындылары, көркем публицистикасы әдебиетіміздің асыл қорына рухани қазына болып құйылды. Ауызекі сөйлеу тіліндегі бейвербалды амалдар жазушы шығармаларынан кең көрініс тапқан. Жазушының көркем тілі белгілі бір оқиғаны оқырман сезіміне әсерлі, бейнелі етіп жеткізеді. Сол әсерлілік пен бейнелілік түрлі амал-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Сондай амалдардың бірі – көркем бейне жасаудағы бейвербалды амалдардың қызметі. Қабдеш Жұмаділов шығармалары осындай бейвербалды амалдарға бай. Жазушы бейвербалды амалдарды пайдалана отырып, өзінің стильдік шеберлігін шыңдайды. Қабдеш Жұмаділов кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі, психологиясы бейвербалды амалдар арқылы ашыла түседі. Қаламгер сомдаған кейіпкерлердің ішкі жылықпен қол алысып амандасуы, қауыша құшақтасуы, қуанышпен күлімсірей қарап, маңдайынан сүюі – ұлтымыздың мейірбандығының, асыл тәрбиесінің, сыпайыгершілігінің, ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрінісі. Демек, жазушы қаламына тән осындай амал-тәсілдердің қолданылу табиғаты мен қырсырын ашу қаламгердің тілдік ерекшелігін танып білуге әсер етеді. Бейвербалды амалдарды өз орнымен қолдану, шығарманың танымдықтағылымдық мәнін күшейтіп, әсерлілігін арттыра түсетіндіктен, бұл мәселені зерттеу тілдік және тілсіз қатынасты жете меңгеруге жол ашады.

Әдебиеттер

- 1 Жұмаділов Қ. Бір ғана ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2004.
- 2 Зекенова Ш.З.
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 608 б.
- 4 Жұмаділов Қ. Тозақ оты. – Алматы, 2010.

References

- 1 Zhymadilov Q. Bir ғана ғұмыр. – Almaty: Atamұra, 2004.
- 2 Zekenova Sh.Z.
- 3 Zhūbanov Q. Қазақ тили жөнiндегi зерттеулер. – Almaty, 2010.– 608 b.
- 4 Zhymadilov Q. Tozaq oty. – Almaty, 2010.

ӘОЖ: 17.81.21 (82.0:01)

Г. Каримова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті ІІ курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. д. профессоры Р. З. Зайкенова
e-mail: mereika78@mail.ru

Мағжан – ақынның ақыны

Мағжан – көрнекті жазушы, ақын, публицист, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Халық алдындағы жауапкершілік сезімі, осыдан келіп шығатын тарих төркіні мен оның құбылмалы кезеңіндегі үндеулер Мағжан шығармаларына ғана тән. Сол кезеңдерде Мағжан Шекспир, Пушкин, Соловьевтардан бастап символизм, технократизм және Шпенглерге дейінгі жалпы адамзаттық көркем әрі ғылыми мұраларға бет бұрды. Біздің дәуірімізге дейін жеткен экзистенциализм сарыны ақын шығармаларында да айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар Мағжан – сыршыл ғана емес, ол отаншыл, патриот, азамат ақын.

Автордың пайымдауынша, Абай поэзиясындағы терең құпиялар, сыршылдық, лиризм, философия Мағжан өлеңдеріне де тән. Әсіресе Мағжанның елін, жерін, халқын сүю сезімі ерекше. Егер Мағжан осы заманда өмір сүрсе, тәуелсіздікке қандай тебіреніп төгілер еді десеңізші. Сөз жоқ оның алдына түскен ақын болмас еді.

Мақаладан қорытындыларымыз, Мағжан – ақынның ақыны, поэзия әлемінің жарық жұлдызы, қайталанбас тұлғасы. Оның бойға жігер, жүрекке от беретін рухты үні, ізденістері мен жаңашылдығы қазақ әдебиетін XX ғасырдың басында-ақ Еуропа, орыс әдебиетінің биік деңгейіне көтерді.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, поэзия, Мағжан өлеңдері.

Г. Каримова

Мағжан – выдающийся поэт

Мағжан – видный писатель, поэт, публицист, один из основателей казахской литературы. Произведениям Мағжана присуще чувство ответственности перед народом, прошедшим через эпоху исторических перемен. Именно с того времени Мағжан увлекся символизмом и технократизмом Шекспира, Пушкина, Соловьёва, а также общечеловеческими художественными и научными памятниками времен, предшествующих Шпенглеру. В произведениях поэта нашло свое явное отражение, дошедшее до нашей эпохи, такое направление, как экзистенциализм. Таким образом, Мағжан является не только лириком, но также патриотом и гражданским поэтом.

По мнению автора, присущие великому Абаю глубокие тайны, загадочность, лиризм и философия характерны также и стихам Мағжана. У него была особенная любовь к Родине и своему народу. Если бы Мағжан жил в наше время, то как бы он воспевал в своих произведениях нашу независимость! Бесспорно, никто бы не смог с ним в этом сравниться.

Выводом статьи является то, что Мағжан – поэт поэтов, яркая звезда мировой поэзии, неповторимая личность. Его сильная воля, зажигающий сердца голос души, творческий поиск и новаторство вывели казахскую литературу XX века на высокий европейский и российский уровень.

Ключевые слова: казахская литература, поэзия, стихи Мағжана.

G. Karimova

Magzhan-outstanding poet

Magzhan is a famous writer, poet, writer of political essays, one of the Kazakh literature founders. Magzhan's works are characterized by sense of responsibility before people passed through epoch of historical changes. From that very time Magzhan took a great interest in symbolism and technocracy of Shakespear, Pushkin, Solovyov and also universal artistic and scientific heritage of Spengler preceded times. Such reached our epoch trend as existentialism was expressed in poet's works. So, Magzhan is not only a lyricist but also a patriot and a civil poet.

According to author, great Abay's deep secrets, mysteriousness, lyricism and philosophy are typical also to Magzhan's poetry. He loved his Motherland and his nation so much. If Magzhan lived in our time how he would glorify our independence in his works! Undoubtedly nobody could be compared with him in it.

This article's resume is that Magzhan is an outstanding poet, bright star of world poetry, unique personality, His strong will, inflaming hearts voice of his soul, creative search and innovation lead XXth century Kazakh literature to European and Russian level.

Key words: Kazakh literature, poetry, Magzhan's poetry

«Мағжан – ақынның ақыны». Мағжан кім қанша даттаса да былғанбайтын асыл емес пе, соны кейін Сәбең де түсінген болуы керек, ақын туралы пікірі өзгеріп, артына Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, шығармашылығы жайлы зерттеу еңбегін қалдырып кетті. Атақты жазушының «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деп аталатын кітабына енген осы еңбекте Мағжан туралы мынадай жолдар бар:

«...Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетте жаңа түрлер енгізу ретінде, Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ». Бұл Мағжан өмірден озбай тұрып 1932 жылы айтылған сөз. Нақ осы кезде қуғын-сүргінге ұшырап, қиналып жүрген Мағжан да Сәбеңнен сырт айналууды жөн деп таппайды, хат жазып одан ақыл-кеңес, көмек сұрайды [1, 448].

Осы арада Мағжан Жұмабаевтың Сәкен Сейфуллинмен қарым-қатынасы туралы да әңгімелей кету артық емес сияқты. Мағжан 1937 жылы Алматыға табан тірегенде Сәбең қарсы алғанмен «Менің жолым-теріс. Сәкендікі – дұрыс болды. Алдымен соған сәлем берейін» деген тілегін білдіреді. Сәбең өзінің естелігінде жазғандай, ретін тауып Сәкенге хабар береді. Сәкен қарсы болмайды, екеуі көздеріне жас алып құшақтасады. Осы арада Мағжан Сәкеннен кешірім сұрайды. Сәкен: «Саған бәрі де кешірімді, бізден енді кешірім сұрама» дейді. Сол күні Мағжан Сәкен үйінде қонып қалады [1,448].

Сырт көзге қатардағы оқиға сияқты болып көрінгенмен екі алыптың түсінісуі – бұл тарихи сәт еді. Өйткені, оған дейін олардың арасы жақсы емес-ті. Мағжан мен Сәкен тұңғыш рет Омбыда кездескен, сонда бірге оқыған. Кейін араларынан «қара мысық» жүгіріп кетіп, кикіл-жіңмен біраз жерге барып қалған. Екеуі де ақын болғаннан кейін бірін-бірі сөзбен түйрейді ғой баяғы. Соза берсек, бұл өзі таусылмайтын әңгіме. Белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішев ағамыз бұл жөнінде «Өнер бәсекесі, немесе Мағжан мен Сәкен» деген көлемді тарихи-әдеби эссе жазған.

Ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Солтүстік Қазақстан» газетінде (1991 ж. 21 мамыр) жарияланған «Мағжанды махаббатпен оқығанда» деп аталатын эссесінде де Мағжан мен Сәкеннің ара-қатынасын ашатын тұстар аз емес. Ақын ағамыз өмірдің өз ағымында, әдебиеттің дамуында әрқилы мектептердің, әр алуан

таланттардың бәсекесі, жарысы, айтысы мен тартысы қызу жүріп келгенін, жүре де беретінін айта келіп, «Мағжанның идеялық және эстетикалық позициясына қарсы жанкешті күреспесе, Сәкеннің азамат әрі ақын-суреткер ретінде қауырт өсіп, биікке самғауы, ол ол ма, қазақ әдебиетіндегі жалаугер жетекшілігі қамтамасыз етілер ме еді. М. Жұмабаевтың «Батыр Баянымен» қиын жарысқа Сәкен өзін өткір қайрап салмаса «Көкшетау» дастаны өзінің ғажайып көркемдік дәрежесіне көтеріле алар ма еді?» деп сауал тастайды. Сөз жоқ, осы бәсеке жай да жүйрік қаламды одан сайын желқанаттандыра түскені анық. Олай болса, Мағжан мен Сәкен өмір көшінде әрдайым бірге жүрді. Олардың өмірлерінің соңғы сәтінде кездесіп түсінісулері, табысулары кездейсоқтық емес. Бұл халқымызға бұйырған тағдырдың сыйы.

Ғабит Мүсірепов бірде Жайық Бектұровқа Мағжанмен алғаш рет 1928 жылы Бурабайда кездескенін, Ақмола губерниялық партия комитетінің хатшысы Садықбек Сапарбековтің өзін шақырып алып, «Мағжанның орнына орман шаруашылығы техникумында оқытушы бол» дегенін айтып береді. «Бурабайға келдім. Мағжанды осында бірінші рет көрдім. Ол өзінің пәтерін маған беріп, Қызылжарға кетті. Сонда барып совпарт школда сабақ берді» дейді.

Кейін Мағжан мен Ғабіт 1936 жылы Алматыда тағы кездеседі. «Мен Қазақстан Орталық партия комитетінің мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі едім. Мағжанды жұмысқа орналас-тырдық. Ол жұмысына құлшына кірісті. Дінге қарсы орысша бір трактат іспеттес еңбек жазып әкелді. Жұмысының өзі де дінге қарсы үгіт-насихат жүргізу еді». (Ғабит Мүсірепов). Жайық Бектұровпен әңгімесінде Ғабіт: «Менің ойымша, Мағжан шығармаларын басуға бұл күнде совет өкіметінің еш бөгеттігі жоқ, бұлай деу бос сөз. Оның шығармаларын жарыққа шығаруға біздің өзіміздің көптен бергі бір беткей қалыптасып кеткен теріс дағдымыз, теріс көзқарасымыз, Мағжанды ұлтшыл деп жамандап қалған ескі әдетіміз бөгет. Біз біреуді жамандасақ, тасқа басқан таңбадай, өмір бақи өшпейтін қара бояудай көреміз. Кейде тіпті қайсыбір ақындарымыздың іштей қызғаншақтығы да бөгет болып жүр» деп Мағжан шығармаларын жарыққа шығаруға қатысты ойларын ашық білдіріпті. Алайда, Ғабіт Мағжанға ара түскен жоқ, Мағжан туралы естелік те қалдырмады. Оның себебін қазір дөп басып айту қиын. Атақты «Бесеудің хатына» қол қойған, «Бейімбет жау болса, мені де жау деп санаңыздар» деген

Ғабеннің Мағжан туралы қалам тартпағанын түсіну де, түсіндіру де қиын.

Соңғы жиырма жылдың ішінде Мағжан жайлы біраз дүние жарық көргенін жоғарыда айттық. Солардың ішінде белгілі жазушы Жайық Бектұровтың еңбегінің орны бөлек десем ақиқаттан тым алыс кете қоймаспын. Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ә. Марғұлан сынды қазақтың асыл ұлдарының әдеби портреттерін оқырманға тарту еткен Ж. Бектұров Мағжанның халқына қайта оралуына да көп еңбек сіңірді. Ол Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары Солтүстік Қазақстан облысына сан мәрте келіп, Мағжанның жары Зылихамен кездесіп, қолынан келген көмегін аямаған. «Мағжанды іздестірдіңіз бе? Жоғарғы жаққа арыз жаздыңыз ба? деп сөз бастап кеттім. «Жаздық қой. Жазбаған жеріміз жоқ. Ештеме шықпады», - деді Зылиха. Мен ол кісіге: «Сіз Н.С. Хрущевке жазыңыз. Күйеуім ақын еді, жұрт ұлтшыл десті. Бірақ ол ешқандай басшы жұмыста болған жоқ еді. Кеңес үкіметіне қарсы ешбір теріс әрекет істеген адам емес. 1930 жылы ұлтшылсың деп бір соттады. Одан лагерьде жазасын өтеп келіп, болмашы қызмет істеп жүргенде қайта қамалды, жоқ болып кетті» деп жазыңыз» дедім» (Ж. Бектұров).

Жазушы осыдан кейін өзі де қарап отырмайды, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Мағжан Жұмабаевты ақтауға көмектесуін сұрайды. Мағжан Жұмабаевпен Уфадағы «Ғалия» медресесінде бірге оқыған С.Құдаш 1969 жылы Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д. Қонаевқа хат жолдайды. «Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың тағдыры туралы» деп аталатын бұл хатында башқұрт әдебиетінің ақсақалы Қазақстанның көптеген қалаларынан, оның ішінде Қарағандыдан да, Мағжанға ара түсуін сұраған өтініштер келгенін жазады.

Жайық ағамыздың Мағжанға, Мағжанның артында қалған жесірі Зылиқаға жасаған басқа да жақсылықтары аз емес. Мағжан ақталғаннан кейін Зылиқаны шетқақпай қыла бастаған ақынның туыстарының орынсыз әрекеттерін айыптағаны тағы бар. Ол: «Өмірде әділетсіздік көп қой. Бәрі де қараңғылықтың, іші тарлықтың белгісі. Бұрын естерінен шығып кеткен Зылиқа, енді Мағжан жұрттың аузына қайта іліге бастағаннан кейін, бұл байғұстардың да тіліне, көңіліне орала бастапты. Бұлардың да әкелері, туыстары сотталып, есеңгіреп қалған адамдар.

Жалған қызғаншақтық сезім де бар. Жақсы мұраға ие болғысы келетін ниет те бар. Баласы, ұрпағы жоқ, жалғызбасты сорлы кемпірдің Мағжанның із-түссіз кеткен еңбектерін инемен құдық қазғандай жинағанын өзге, соның көп азап-бейнетін көргеннен басқа ешкімге ешбір жазығы жоқ» деп жазды.

Белгілі жазушы, қазақ әдебиеті ақсақалдарының бірі Ғаббас Қабышұлы да осыны дәттейді. «Мағанның өлең-дастандары, әдеби аудармалары жарияланған газет-журналдарды іздеп табу, көшірме жасатып алу, әрине, апайға қиын болған. Ақы-пұлын төлеу былай тұрыпты, кесірі жетерлік кездерде ашық іздеудің өзі қандай тәуекелді қажет етті десенші?! Күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанында ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған, Мағанның ол жолы ақталуына бірден-бір себепші бола білген, ал ері екінші рет тұтқындалғанда сонынан Сібірге барғаннан өзге шарасы қалмаған Зүлкен, кім не десе де, бүгінгі бізге де, келер ұрпаққа да аса қажет қыруар іс тындырды» (Ғаббас Қабышұлы. «Қазақ әдебиеті» 2003 ж. 30 мамыр).

«Мағжанның асыл лирикасы ынта-ықылас қойған әрбір адамның ішкі жан дүниесін байыта түсері анық» деп жазды Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деп аталатын еңбегінде. Сөйтіп Мағжанның әдебиеттегі орны қай кезде де төрде екенін тағы бір айғақтап берді.

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін... Бұдан соң Мағжанды сүйемін» деген Мұхтар Әуезовтің сөздерінде де көп сыр жатқаны анық. Мағжанның даралығын, даналығын жұрттан бұрын таныған, елден ерек бағалаған, европалығын, жарқыраған әшекейін сүйетін Мұхаң өз тұжырымын 1924 жылы, яғни Мағжан қуғын-сүргін азабын тарта бастаған кезде білдірген еді. Міне, сондықтан да Мұхтар Әуезовтің бұл сөздерін тарихи тағылымы мол, рухани салмағы зор ұлағат деп қабылдау, нағыз ерлік деп бағалау орынды [2, 446].

«Ағылшындар үшін Шекспирдің, орыстар үшін Пушкиннің рөлі қандай болса, қазақ халқы үшін Мағжанның рөлі сондай». Бұл ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан айтқан сөз. Бұдан Мағжанның әлем әдебиетінде ойып алар орны бар жарық жұлдыз, қайталанбас құбылыс екенін көреміз.

Мағжан - өз шығармаларымен қазақ әдебиетін жаңа бір асуға шығарып, әлемдік кеңістікке жол салған, шашасына шаң жұқтырмаған

жыр жүйірігі, он екіде бір гүлі ашылмаған шағында-ақ сұлу сөз, кестелі ойдан күмбез қалаған нағыз дарын иесі.

Ұлы ағартушы Жүсіпбек Аймауытов 1923 жылы Ташкентте оқып жүрген қазақ студенттерінің алдында жасаған баяндамасында Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөз еркіндігімен, тапқырлығымен, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті екенін айта келіп, «Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес [3,171]. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны араласа шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмаймыз... Қай өлеңін оқысаң да не ақынмен, не өз жүрегіңмен, не ел жүрегімен сырласқандай боласың» - деген екен. Демек, дәл қазір келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз иесі атанған Мағжанның ақындық мұрасы мен оның жаратылысы, болмыс-бітімі, талантының табиғаты туралы сөз сабақтала береді деп ойлаймыз.

Сан қырлы талант иесі: ақын, журналист, зерттеуші, тіл маманы, педагог Мағжан Жұмабаев дүниенің кілті білімде екенін ерте түсінді.

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.

Бір ай, бірі жұлдыз, бірі күн боп,

Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр – деп халқын өнер, білім алып басқалармен қатар болуға, оқуменен жайнатып дүкен құруға, адамзаттың тобына қосылуға шақырады.

Ауыз әдебиетінің тұнығына ерте қанған, сөйтіп туған халқының сан ғасырлық даналығын бойына сіңірген Мағжан поэзияда Абай дәстүріне ден қойды, бір сөзі мың жыл жүрсе дәмі кетпес, әлемнің құлағынан әні кетпес Абайды ұстаз, пір тұтты. Олардың жырларындағы үндестік бізге осыны аңғартады. Қазақ үшін Абай қалай қайғырса, Мағжан да солай қапаланады, аласұрып, қараңғы тар қапастан шығар жол іздейді. Демек, Мағжанды ұлылық тұғырына көтерген үш тағанның бірі оның зеректігі білімге құштарлығы, Абай мектебі болғанында дау жоқ.

Мағжанның алып тұлғасының қалыптасуына оның еліне, жеріне, туған халқына деген сүйіспеншілігі де барынша ықпал етіп, бұл орайдағы оның ой-сезім толғаныстары бүкіл

поэзиясына алтын арқау болып өрілгенін жыр сүйер қауым жақсы біледі.

Дегенмен, Мағжан кеменгерлігінің бастауы оның көрегендігінде, болашақты болжай білуінде жатыр. Ол өзі «Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар» демей ме?! Демек, ол өзінің мәңгілік екеніне, ұлтының өзгелермен терезесі теңелер күн туарына сенген. Сондықтан да ол ұлтының аспандағы Айы, көгіндегі Күні, ақыл-ойының, парасатының биігі болуға ұмтылды, өз бойына халқының ащысы мен тұщысын, қуанышы мен қайғысын қондырып, соқтықпалы, соқпақты, бұралаңы мен қалтарысы, тауқыметі мол тағдырлы жолды таңдады. Осы жолда жанын пидаетті, жырлары да жарты ғасырдан астам уақыт тар қапаста тұншығып жатты.

Қылышынан қан тамған заманда Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Сұлтанбек Қожановтың Мағжан туралы анық сөздерін айтып кеткенін ерлік деп білеміз. Осы қатарға есімі елімізге белгілі ғалым Бейсембай Кенжебаевты да қосу ләзім. Оның өткен ғасырдың 70-ші жылы ешқандай есепсіз адал жанымен жазған естелігі Мағжанның шын бейнесін ашады, оны бүгінгі ұрпаққа жақындата түседі.

Кезінде өзінің идеялық қарсыластарына ымырасыз Сәбит Мұқановтың да, сынның дойыр қамшысын Мағжанға да сан мәрте сілтегені мәлім. Алайда, асылға шаң жұға ма, соны Сәбит Мұқанов та түсінген болуы керек. Оның Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы, шығармашылығы туралы көлемді еңбек жазып қалдыруын. «...Ақындық жағынан келгенде, Мағжан, әрине, қазақтың күшті ақындарынан саналады. Қазақтың тілін байыту ретінде, әдебиетте жаңа түрлер енгізу ретінде Мағжанның еңбегі көп. Абайдан кейін тіл өнегесінде Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ» - деп ой түюін біз осылай түсінеміз. Сол сияқты, Сәкен мен Мағжанның тіл табысуы, түсінісуі, ел игілігі жолында ортақ шеп құруы да бүгінгі ұрпақ үшін аса қымбат тарихи құбылыс.

Мағжан Жұмабаевтың халқымен қайта қауышуына көп еңбек сіңірген қаламгерлердің бірі жазушы Жайық Бектұров. Қуғын-сүргінді өзі де көп көрген ол кісі Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облысаралық бөлімшесін басқарған жылдары біздің өңірге қайта-қайта келіп, Мағжанның жары Зылиқаға ақынды ақтап алу жолдарын үйретеді, өзі де қарап отырмай, Башқұртстанның халық жазушысы Сайфи Құдашқа хат жазып, Мағжан Жұмабаевты ақтауға көмектесуін сұрайды. Сайфи Құдаш осы

мәселеге байланысты сол кездегі Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевқа хат жолдағанмен жауап ала алмайды.

Десек те, Ғаббас Қабышұлының тілімен айтсақ, Мағжан сияқты арысымыздың ақталуына күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жаныныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанда ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған,... екінші рет ұсталғанда көз жасын көлдетіп Сібірге сапар шегуден өзге шарасы қалмаған Зылиқа анамыздың сіңірген еңбегі өте зор.

Мағжанды тануға, танытуға білек сыбана кіріскендер кімдер десек, елімізге белгілі ғалымдар, ақын-жазушылар Шерияздан Елеукеновті, Тұрсынбек Кәкішевті, Мұзафар Әлімбаевты, Қадыр Мырзалиевті, Кәкімбек Салықовты, Ғафу Қайырбековті, Дүкенбай Досжанды, ақынның ұрпағы Ғаділша Қаһармановты, Ғаббас Қабышұлын, Серік Негімовті, Раушан Кошенованы ауызға бұрын алып, мұрағаттарда шаң жұтып, көз майын тауысып Мағжан Жұмабаев туралы деректерді тірнектеп жинаған-

дары, сүбелі де сүйекті еңбектерімен ақынның шынайы бейнесін сомдағандары үшін алғыс айтып, бас июіміз керек.

Осы арада біз ой-сәйгүліктің тізгінін сәл тартып, Мағжанды өзінің лайықты тұғырына әлі қондыра алмай келе жатқанымызды мойындауымыз керек. Өз заманында ақыл-ойға басқаша бір өріс ашып, халқының қолына ерекше бір әлемнің кілтін ұстатуға ұмтылған, Абайды ғана алдына салған Мағжан қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерді, өзі Шекспирмен, Пушкинмен Лермонтовпен иық тірестірді десек, бұл бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үшін баға жетпес құндылық емес пе.

Мағжан Жұмабаев бір ғана ұлттың перзенті емес, адамзаттың ақыны. Олай болса, оның жырларын орыс, ағылшын басқа да халықтардың тілдеріне аудару керек. Сонда ғана Мағжанды таныған халық қазақты да танитын болады.

Мағжан небәрі қырық бес жыл ғана өмір сүрді. Бірақ, ғасыр шеңберіне сыймайтын жыр-ғұмыр жалғасып келеді, жалғаса береді. Өйткені, оның сөзі қуатты жыры – шуақты.

Әдебиеттер

- 1 Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 2 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. – Алматы, 1985.
- 3 Аймауытов Ж., Әуезов М. Абайдан соңғы ақындар // Абай журналы, 1992. – № 2.
- 4 Ш. Елеукенов. Мағжан мен Мұхтар // Жұлдыз, 1997. – № 10.

References

- 1 Marzhan Zhymabaev. Shyfarmalary. – Almaty: Zhazushy, 1989.
- 2 Auezov M. Zhiyrma tomdyk shyfarmalar zhinafy. XX tom. – Almaty, 1985.
- 3 Aymauytov Zh., Auezov M. Abaydan soñfy akyndar // Abay zhurnaly, 1992. – № 2.
- 4 Sh. Eleukenov. Marzhan men Muxhtar // Zhuldiz, 1997. – № 10.

ӘОЖ 378

Д. Қалиакпар

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің I курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. д. профессорі Б. Шалабай
e-mail: damirok74@mail.ru

Монолог түріндегі мәтіннің функционалдық-құрылымдық сипаты

Мәтін лингвистикасында көп зерттелмеген, маңызды мәселелердің бірі – монолог түріндегі мәтіндердің функционалдық-құрылымдық сипатын анықтау болып табылады.

Монолог – кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Ол – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу категорияларына ие композициялық-сөйлеу формаларының бірі болып табылады. Монолог түріндегі мәтіннің өзіне тән табиғаты жалпы мәтін мәселелері аясында айтылып жүргенмен, арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Монолог түріндегі мәтіндер ретінде Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» мен М. Мағауиннің «Тағының өлімі» атты көркем шығармалары алынды.

Түйін сөздер: монолог түріндегі мәтіндер, функционалдық, құрылымдық, авторлық баяндау, синтаксистік қатарлар.

D. Kalyakpar

Structural and compositional nature of Monological text

In linguistics of the text of one of the important not investigated problems definition of its functional-structural character of the monological text is.

Monologue — the speech of a character which is not assuming the direct response; the speech turned to listeners or to. In a speech context the monologue is reflected in an internal psychological condition, in excitement and is a category of the composite-speech form. Original character of the monological text it was spoken in problems of textual criticism, but not рассматривалась as object of research. T.Abdikuly's works «Парасат майданы» and M.Magauina «Тағының өлімі» have been chosen as the monological text.

Key words: the monological text, functionality, compositional, the author's story, a syntactic number.

Д. Калиакпар

Структурно-композиционный характер монологического текста

В лингвистике текста одной из важных мало исследованных проблем является определение функционально-структурного характера монологического текста.

Монолог – речь действующего лица, не предполагающая непосредственного отклика; речь, обращенная к слушателям или к самому себе. В речевом контексте монолог относится к категории композиционно-речевой формы отражения внутреннего мира и состояния человека, его переживаний. Несмотря на то, что монолог имеет своеобразную характеристику, он исследуется в контексте проблем общей текстологии, но не рассматривается как объект специального исследования. Произведения Т. Абдикулы «Парасат майданы» и М. Магауина «Тағының өлімі» были выбраны в качестве монологического текста.

Ключевые слова: монологический текст, функциональность, композиционность, авторский рассказ, синтаксический ряд.

Кез келген бейнелеу тәсілдері көркем шығармада жеке-дара тұрып ешқандай қызмет атқармайтыны белгілі. Сондықтан жазушы кейіпкерінің ішкі сезімдерін монологпен, өзге де бейнелеу құралдарымен өзара сабақтастыра отырып береді.

Белгілі ғалым Страхов И.В былай дейді: «Психологическое своеобразие внутренней речи выражается не только в ее структурных осо-

бенностях, но и в ее семантике и функциях. Значение слова представляет его семантическую устойчивость, смысл же слова это его содержание мыслимое в определенном психологическом и речевом контексте» [1, 23].

Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» атты повесінде автор ішкі ойы монолог түрінде беріліп, автор оқиғаны сырттай бақылаушы ғана емес, оқиғаға араласушы. Ол өз атынан ғана

сөйлеуші. Оның өзі объективті және субъективті тұрғыдан көрінеді. Мысалы: *Мен бұл күнделікті таныс дәрігерден алғанмын. Ең гажабы – күнделік иесін мен білетін болып шықтым. Дүние қанша кең болса да, адам жолының қиылысында да шек жоқ.*

Шығарма мазмұнының өзегі күнделік жазушы адам болғандықтан, көп оқиғалар сол адамның көзімен, ойымен беріледі. Мұның бәрі автор бейнесінің күрделі, көп қырлы құрылымын жасайды. Мысалы: *Жас кезде өмір қайнаған базар секілді. Дос та көп, жолдас та көп. Достың досы саған да дос болып жүретін кез. Сондай бір сапырылысқан тұста аз-кем күн аралас-құраластау болғанымыз бар. Түрі де есімде: ұзын бойлы, арық, ақсары жігіт. Жүйкесі жұқалау ма – әзіл сөзге қызарып кететін. Оған бөтен елдің адамына қарагандай, көңілін аулай сөйлеп, аяңқырап жүретінбіз.*

Көбіне жиын-тойларда, қонағасыларда кездесеміз. Сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан зиялы от басынан шыққаны, кітаби тәрбиені көбірек көргені байқалады. Мінезі жұмсақ. Онысы өзгелерге жағымды көрінгенмен, өзіне әлде бір шарасыздық әкелетін секілді. Арнайы сөзге тартпасаң, қасыңда бәленбай сағат үнсіз отыра беруге бар [2, 1].

Мәтіннің аңдату бөлігінде берілген жоғарыдағы мысалдан *баяндау+ сипаттау, сипаттау + баяндау* құрылымын байқауға болады. Мәтіндегі авторлық баяндаулар бірдей қызмет атқармайды. Бірде баяндама суреттемеге құрылып, оқиғаның көркем кестесін жасаса, екіншіден әңгімеге кіріспе ретінде жұмсалады.

Авторлық кірігулер объективті баяндаудың ішінде де жүреді. Олар объективті баяндауды субъективтендіріп, жалпы шығарма тұтас күйінде автордың өзінің жекелік бір әңгімесі екенін білдіреді. Мысалы: *Менің өмірімде үлкен бір өзгеріс болған секілді. Не өзгеріс екенін өзім де анық білмеймін. Бәлкім, Ол баяғыда болып, Оны өзім тек қазір ғана байқап отырған шығармын. Бәрі де мүмкін... Білетінім – жүйкем біршама тозған. Сол себепті бұрынғыдай емес, ойлаған ойларымды тез ұмытамын [2,2].*

Автордың баяндау желісіне кірігуі кенет, күтпеген жерден жүзеге асады. Оқиға желісі объективті түрде баяндалып келеді де, автор кенет өз атынан сұрақтарды өзіне-өзі қояды, сонымен қатар оқырманнан да жауап күтетін сияқты. Сондай авторлық кірігу сюжетаралық байланыстырушылық та қызмет атқарады. Мысалы: *Рас, ғұмыр ұзаған сайын жадынан шы-*

ғатын заттардың саны да көбейеді. Кезінде өміріңнен орын алған оқиғалар ұмытылып, қайсыбір мәнсіз көрінген сәттер есіңде қалуы әбден мүмкін. Бірге оқыған, бірге жүрген адамдардың аты-жөнін есіңе түсіре алмайсың, шырамытсаң да, жыға танымайсың. Ескі достықтан, кездескен күндерден із де қалмайды. Өмірің әлде бір құрдымға құйып жатқан өзен секілді. Адам жадының өз заңы бар.

Оның себебін дәрігерден сұрасаң, шаршағаннан дейді. Рас шығар. Жарық дүниеге келген адамның көрмейтіні бар ма? Оны ойласаң, ойдан ой бөлініп, сан тарам жолдың қайсысына түсерін білмей, дал болған жолаушыға ұқсайсың. Дүние сыры беймәлім. Не құдайды, не адамды кінәларың белгісіз. Бір қарасаң, құдайдікі дұрыс секілді – адам қылып жаратты, өсіп-өн, рақымды бол, ізгілікке сен деді. Одан артық не керек? Әйтсе де, құдайдың әмірімен іс қылып, жаманатын жалғыз өзі көтеретін адам байғұсты тағы аяйсың [2, 2].

Күрделі синтаксистік қатарлар арқылы авторлық шегініс байқалып, ішкі жан күйзелісі нақты беріледі. Мысалы: *Сондықтан әркім өзіне үй ішінен күрке жасап, сол күркенің заңымен ғана өмір сүріп, өз тілегін өзі қанағаттандырғаннан басқаға лаж жоқ. Күркеде өмір сүрген адамның еңсесі қайдан көтерілсін. Өзімнен өзім әлде бір атын атап, түсін түстеуге келмейтін қорлық пен зорлықтың қыспағында жүргендеймін [2, 2].*

Шығармада кездесетін мәтін бейнелілігін жасайтын негізгі тілдік тәсіл – фразеологиялық тіркестерді қолдану болып табылады. Мысалы: *«Үш күннен кейін адам тозаққа да үйренеді» дейді. Қиындыққа, тауқыметке төзу, қалыптасу, бәлкім, тіршілік үшін қажет те шығар, бірақ адамның күнә мен қылмысқа, арсыздық пен әділетсіздікке еті үйренуі – ең зиянды, ең қатерлі дағды*

Тәннің ауруы астан дейді. Ал кермек ойдан жаның ауырады [2, 3].

Кей жерде автор кейін сырғып, объективтеніп кетеді, оқиғаның өзін сөйлетеді, ал енді бір жерде өзі араласады, килігіп отырады. Мысалы: *Баспасөз беттерінде жарияланып жүрген неше түрлі хабарлардан әлдебір жан түршігерлік рухани күйреудің нышандары сезіледі. Ал солардың бәріне адамдардың еттері үйреніп, тітіркенбеуі, шімірікпеуі, ештеңе болмагандай, жайбарақат жүруі одан бетер зәремді алады. Маған олар адам өлігін селт етпей қолымен түртіп, қызықтап жүрген жарымес жасөспірімдер секілді елестейді [2, 3].*

Авторлық кірігулер объективті баяндаудың ішінде де жүреді. Олар объективті баяндауды субъективтендіріп, жалпы шығарма тұтас күйінде автордың өзінің жекелік бір әңгімесі екенін білдіреді.

Сюжетаралық байланыстырушылық қызмет атқаратын авторлық тікелей кірігулер кейде ұзақтай болып келіп, автор өзінің ойын, қатынасын, көрсету үшін еркін көсіліп те алады. Бұл оқырманды демалдырып, сергітіп, ойын бөліп, үзіліс сияқты қызмет атқарып та тұрады. Мысалы: *Мұнда келгелі аяқ астынан жоқ болып кететін күндерді ойлап, өзімді өзім үрейлендірмес үшін, анда-санда, айрықша оқиғалар тұсында ғана болмаса, қолға қалам алмасқа бекінген едім. Ақыры күнделікке қайта оралдым. Үйткені мені таң қалдырған бір түсініксіз оқиға болды. Тәңертеңгі астың алдында дәрі ішуге бас жақтағы стаканға қолымды соза бергем, кенет (бұған дейін байқамаппын) шкаф үстінде бүктеулі жатқан хатқа көзім түсті [2, 4].*

Мәтіндегі сұраулы сөйлемдер, шылаулар авторға көзқарасты, авторға тән интонацияны береді. Мысалы: *Аң-таң болып, неге екенін білмеймін, құпия хатты басынан бастап қайта оқып шықтым. Кенет жүрегім су ете қалды. Бұл қалай келген хат? Палатада жалғызбын. Кім кіруі мүмкін? Неге мен жоқта келеді? Неге менің күнделігімді сұраусыз оқиды? Қажет болса, хатсыз-ақ неге таныспайды? [2, 11]*

Субъективті «мен» тұлғасындағы баяншы өзіне екі қызмет жүктейді: әрі ол оқиғаға қатысушы, оқиғаның кейіпкері, әрі баяншы (оқиғаны жеткізуші). Осыған орай ол – бейнелеуші субъект қана емес, әрі бейнеленетін объект те болады [3, 86].

Монологтық мәтін бірліктерін байланыстырушы синтаксистік құралдар сан алуан болып келеді. Оларға *фонетикалық құралдар: интонация, ырғақ т.б.; лексикалық құралдар; грамматикалық құралдар; синтаксистік-стилистикалық құралдар* жатады. Монологтық мәтіндердің бірліктерін мағыналық-құрылымдық тұтастыққа біріктіруде ең жиі қолданылатыны есімдік сөздер болып табылады. Соның ішінде жіктеу, сілтеу, жалпылауыш мәнді, өздік есімдіктері белсенді түрде жұмсалады. Монологтардағы **есімдіктер мен үстеу сөздер** оқиғаның уақытқа қатысты дамуын бейнелеуге қатысып отырады: *Содан соң әр жерін ақ дәкемен орап байлады да, ауызғы бөлмеде бұрышта тұрған екі жағы торлы кішкентай темір төсекке салды. Тамақты өз қолымен береді. Күніне үш-*

төрт мәрте сыртқа алып шығады. Басқа уақыттарда күшік үнемі төсек үстінде қимылсыз жатады [4, 5].

Сонымен қатар, «осы кезде», «осы уақытта», «сол күні», «бұл уақытта» т.б. **есімдік + үстеу** сөздері арқылы жасалған тіркестер шартты синтаксистік қатынас жасауға қатысады. Шарттылық мән іс-әрекеттің, оқиғаның уақытқа қатысынан көрінеді. Мысалы, *Сол күні кешке үйге көп адам жиналды. Әңгімелеудегі оқиға желісінің дамуына, кейіпкердің іс-әрекетін, қимылын баяндауда етістік* ең жиі қолданылатын лексика-грамматикалық категория болып табылады. Монологтық мәтіндерде оқиғаның өтуін бірізділікпен сипаттау үшін етістіктің **-ды/-ді, -ты/-ті** жедел өткен шақ тұлғалары жиі қолданылып, бірінен соң бірі болған әрекетті жеткізуге бейім болып келеді: *Күн өткен сайын түсініксіз нәрселер көбейе берді. Мәселен, бірде ауылға көлік жекпей өзі жүретін, және жүрген кезінде күннің баяу, үздіксіз күркірегеніне ұқсас дыбыс шығаратын темір арбаға мінген кісілер келді. Енді бір жолы ауыл отырған сайдық етегі кеңіп, үлкен, жазық алаңқайға айналатын тұсқа алып құс қонды. Аттарына міне сала шапқан жұртпен қанжығаласып Лашын да барды. Кәдімгі ақ темір. Ішінен адамдар шықты. Олар жерге түсіп, ат үстіндегілермен сөйлесіп, әлденені сұрап біраз тұрды да, құстың қарнына қайта кірді [4, 13].*

Жедел өткен шақ өтіп жатқан оқиғаны деталь арқылы нақтылап суреттеу мақсатында көркем шығармада стилистикалық мақсатта жиі қолданылады: *Сұлу көрініске қас қағымдай уақытырып қалған тазы келер сәтте-ақ аяғының астындағы ұлпа қарды бір-ақ серпіп, ағыза жөнелді. Аралық тез қысқарды. Тазының мұрнына түлкінің күлімсі исі келді. Дене мүшесі тегіс анық көрінді [4, 17].* Ал есімшенің **-ған/-ген, -қан/-кен** тұлғалары шығармада баяндалып отырған оқиға уақытынан бұрын болған оқиғаны жеткізуде басымырақ қолданылады. Мысалы: *Ол манадан бері түлкіні ұстау, талау ниетімен құмаған. Қызық жарыс сияқты ғана көрген. Жетіп алып, тіс батырыспай қар бетінде аударыспақ ойнамақ болған [4, 18].*

Монологтық мәтіндердің түзілуіне *жалғаулық шылаулар, қыстырма сөздер, синтаксистік параллельді құрылымдар, сөздердің орын тәртібі* негіз болады. Жалғаулық шылаулар алдыңғы сөйлемде айтылған пікірге, оқиғаға қарсы мән тудыру мақсатында жұмсалады. Қыстырма сөздер, айқындауыш мүшелер сияқты

мәтін оқиғасына, кейіпкер іс-әрекетіне қатысты субъективтік қарама-қарсы, ыңғайлас, толықтырушы көзқарасты, ойды, бағалауды көрсету үшін қолданылады.

Мәтіндегі синонимдік қатарлы қарсылықты мәнді сөйлемдер контрасты өмір бейнесін дәл беру үшін де орынды пайдаланылған. Мысалы, *“Үш күннен кейін адам тозаққа да үйренеді”* дейді. **Қиындыққа, тауқыметке төзу, қалыптасу, бәлкім, тіршілік үшін қажет те шығар, бірақ адамның күнә мен қылмысқа, арсыздық пен әділетсіздікке еті үйренуі – ең зиянды, ең қатерлі дағды** [2, 3].

хическое своеобразие и отразившиеся в специфических чертах данного языка ; в-третьих, как механизм адаптации этноса к окружающему миру и образ мира, детерминированный определенными социальными связями «существенная часть национального общественного сознания; образ мира, детерминируемый пространственными, причинными, эмоциональными и прочими связями, свойственные языку и культуре данного народа» [14, 141]. С.Е.Никитина сближает понятие «языковое сознание» с такими особенностями речевого поведения индивидуума, которые определяются коммуникативными ситуациями, языковым, культурным статусом личности, его социальной принадлежностью, полом, возрастом, психическим типом, мировоззрением, особенностями биографии и другими константными и переменными параметрами личности, выводит понятие «языковое самосознание» личности [15, 34-41]. При этом языковое самосознание выступает как часть языкового сознания. Если объектом сознания является весь универсум, то объектом языкового самосознания является язык в целом и его отдельные элементы, языковое поведение и его продукт — тексты. Языковое сознание реализуется в вербальном поведении [16, 38].

Языковое сознание — один из видов быденного сознания, оно «является механизмом управления речевой деятельностью и формирует, хранит и преобразует языковые знаки, правила их сочетания и употребления, а также взгляды и установки на язык и его элементы» Выделяются такие функции языкового сознания: Отражательная функция, создающая «языковую картину мира» и осуществляющая в языковых значениях, языковых формах и типах связи между словами; ориентировочно-селективная функция, которая обеспечивает ориентировку в ситуации для выбора языковых средств в соответствии с коммуникативным заданием при производстве речи или ориентировку в структуре сообщения для перехода от поверхностных структур к глубинным (т.е. к замыслу высказывания) при восприятии речи. Интерпретационная функция, имеющая два аспекта: внутриязыковой и межъязыковой; иначе говоря, язык используется в его Метаязыковой Функции; Регулятивно-управляющая Функция, выступающая в виде механизма обратной связи с двумя каналами: контрольно-управляющим (контроль за речевыми операциями) и оценочно-регулятивным (оценка высказывания с точки зрения соответствия действующим нормам).

Как известно, определение языкового сознания предполагает разграничение содержания терминов сознание, мышление, образ (картина) мира. Понятия, стоящие за этими терминами, бесспорно, взаимосвязаны, но их референтные поля различны. Так, термином сознание в научной традиции принято обозначать рефлексивную психическую деятельность, включающую перцепцию, переработку воспринятого и формирование целостной картины мира, содержащей знания и отношения, объекты и самого субъекта в отношении к ним. Ключевым в данном случае является понятие рефлексии, т.е. отношения субъекта к объекту: субъект включен в картину мира как наблюдатель, фиксирующий пространственные, временные и прочие характеристики объекта с определенной субъективной позиции, точки зрения. Интерес к языковому сознанию и его этнокультурной специфике как раз и определяется потенциальной возможностью различных позиций субъекта при обработке воспринятой информации и воплощении знаний средствами национального языка. Неслучайно исследование языкового сознания непременно затрагивает и сферу культуры, поскольку любая позиция члена социума (представителя этноса) культурно обусловлена. Однако сведение культуры только к национальной культурной традиции вряд ли оправданно.

Картина мира является одним из компонентов сознания. Понимание языкового сознания в лингвистике складывается с учетом достижения лингвистической науки, с исследованиями языковой картины мира. Это целостное и системное отражение реальности составляет основу ориентировки и планирования поведения, в том числе и коммуникативного. Картина мира неоднородна. Общепринятым является разграничение вербальной (языковой) и невербальной картины мира на основании способа кодирования информации [17]. В свою очередь, на основании способа переработки необходимой для формирования картины мира информации различают наивную и научную картины мира. Языковая картина мира является «наивной» в том смысле, что во многих существенных отношениях она отличается от «научной» картины. При этом отраженные в языке наивные представления отнюдь не примитивны: во многих случаях они не менее сложны и интересны, чем научные. Таковы, например, представления о внутреннем мире человека, которые отражают опыт интроспек-

ции десятков поколений на протяжении многих тысячелетий и способны служить надежным проводником в этот мир. Научный образ мира представляет собой частный случай текстовой картины мира, поскольку складывается в результате восприятия и переработки информации, содержащейся в текстах, функционирующих в определенной социальной сфере. Думается, что разграничение научной и наивной картин мира принципиально важно, так как научная картина мира в силу принадлежности к узкой социальной сфере и направленности на решение специфических задач стремится к нивелировке этнокультурных различий [17, 48].

Языковая картина мира представляет собой, с одной стороны, результат функционирования языкового сознания, закрепленный в лексиконе и грамматике национального языка, который, не препятствует возможности вербализовать принципиально любое содержание; с другой стороны – основу для ориентировки в коммуникативной ситуации при порождении и восприятию речи.

Мышление сопряжено с сознанием, но не равноценно ему. Мышление представляет одну из высших психических функций, обеспечивающих способность перерабатывать информацию с целью решения различных задач, так или иначе связанных с постановкой вопросов и поисков ответов на них при реализации простой или сколь угодно сложной деятельности. Мышление – необходимое условие становления сознания. Между тем мышление, в силу направленности на постановку и решение задачи, стремится освободиться от национального языка. В отечественной научной традиции, восходящей к культурно-исторической концепции Л.С. Выготского, мышление и языковую способность рассматривают в качестве сопряженных результатов социально обусловленной деятельности [18]. Слово представляет собой орудие психической деятельности – мышления. Мышление, его различные типы (образное, операциональное, вербальное, символическое), позволяет сформировать картину мира. Различные типы мышления обеспечивают разнообразие способов переработки информации в процессе анализа актов перцепции и синтеза целостного образа мира.

Языковое сознание динамизируется посредством установления его связей с речевой деятельностью. Связь сознания, языка, мышления, речи, проявляется во-первых в том, что речь

непосредственная действительность мысли, а мысль оформляется при помощи языка и сознания — идеального, выражается в виде материально оформленного высказывания), во-вторых, язык — сознание, мышление — речь соотносятся в том плане идеально-материальной сущности, которая выражается в поведенческих (вербальных и невербальных) актах. Суждение (мысль) всегда обладает предикативностью, т.

е. соотносит высказывание, предложение с личностью говорящего и ситуацией. Как видим, решение проблемы связи языка и сознания будет односторонним и узким вне рассмотрения их в речемыслительной деятельности говорящего. Поэтому их надо рассматривать как взаимосвязанные элементы когнитивно-коммуникативной системы человека и коллектива (общества), к которому он принадлежит.

Литература

- 1 Тарасов Е.Ф. Языковое сознание – перспективы исследования // Языковое сознание: содержание и функционирование: матер. XIII Междунар. симп. по психолингвистике и теории коммуникации. – М, 2000. – С. 3–4.
- 2 Уфимцева Н.В. Язык, языковое сознание и образ мира // ...Слово отзовется: памяти Аллы Соломоновны Штерн и Леонида Вольковича Сахарного. – Пермь: Изд-во Перм. гос. ун-та, 2006. – С. 112–1143.
- 3 Тарасов Е.Ф. Язык как средство трансляции культуры // Язык как средство трансляции культуры. – М.: Наука, 2000. – С. 45–53.
- 4 Ушакова Т.В. Языковое сознание и принципы его исследования [Электронный ресурс]. – URL: http://www.ilingran.ru/library/psylingva/sborniki/Book2000/html_204/1-2.html.
- 5 Уфимцева Н.В. Взаимодействие культур и языков: теория и методология // Встречи этнических культур в зеркале языка. – М.: Наука, 2002. – С. 152–170..
- 6 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 2003.
- 7 Wierzbicka. Anna. 1997. Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. – New York: Oxford University Press. – 317 p.
- 8 Привалова И.В. Национально-культурная специфика ценностных доминант рекламного дискурса // Язык, сознание, коммуникация. – М., 2003. – Вып. 25. – С. 97–101.
- 9 Стернин И.А. Коммуникативное и когнитивное сознание / С любовью к языку. – М.–Воронеж: Изд-во ВГУ, 2002. – С. 44–51.
- 10 Гудков Д.В. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: Гнозис, 2003. – 288 с.
- 11 Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. – М., 1969. – 136 с.
- 12 Жинкин Н.И. Язык. Речь. Творчество: Исследования по семантике, психолингвистике, поэтике. – М.: Лабиринт, 1998.
- 13 Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика. – М.: Наука, 1977. – 127 с.
- 14 Гальперин П.Я. Языковое сознание и некоторые вопросы взаимоотношений языка и мышления // Вопросы философии. – 1977. – №4. – С. 17-22.
- 15 Никитина С.Е. Языковое сознание и самосознание личности в народной культуре // Язык и личность. – М.: Наука, 1989. – С. 65-74.
- 16 Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: Курс лекций. – М.: ИТДКГ «Гнозис», 2001. – 270 с.
- 17 Касевич В.Б. Буддизм. Картина мира, язык. – СПб.: Центр «Петербургское востоковедение», 1996.
- 18 Выготский Л.С. Мышление и речь.. – М.: Лабиринт, 1999.

References

- 1 Tarasov E.F. Yazykovoe soznanie – perspektivy issledovaniya // Yazykovoe soznanie: soderzhanie i funktsionirovanie: mater. XIII Mezhdunar. simp. po psiholingvistike i teorii kommunikatsii. – М, 2000. – S. 3–4.
- 2 Ufimtseva N.V. Yazyk, yazykovoe soznanie i obraz mira // ...Slovo otzovetsya: pamyati Ally Solomonovny Shtern i Leonida Vol'kovicha Saharnogo. – Perm': Izd-vo Perm. gos. un-ta, 2006. – S. 112–1143.
- 3 Tarasov E.F. Yazyk kak sredstvo translyatsii kul'tury // Yazyk kak sredstvo translyatsii kul'tury. – М.: Nauka, 2000. – S. 45–53.
- 4 Ushakova T.V. Yazykovoe soznanie i printsipy ego issledovaniya [Elektronnyj resurs]. – URL: http://www.ilingran.ru/library/psylingva/sborniki/Book2000/html_204/1-2.html.
- 5 Ufimtseva N.V. Vzaimodeystvie kul'tur i yazykov: teoriya i metodologiya // Vstrechi etnicheskikh kul'tur v zerkale yazyka. – М.: Nauka, 2002. – S. 152–170..
- 6 Karaulov Yu.N. Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost'. – М., 2003.
- 7 Wierzbicka. Anna. 1997. Understanding cultures through their key words: English, Russian, Polish, German, and Japanese. – New York: Oxford University Press. – 317 p.
- 8 Privalova I.V. Natsional'no-kul'turnaya spetsifika tsennostnykh dominant reklamnogo diskursa // Yazyk, soznanie, kommunikatsiya. – М., 2003. – Vyp. 25. – S. 97–101. М. С. Мухатова
- 9 Stermin I.A. Kommunikativnoe i kognitivnoe soznanie / S lyubov'yu k yazyku. – М.–Voronezh: Izd-vo VGU, 2002. – S. 44–51.
- 10 Gudkov D.V. Teoriya i praktika mezhkul'turnoy kommunikatsii. – М.: Gnozis, 2003. – 288 s.
- 11 Leont'ev A.A. Yazyk, rech', rechevaya deyatel'nost'. – М., 1969. – 136 s.
- 12 Zhinkin N.I. Yazyk. Rech'. Tvorchestvo: Issledovaniya po semantike, psiholingvistike, poetike. – М.: Labirint, 1998.
- 13 Shmelev D.N. Sovremennyy russkiy yazyk. Leksika. – М.: Nauka, 1977. – 127 s.
- 14 Gal'perin P.Ya. Yazykovoe soznanie i некotorye voprosy vzaimootnosheniy yazyka i myshleniya // Voprosy filosofii. – 1977. – №4. – S. 17-22.
- 15 Nikitina S.E. Yazykovoe soznanie i samosoznanie lichnosti v narodnoy kul'ture // Yazyk i lichnost'. – М.: Nauka, 1989. – S. 65-74.
- 16 Krasnyh V.V. Osnovy psiholingvistiki i teorii kommunikatsii: Kurs lektsiy. – М.: ИТДКГ «Гнозис», 2001. – 270 с.
- 17 Kasevich V.B. Buddizm. Kartina mira, yazyk. – SPb.: Tsentr «Peterburgskoe vostokovedenie», 1996.
- 18 Vygotkiy L.S. Myshlenie i rech'.. – М.: Labirint, 1999.

ӘОЖ 070 (091)

Н. Өмірсерікова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ІІ курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан
e-mail: kz_nur_kz@mail.ru

Филолог-маманның қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары

Мақалада құзырет, құзыреттілік, біліктілік терминдері ғылыми тұрғыда жан-жақты талданып, анықтамалары мен дәйектемелер салыстырылып беріледі. Сонымен қатар бұл терминдердің білім беру жүйесіндегі қолданысы да сөз болады.

Құзыреттіліктің түрлеріне талдау жасай отырып, мақалаға өзек болып отырған қатысымдық құзыреттілікке нақты тоқталып, оны қалыптастыру жолдары айтылады.

Мақалада филолог-маманның қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын жүйелеу қажеттігін айта келіп, оларды іске асыру жолдары да айтылады.

Оқытушы студенттің бойына қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырмастан бұрын өзі қатысымдық құзыреттілігін жетілдіруі қажет деп есептейді.

Қатысымдық құзыреттілік оқытушы осы мәселе төңірегінде не білетінімен, оқытушы өз білімін практикада қалай қолданатындығымен, оқытушы өз қызметіне қалай қарайтындығымен өлшенетіндіктен оқытушы, ата-ана, мектеп, оқушы, әріптестерімен жұмыс істегенде қалай жүзеге асыратындығы арқылы көрінеді. Сонымен қатар оқытушының басқа адамдармен бірлесіп жұмыс жасаудағы қарым-қатынасы, өзара түсінуі мен оған көмектесуі, педагогикалық тактісі мен стилі арқылы да байқалады.

Түйін сөздер: құзырет, құзыреттілік, біліктілік, филолог-маман, филолог-маманның қатысымдық құзыреттілігі.

Н. Омирсерикова

Формирование коммуникативной компетентности будущего учителя-филолога

В статье рассматриваются пути формирования коммуникативной компетентности будущего учителя-филолога, а также описываются их качественные показатели и уровни формирования.

В статье с научной точки зрения проанализированы и раскрыты существенные характеристики понятий: компетенция, компетентность и умение. Вместе с тем описываются возможности применения этих терминов в системе образования.

Анализируя виды компетентностей, в частности мы рассматриваем коммуникативную компетентность и пути ее формирования.

Рассматривая необходимость систематизации условий формирования коммуникативной компетентности будущего специалиста-филолога, предлагаем пути их реализации.

Преподаватель, прежде чем формировать у студентов коммуникативную компетентность, должен совершенствовать свою коммуникативную компетентность.

Коммуникативная компетентность проявляется в ходе ее реализации, в процессе работы с коллегами, учащимися, коллективом школы, родителями и учителями, показателями которой являются: сформированность научного знания о коммуникативной компетентности, применение этих знаний на практике, сформированность отношения учителя к своей деятельности, умения общаться в совместной деятельности с людьми в ходе работы, взаимопонимание и взаимопомощь, педагогический такт и стиль общения.

Ключевые слова: компетенция, компетентность, умение, специалист-филолог, коммуникативная компетентность специалиста-филолога.

N. Omirserikova

Formation of the communicative competence of future teachers philologist

In this article discusses the ways of formation of communicative competence of future teachers philologist, and describes their qualitative indicators and levels of formation.

Article scientifically analyzed and disclosed the essential characteristics of the concepts: competence, competence and skill. However, describes the applicability of these terms in the education system.

Analyzing types of competencies, in particular, we consider the communicative competence and ways of its formation.

Considering the need to systematize the conditions of formation of communicative competence of the future expert philologist, propose ways to implement them.

Teacher before, to form the students communicative competence should improve their communicative competence.

Communicative competence is manifested in the course of its implementation in the process of working with colleagues, uchaschiemisyа, school community, parents and teachers, which are indicators: Maturity of scientific knowledge about communicative competence, application of this knowledge in practice, Maturity of their attitude towards their activities, the ability to communicate in a joint activities with people in the work, and mutual understanding, pedagogical tact and communication style.

Key words: competence, competence, ability, professional philologist, communicative competence expert philologist.

1960-1970 жылдары батыста, 1980 жылдардың аяғынан бастап Ресейде «компетентность» және «компетенция» терминдері білім беру жүйесінде қолданыла бастағаны белгілі. Қазіргі таңда «күзiреттiлiк», «күзiрет» терминдерi қазақ тiлiн оқыту әдiстемесiне де дендеп ендi. Бұл терминдермен қоса «бiлiктiлiк», «кәсiби шеберлiк», «педагогикалық мәдениет» ұғымдары да қатар қолданылып келедi.

Жалпы Еуропа кеңесi бес күзiреттiлiктi түйiндi күзiреттiлiктер деп есептейдi:

- Саяси және әлеуметтiк күзiреттiлiк. Күзiреттiлiктiң бұл түрi демократиялық институттардың дамуына үлес қосуы, әр түрлi жағдаяттарды бейбiт түрде шеше алуы, өзiне жауапкершiлiк алуы, бiрiгiп жұмыс iстей бiлуi тәрiздi жұмыстар арқылы көрiнедi.

- Мәдениаралық күзiреттiлiк көп мәдениеттi қоғамда өмiр сүре алуы, расизмге жол бермеуi, басқа ұлттың мәдениетiн, салт-дәстүрiн, дiнiн құрметтей алуы сияқты қабiлеттерiнен байқалады.

- Ауызша және жазбаша тiлдiк қарым-қатынасты меңгеру күзiреттiлiгi

бiрнеше тiлдi игеруi арқылы көрiнiс табады.

- Қоғамдағы ақпаратпен байланысты күзiреттiлiк. Бұл күзiреттiлiк жаңа технологияларды игеруi, оларды түсiнiп, қолдануы, түрлi ақпараттарға сыни көзқараспен қарауы арқылы қалыптасады.

- Жеке және қоғамдық өмiрде өзiнiң кәсiби жоспарын iске асыру мақсатында үздiксiз iздену мен оқуға деген қызығушылықтарды қамтитын күзiреттiлiк.

Д.И.Ушаковтың түсiндiрме сөздiгiнде «күзiрет» ақпаратты бiлуi, беделдi болуы, «күзiреттiлiк» тұлғаның өзiнiң беделi, танымы, тәжiрибесi т.б. арқылы меңгерген сұрақтар жиынтығы деген анықтама берiлген [1].

Кей ғалымдар күзiреттi белгiлi бiр салада туындаған мәселенi шешуге қажеттi бiлiм мен дағды, ойлау және түсiнудiң жиынтығы деп есептейдi [2].

Ендi бiр топ ғалымдар тұлғаның жеке сапасы, жұмысында қабiлетi мен iскерлiгiн практикалық тұрғыда қолдана бiлуi, ұйымдастырушылық қабiлетiнiң болуы деп санайды.

Көптеген зерттеушiлер күзiреттi бiлiмдi меңгерiп қана қоймай, алған бiлiмiн кез келген жағдаятта ұтымды қолдана бiлу қабiлеттiлiгi деп қарастырады. Күзiреттiң белгiлерiн танытатын төмендегiдей деңгейлердi көрсетедi:

- бiлiм мен қабiлеттi меңгеру деңгейi;
- бiлiм мен қабелеттiң диапазоны мен кеңдiгi;

- арнайы тапсырмаларды орындау қабiлетi;
- жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыра алу қабiлетi;

- таныс емес жағдаяттарда алған бiлiмi мен қабiлетiн дұрыс қолдана алуы.

Г.М.Коджаспирова «педагог күзiреттi мұғалiм болу үшiн арнайы педагогикалық қабiлеттерге ие болуы тиiс» деп есептейдi [3].

Р.С.Рахметова «күзiрет студенттiң бiлуi қажет нәрсе болса, күзiреттiлiк осы нәрсенi жақсы iстеуi, өзiн-өзi танытуы, бiлiмi, бiлiгi, өзiн-өзi бағалауы т.б. мәселелердi қамтиды» деп екеуiнiң ара жiгiн ашып көрсетедi [4].

Қазiргi бiлiм беру саласында күзiрет, күзiреттiлiк, бiлiктiлiк терминдерi қатар қолданылып жүр. Бүгiнгi күнi стандарттар мен оқу бағдарламаларында түйiндi күзiреттiлiктiң төрт түрi (ақпараттық, танымдық, қатысымдық, проблемалардың шешiмiн табу) нақты көрсетiлуде. Оқушы немесе студенттiң бiлiмi күзiреттiлiк тұрғысынан бағамдала бастады. Олардың күзiреттiлiгiн қалыптастыруға айрықша мән берiлуде.

Филолог-маманның күзiреттiлiгiн жетiлдiру бiр күннiң жұмысы емес. Күзiреттiлiк өмiр бойы қалыптасады десек артық айтқандық емес.

Ф.Ш. Оразбаева мен Р.С. Рахметова күзiреттiлiктiң үнеми жетiлу үстiнде болатынын айтады: «Адамдардың қатысымдық күзiреттiлiгi бәрiнде бiрдей болмайды. Ана тiлiнде сөйлейтiн адамдардың өзiнде де қатысымдық күзiреттiлiк бiр деңгейде кездеспейдi. Ол әр

адамның қабілетіне, қоршаған ортасына байланысты өзгеріп отырады. Адам жас кезінде қарапайым құзіреттіліктен бастап, өзінің даму барысында аралық құзіреттіліктен өтеді. Ересек болғанда оның бірқалыпты тілдік қатысымдық құзіреттілігі қалыптасады, алайда ол әр адамның тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты болады» [5].

А. Жапбаров қатысымдық біліктіліктің төмендегідей ұғымдар негізінде жүзеге асатынын дәлелдейді:

1) тіл және оның теориялық жағынан нақты білімінің болуы (халықтық норма жүйесінде); тілдік құралдарды қарым-қатынастық шарты, жағдайы, міндеттері мен мақсатына байланысты қолдана алу әрекет шеберлігінің жетілуі;

2) тіл мәдениетін сақтап, әлеуметтік мінез-құлық нормалары, ұлттық ерекшеліктері негізінде сөйлеуді ұйымдастыра білу икемділігінің қалыптасуы [6].

Қатысымдық құзіреттілік топпен, ұжыммен жұмыс істеуді бағалау, адамдардың бір-біріне деген сенімділігі, бірін-бірі түсінуі, тыңдап, сыйлай білуі, қарапайым этикет нормаларын сақтауы, өз қателігін түсінуі, басқа адамдармен жұмыс істей білуі тәрізді қабілеттерді қамтиды.

Ф.Ш. Оразбаева мен Р.С. Рахметова еңбектерінде «қатысымдық құзіреттілікті қалыптастыру үшін сабақ үрдісінде орындалатын жұмыстар қатысымдық тұрғыдан жүргізілуі қажет» деп санайды да, оның төмендегідей жұмыстардан көрінетінін санамалап көрсетеді:

Оқушының *ұйымдастырушылық қабілеті* оның:

- топ мүшелерін басқара білуінен;
- тапсырманы орындауда ұжымды және өзінің іс-әрекетін ұйымдастыра алу іскерлігінен;
- тапсырманы орындауға қажетті мәліметтерді тиімді жинап, бағыттап алуынан;
- әңгімені мақсатты түрде жүргізуінен;
- топты құра білу және олармен жұмыс жасауынан;
- ынтымақтастық ахуалды ұстай білуінен;
- топ мүшелерімен достық қарым-қатынасынан;
- топ мүшелерінің жағымсыз мінез-құлықтарын түзетуінен;
- мәселені шешу мақсатында тиімді талдау және келіссөз жүргізуінен;
- сөз сөйлеуді ұйымдастыруынан көрінеді.
- *Қатысымдық іскерлік қабілеті:*
- өз пікірін, құқығын қарым-қатынасты

бұзбай қорғауынан;

- жаңа идея және жоспар арқылы іс-әрекетке ынталандыра білуінен;
- дұрыс сұрақтар қоя білу және әңгімелесушінің эмоционалды және ақпараттық деңгейін анықтауынан;
- екіжақты коммуникация бағытын құра білуінен;
- өзге адамдарды дұрыс сынай білу және қолдауынан;
- келіссөз жүргізе білу іскерлігінен;
- Аудиторияның қызығушылығын анықтай алуынан;
- тыңдаушыны сендіре білу және шешендік дағдыларға ие болуынан;
- қиын сұрақтарға дәлелді түрде жауап беріп, келіспеушілікті жеңе алуынан;
- пікірталасты мәдени түрде жүргізе білуінен;
- талдай алу, ұсыну, жүргізе білу іскерлігінен;
- «қиын» топ мүшесімен қарым-қатынас кезінде әңгімелесуді ұтымды жүргізуінен;
- тыңдаушымен жағымды қарым-қатынас орнатып, кеңес бере білуінен байқалады.

Яғни филолог-маманның қатысымдық құзіреттілігін қалыптастыру үшін жұмыстарды ұтымды түрде жүйелеп алу қажет. Кредиттік оқу жүйесі студенттің өз бетімен ізденуіне көп мүмкіндік тудырады. Оқытушы сабақ үрдісінде қатысымдық құзіреттілікті жетілдіру үшін көптеген жұмыстар атқаруы тиіс. Студентке дәріс, семинар сабақтары мен СӨЖ, СОӨЖ тапсырмаларын орындату барысында олардың өзіндік пікірлерін тыңдауға көбірек мән бергені жөн. Сол сияқты топтық, ұжымдық тапсырмаларды да жиі пайдаланған дұрыс. Мысалы, дәріс сабақтарында дәріс мәтінінің кейбір көкейтесті тұстарын топтық жұмыс ретінде ұсыну, олардың қатысымдық құзіреттілігін жетілдіруге ықпал етеді. Студенттер дәріс мәтініндегі ең керекті, мазмұнды тұстарын тауып, топ ішінде талқылайды. Содан кейін өз тұжырымдарын жеткізуге тырысады. Бұл олардың топпен жұмыс істеу қабілетін, ұйымдастырушылығын, басқалардың пікірімен санасуын қажет етеді. Нәтижесінде олар өз пікірлерін айтуға жаттығады. Дәрісті жай тыңдап отырғаннан гөрі өзіндік тұжырым шығаруға дағдыланады.

Әдіскерлер оқытушы студенттің бойына қатысымдық құзіреттілікті қалыптастырмастан бұрын өзі қатысымдық құзіреттілігін жетілдіруі қажет деп есептейді. Қатысымдық құзіреттілік

үш негізгі ойдан, тұжырымнан тұрады: оқытушы осы мәселе төңірегінде не біледі; оқытушы өз білімін практикада қалай қолданады; оқытушы өз қызметіне қалай қарайды. Осы үш тұжырым оқытушы ата-ана, мектеп, оқушы, әріптестерімен жұмыс істегенде қалай жүзеге асады сол арқылы көрінеді. Сонымен қатар оқытушының басқа адамдармен бірлесіп жұмыс жасаудағы қарым-қатынасы, өзара түсінуі мен оған көмектесуі, педагогикалық тактісі мен стилі арқылы да байқалады.

Оқытушы педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін әр оқушының атқаратын жұмысына деген қызығушылығын тудыра алуы қажет. Себебі қызығушылық тудыра алу жұмыс нәтижесінің сапалы болуына тікелей әсер етеді. Оқушының қызығушылығын тудыру үшін оқытушы ол оқушының деңгейін жақсы білуі шарт. Ол үшін оқытушы өзінің қатысымдық құзіреттілігін жетілдіруі керек.

Оқытушы оқушыға ескерту жасау кезінде, оны ренжітпейтіндей, бірақ сонымен қатар оның сабаққа деген ынтасын арттыратындай ескерту жасауға үйренгені дұрыс. Психологтар оқушыға ең алдымен «саған берілген уақыт тез өтіп жатыр, ол енді бітейін деп қалды. Мен қатты қобалжып тұрмын, сенің жұмысыңды тексеріп үлгере алмай қаламын ба деп» деген тәрізді ескертулер жасаған дұрыс деп санайды.

Топтағы келіспеушілікті жою үшін, әр жаңа топтағы сабақты бастамас бұрын, олармен келісімшарт жасау пайдалы болады. Оқытушы өз сабағында студент орындауы тиіс жұмыстар мен бағалау нормаларын плакатқа жазып қояды. Студенттер оқып, келісетін болса, қол қояды. Кредиттік оқу жүйесінде бұл жұмыстар силлабуста қамтылады. Силлабуспен танысқан студент келіскен жағдайда қол қояды. Бұл қазіргі таңда көптеген жоо-да қолданылып жүрген тәсіл. Аталған тәсіл оқытушы мен студент арасындағы өзара жұмысты сапалы әрі нәтижелі атқаруға жағдай тудырады. Оқытушы сабақ үрдісіне қойылатын талаптар мен атқарылатын жұмыстарды бірінші сабақта талдап

алады. Кейбір кездерде студенттер тарапынан жасалған ұсыныстарды да қабылдау қажет. Себебі бұл жағдаят студенттің оқытушыға деген құрметін арттырады. Оның пікірімен де санасатыны студенттің өзіне деген сенімін күшейтеді.

Семинар сабақтарында ойталқы, ойбөліс ұйымдастыру маманның қатысымдық құзіреттілігін жетілдіруге ықпал етеді. Бірақ оқытушы атқаратын жұмысты нақты беруі қажет. Мысалы:

- проблеманы анықтаймыз;
- оны шешудің бірнеше жолдарын ұсынамыз;
- әрбір шешімнің нәтижесі мен оған жетудің жолдарын нақты фактілер арқылы береміз;
- ең мықтысын таңдап аламыз;
- оны орындауды іске асырамыз; нәтижесін шығарып, қорытынды жасаймыз.

Әр жұмысты осылай жүйелі орындау олардың іскерлік дағдыларын жетілдіруге септігін тигізеді. Студент әр жұмысты іске асырудың жолдарын жоспарлап үйренеді.

Қорыта келгенде, филолог-маманның қатысымдық құзіреттілігін жетілдіру екі жақты байланыс арқылы іске асады. Оқытушы мен студент арасындағы өзара түсінушілік, бірлесіп жұмыс жасауға деген ынта құзіреттілікті қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Ғалымдардың пікірімен түйіндесек, «оқушының дара тұлға ретінде кез келген жағдаятта, кез келген тақырыпта өз ойын еркін, жүйелі жеткізіп, бір ойдан екінші ойға бірден көшіп, кез келген адаммен еркін, ортақ тіл табыса алса, оның қатысымдық құзіреттілігінің деңгейі байқалады. Құзіреттілік – белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған білім, білік, дағдысы, тәжірибесі болса, коммуникация – қарым-қатынас, өзара пікірлесу, сөйлесу, ұғынысу дегенді білдіреді. Демек, қатысымдық құзіреттілік – бұл өзара байланыс, пікірлесу, сөйлесуге қатысты коммуниканттардың жинақталған білім, білік, дағдылармен қарулануы, білімдік қатысымды терең меңгеруі» [5].

Әдебиеттер

- 1 Под ред. Д.И. Ушакова. Толковый словарь русского языка. В 4 т. – Т. 1. – М., 1935.
- 2 Равен Дж. Компетентность в современном обществе. – М: КОГИТО-ЦЕНТР, 2002.
- 3 Коджаспирова Г.М. Педагогика: Учебник. – М.: Гардарики, 2004.
- 4 Рахметова Р.С. Қазақ тілі синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ЖОО филолог мамандықтары үшін). П.ғ.д. дәрежесін алу үшін жаз. Дисс. автореф. – Алматы, 2010.
- 5 Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері. Монография. – Алматы: Әрекет-Принт, 2012.
- 6 Жапбаров А. Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (Ү–ІХ сыныптар): пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2004.

References

- 1 Pod red. D.I. Ushakova. Tolkovyy slovar' russkogo yazyka. V 4 t. – T. 1. – M., 1935.
- 2 Raven Dzh. Kompetentnost' v sovremennom obschestve. – M: KOGITO-TsENTR, 2002.
- 3 Kodzhaspirova G.M. Pedagogika: Uchebnik. – M.: Gardariki, 2004.
- 4 Rahmetova R.S. Қазақ тили синтаксисін қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (ZhOO filolog mamandyqtary үшін). P.f.d. дәрежесін алу үшін жаз. Diss. avtoref. – Almaty, 2010.
- 5 Orazbaeva F.Sh., Rahmetova R.S. Қазақ тилин деңгейлік оқытудың ғылыми-методологиялық негіздері. Monografiya. – Almaty: Әрекет-Print, 2012.
- 6 Zhapbarov A. Қазақ тилин оқыту арқылы тил дамытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздері (Y–IH synoptar): ped. ғыл. dokt. ... avtoref. – Almaty, 2004.

ӘОЖ 82:801.6; 82-1/-9

Д. С. Розиева

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
II курс Ph.D докторанты, Алматы қ, Қазақстан
Ғылыми жетекші – ф. ғ. д. профессоры Ф. Е. Исмаилова
e-mail: rsdilfuza@mail.ru

Американдық балалар әдебиетімен Доктор Сьюз шығармашылығының арақатынасы

Мақала америкалық балалар әдебиеті туралы жалпы мәліметтер мен бірге әдебиеттің осы саласының бүгінгі даму сатысына жету себептері талқылаған. Автор Доктор Сьюз шығармашылығы және оның американдық балалар әдебиетіндегі рөлі мен орны туралы кең тоқталып өз талдауларымен бөліседі.

Бірнеше америкалық ұрпақтардың сүйікті балалар ақыны, абсурдист-сюрралист Теодор Гейзель Сьюз шығармашылығы, лақап аты Доктор Сьюз және оның шығармаларының америкалық балалар әдебиетіндегі алар орны туралы жазылған.

Доктор Сьюз шығармалары қарапайым жазылып, кішкентай оқырмандардың сөйлесім, айтылым, оқылым дағдыларын дамыту, балалардың фантазиясын өрбітумен шектелмей, олардың ойлау қабілеттерін, дүниені тану дағдыларын дамытумен бірге, жалпы адамзатқа қауіп төндіретін ядролық қару, әлемдегі зорлық-зомбылық сынды ғаламдық мәселелерді балаға түсінікті тілмен жеткізген және сол бүлдіршіндер өз елінің болашағы, үміті екеніне сенген. Шынайы күнделікті өмір реалиялары мен ақылға сыймайтын ойдан шығару өзара байланысын тапқан.

Түйін сөздер: америкалық әдебиет, балалар әдебиеті, Доктор Сьюз шығармашылығы, балалар ақыны, абсурдист сюрралист, «Кандекот» сыйлығы.

Д. С. Розиева

Взаимосвязь американской литературы с творчеством Доктора Сьюза

В данной статье рассматривается американская детская литература, а также этапы развития. Автор статьи исследует творчество детского поэта, абсурдист-сюрралиста - Теодора Гейзель Сьюза, любимого писателя нескольких поколений американцев; рассматривает его роль в становлении американской детской литературы. Теодор Гейзер издавал свои труды под псевдонимом Доктор Сьюз. Его произведения, написанные простым языком, предназначены не только улучшить навыки чтения, говорения, повышения фантазии, но и направлены на развитие кругозора и мышления читателя. Сьюз обращает внимание на глобальные проблемы, такие, как ядерное оружие, насилие. И его читатели являются активными борцами против зла, тирании, войн. В своих произведениях он верит, что его читатели являются будущим своей страны. Таким образом, Теодор Сьюз соединил реалии настоящей жизни с неразумной фантазией.

Ключевые слова: американская литература, детская литература, творчество доктора Сьюза, детский поэт, абсурдист-сюрралист, премия «Кандекот».

D. S. Rosiyeva

Interrelation of American literature with Dr. Seuss's creativity

This article considers the American children's literature, as well as stages of development. The author explores the creativity of children's poet, absurdist-surrealist Theodor Seuss Geisel, the beloved author of several generations of Americans, considering its role in the development of American children's literature. Theodore Geiser published his works under the pseudonym Dr. Seuss. His works, written in plain language, intended not only to improve skills in reading, speaking, enhance imagination, but also there is aim to develop readerships' outlook and thinking abilities. Seuss drew attention to global issues such as nuclear weapons, violence. And his readers are active fighters against evil, tyranny, war. In his works, he believes that his readers are the future of their country. Thus, Theodor Seuss joined the realities of this life with irrational fantasy.

Key words: American literature, children's literature, Dr. Seuss creativity, children's poet, absurdist-surrealist, award «Caldecott».

Совет Одағы тарағаннан бастап, ТМД елдерінде, тіпті әлемнің көп елдерінде американизация үрдісі соңғы жиырма жылда кеңінен таралып келеді, балалар әдебиеті де одан тыс емес. Кітап алу үшін кітап дүкендеріне кірсеңіз Дисней мультфильмдерінің қахармандары жайлы кітаптар, бүгінде өзекті болып жүрген фильм, мультфильм қахармандарын, кейіпкерлерін көптеп жолықтырасыз. Яғни бүгінгі күні балалар кітаптары жәдігер ойыншықтар индустриясы мен табысты фильм, мультфильм, анимация, компьютер ойындары қахармандары тарапынан қысым көріп тұр.

АҚШ еліне ғылыми іссапарда болғанымда көптеген Дисней қахармандары мен танымал бірнеше балалар ақын-жазушыларын білген болсам, сапар соңында кітапханаларда жұмыс жасап, профессор-әдебиетшілердің лекцияларына қатысып, жиналған мәліметтер американдық балалар әдебиеті туралы білімімді, көзқарасымды өзгертті.

Беверли Лион Кларк өзінің «Америкадағы Балалар әдебиетінің әлеуметтік конструкциясы» аты кітабында балалар әдебиеті жағдайы жайлы төмендегідей анықтама берген: «XIX ғасырда профессорлар тарапынан балалар әдебиеті ағылшын әдебиеті пәндері қатарына енгізілді, алайда ол өз алдына жеке, дара пән етіп белгіленбеген. Ал XX ғасырдың басында американдық балалар әдебиеті филологиялық пәндер тізімінен алып тасталынған, әдебиетшілер балалар әдебиеті маңызды зерттеуді талап етпейді деп қараған. Сол уақытта бұл бос орынды кітапханашылар мен Педагогикалық факультеттердің профессорлары толтырған және балалар әдебиетінің маңызы мен қажеттілігін солар ғана таныған» [1, 145].

1970 жылдардағы белгілі мәдениет, гендер мәселелеріне болған қызығушылықтар университеттегі филология бөлімдеріне балалар әдебиетін қайтарып әкелді. Соңғы 35 жылда балалар әдебиеті ерекше назар астында болуда.

Жоғарыда атап айтқанымыздай Американдық балалар әдебиеті коммерциялық (сауда) нарықпен бәсекеде, оған мысал Дисней кейіпкерлері туралы кітаптарды басып шығаратын бір «Голден Букс» басылымы жыл сайын миллиондаған кітаптарды таратып өздерін әдебиет әлемінде еркін сезсе, танымалы «Калдекот» сыйлығы американдық балалар әдебиетінде маңызды іс шара болып, коммерциялық кітаптарға емес, Морис Сендак, Давид Вейснер сияқты нағыз балалар әдебиетін тудырушыларға беріліп келеді [2, 453].

Бүгінде Қазақстан әдебиетінде балалар әдебиеті өте байсалды дамып келе жатқан бөлім болып, мемлекеттік бюджеттен біршама қаражат бөлініп, балалар әдебиетін қорғау, сақтап қалуда және дамытуда көп жұмыстар атқарылуда, алайда американдық балалар әдебиетінің тарихына үңілсек, осы саланы қаражаттау американдық қоғамында болған емес, ол кітап шығаратын баспалар танымалдылығына байланысты. Егер автордың туындысы Random House, HarperCollins және Scholastic сияқты үлкен баспа үйлерінде жарық көрсе онда ол кітаптар кең таралып сізді танымал етеді, кейбір кішкентай баспа үйлерінде кітаптар басылса, онда оның сапасы бойынша бақылау қатаң болады. Front Street Press және Lee & Low сияқты кішкентай баспа үйлері эксперимент жасау бойынша да жақсы, сапалы кітаптарды баспадан шығарады. [3]

Ал АҚШ мемлекеті балалар әдебиетіне аса көп қолдау көрсетпей келеді, сонау 1957 жылы Кеңес Одағы жерсерігін ұшыруға жауап ретінде американдық үкіметі Білім Туралы Ұлттық Қорғаныс Заңын шығарған, соның салдарынан мектептер ғылыми оқыту бағдарламаларына айтулы қаржылай қолдау тапты, кейбір кітапханаларға ақша тиіп, оған ғылыми-танымалы балалар кітаптары сатып алынды. Сонымен үкімет тарапынан берілетін көмек те аяқталған. Бүгінде Америкада балалар әдебиеті де барлық салалар секілді өз алдына, өз күшіне сүйеніп дамуын табуда.

XX ғасыр американдық балалар әдебиетінің белгілі өкілі, бірнеше американдық ұрпақтарының сүйікті балалар ақыны, абсурдист – сюрралист Теодор Гейзель Сьюз, лақап аты доктор Сьюз еңбек жолын 1956 жылы балалар әдебиетінде бастаған болатын және бірден танымал болды.

Өз замандасы, орыс балалар ақыны Корней Чуковский мен жанр (екеуіде өлең шумақтары мен тарихи ертегілерді қолданған), стиль (екеуі де абсурдизмді ұнатты және айтулы шатыстырушы деп танылды), шеберлігі тарапынан өте жақын болды және екеуі де балалар әдебиеті дамуына өз септігін тигізді.

Доктор Сьюздің өзіндік стилі – қысқа ырғақты жолдар, сөз ойындары және үлкендер әлемін ашықтан ашық келеке ету. [4]

Автордың шығармаларын оқу барысында шынайы күнделікті өмір реалиялары мен ақылға сыймайтын ойдан шығару өз ара байланысын тапқан. Ол қашанда жаңа сөздер ойлап тауып, байланыстыруға келмейтін дүниелерді

байланыстыра білген, болмайтын өтірікті үйіп тастап отырған, сол себепті оны кішкентайлар тез қабылдап, өздері қалаған, армандаған қиял, ойларда құралған ақын шығармашылығының шынайы оқырмандары бола білді. Доктор Сьюз кітаптарын өзі безендірген, сол себепті өлең шумақтары мен суреттер табиғи байланысты түптелген.

Доктор Сьюз шығармашылығын зерттеген ғалымдар оның шығармашылығын абсурдизм, сюрреализмға жатқызса, сондай-ақ американ прагматизмі да оған жат еместігін көрсеткен. Профессор Филип Нэлдің сөзімен айтсақ: «Доктор Сьюз шығармашылығында американдық прагматизмде анық көреміз, атап айтсақ Сьюз кейіпкерлері әрқашан ғажайып өнертабыстар ойлап тапса, «Менде зообақ болса ғой» кітабындағы «Жарамсыз аңдар ауламағы», «Қалпақтағы мысық» кітабындағы «Жинастырушы машина» т.б., оның кейіпкерлері дүниеге сеніммен қарайды және дұрыс жолмен жүрсең барлық нәрсеге қол жеткізесің деп санайды. Американдық қоғамның тағы бір ерекшелігін Сьюз өз кейіпкерлері арқылы көрсете білді, яғни оның қахармандарының «сауда агенті» болуы, Қалпақтағы мысық сауда агенті сияқты балалардың бос уақыттарын ол өзі ойлағандай өткізуді ұсынса, «Менде цирк болса» кітабының кейіпкері Морис МакГурк ең жақсы цирк идеясын бізге «сатады», ал «Жасыл жұмыртқа және бал» кітабындағы *Сэм мен өзім* оқырманға ең сүйікті және лайықты таңғы астың жасыл жұмыртқа мен шошқа еті екендігін асықпай түсіндіреді. [5, 176]

Американдық балалар ақындарынан Доктор Сьюздің айтарлық ерекшелігі ол кішкентай бүлдіршін, оқырмандарына болашақ иелері ретінде қараған және «үлкендер әлемінің» соғыс, зорлық-зомбылық, қоршаған орта т.б. көптеген проблемалық мәселелерін шеше алатынына сеніммен қараған.

Жақсы аударма арқасында көптеген англо-американдық балалар шығармалары кейіпкерлері советтік балалар әдебиетінде өз орнын тапқан, мысалы: «Доктор Айболит» американдық «Доктор Дулитл», «Зумірет қаласының сиқыршысы» «Оз елінің сиқыршысы», ал ежелгі герман фольклорының туындысы «Қаз ананың ертегілері» т.б.

Ал Доктор Сьюз шығармашылығының фольклормен ара қатынасын қарастырар болсақ онда екі жауап ала аламыз, біріншісі ол американдық фольклор мәдениетінің ірі өкілі, өйткені оның шығармаларын оқып бірнеше

ұрпақтар өсті, өсуде және өседі, ал екінші тарапынан ол американдық фольклордан ұзақ әңгіме дәстүрін қабылдаған, оған мысал Қалпақтағы мысық суреттерде берілгендей шығарма өте ұзақ болып, алып мысықтың көптірілген сандырағын елестетеді. Ол мысық басқа ертегілер кейіпкерлері секілді алыштармен соғыспайды, әлемді құтқармайды, саналуан құбышықтар мен күреспейді, тек ақылға сыймайтын істер жасап, фольклор мен фантастиканы байланыстырады.

Доктор Сьюз шығармашылығы балалардың сүйікті хайундарының бастан кешкендері, қызықты оқиғалары болып, олар әзіл, мысқыл, әзіл әрекетке толы және жақсылық, шынайылық, әділеттілікке болған шын сенімге толы. Оны танымал еткен шығармасы «Қалпақтағы мысық» небәрі 220 сөзден құралып, балаларға қызықты әңгіме айтумен бірге оларды кітап оқуға, кітапті қастерлеу мен құрметтеуге шақырады. Ал оның бас кейіпкері Мысық ертегідегі жай кейіпкер емес, сонымен бірге бала қиялындағы қызықты ойын, әзіл т.б. қасиеттерді біріктірген қахарман. [6, 85] Дәл осы туындының жазылуы тарихына үңілсек, автордың таланты мен тапқырлығына көзіміз жетеді. Сонау 1950 жылы танымал баспадан авторға балалар кітабын жазу және оның көлемінің 250 сөзден көп болмауы және ол кітаптың балалар үшін һәм қызықты һәм күрделі болмауы жайлы ұсыныс түседі. Бұл ұсыныстың өзі сол уақыттан американ қоғамында балалар әдебиетіне болған жаңа талап, көзқарастың пайда болғанын көрсетсе керек. «Cat» және «hat» сөздері арасындағы ұқастықты аңғарған содан кейін барып автор шығарма желісін ойластырған. Бұл күндері осы шығарма тек кішкентайлар арасында емес үлкендер үшін де танымал шығармаға айналды. «Қалпақтағы мысық» Доктор Сьюздің басқада шығармалары сияқты киноматографиялық тән, яғни мультипликаторлық фильм сияқты суреттер шапшаң ауысып, музыкалық үндестікке ие. Шығарма басында жаңбыр жауып, балалардың іштері пісиде, содан Қалпақтағы мысық пайда болады да сюжет шапшаңдай түседі, өз іс-әрекеттерімен, сиқырымен балалардың жүрегін жаулайды, сосын анасының келуімен барлық нәрсе бәсеңдеп, өз орнына келеді.

Танымалы балалар ақыны К.И. Чуковский айтқандай: «Доктор Сьюз – АҚШ тағы ең танымал балалар жазушысы, ақыны.» [7, 8]. Оның туындылары тек балаларға емес, сондай ақ үлкендер үшін де қызықты, автордың 44

кітабі әлемнің 20 тіліне (оның ішінде соқыр адамдарға арналған Брайль әрпіде бар) аударылған. Ол бірнеше беделді сыйлықтардың иегері, алайда оның негізгі марапаты кішкентай және үлкен оқырмандарының сүйіспеншілігіне бөленуі. Ізгілік пен қайырымдылық туралы ойлар, бишаралық және қажетсіз зорлық-зомбылық, артық өзін дәріптеушілік үшін жазалану т.б. Сьюз кітаптарында әрқашан кездеседі. Оның досы американдық телеэкран жұлдызы Боб Кишан көрсеткендей: «Доктор Сьюз әрқашан тек балаларға ғана емес, үлкендер үшін де дүниедегі ең маңызды нәрселер туралы айтуға ұмтылған».

Балалар кітаптарының маңызды бөлігі олардың иллюстрациялары, американың көптеген ақын-жазушылары өз кітаптарын көркемдендіреді, Сьюзда солардың ішінде, және өз туындыларын өзі безендірген. Мәліметтерге сүйенсек мектепке дейінгі балалар кітаптарының 75% иллюстрациядан тұруы керек екен, Льюис Кэрролл қахарманы Алиса айтқандай: «Егер кітапта суреттер де, әңгіме де болмаса, оның қажеті не?». Сол себепті, Сьюз өз иллюстрациялары есесінен жетістікке бірден, бірнеше деңгейде дейін жеткен, яғни қағаздағы иллюстрация адресатқа бірнеше дәрежеде көп әсерін тигізеді ол арқылы жеке тұлға, топ, қоғам арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелерін және ондағы альтруизмнің ролін әшкерелейді.[8, 373] Сьюз кітаптарының жетістігі оның моралында емес, өз оқырманын әрбір шығарма жолын оқуда қызығушықпен ұстауында.

Шынымен де Гейзелдің соншалықты танымал балалар ақыны болуының тағы бір дәлелі, оның сөздерінің нақыл сөздерге айналуында және американдықтар үшін ғана емес көбіміз үшін аса зор маңыз, мазмұнға ие екендігін атап өту керек. Мысалы: «Sometimes the

questions are complicated and the answers are simple.» «Кейде сұрақтар өте күрделі, алайда олардың жауаптары өте жеңіл», «Don't cry because it's over, smile because it happened.», «Осы нәрсе аяқталды деп жылама, оның болғанына қуан».

Қорытылай келсек, көптеген сыншылар Доктор Сьюз кітаптарын көңіл жадырататын, білім беретін болуымен бірге өте қызықты, тартымды екенін және балалардың көптеген сұрақтарына жауап берумен қатар негізгі құндылықтар мен артықшылықтарды қалыптастырып, олардық сөздік қорын арттырады. Доктор Сьюз кітаптары оқырмандарын жақсылыққа және түсінушілікке, өзара көмекке, достыққа және дүниенің әсемділігі мен әрбір адамның табысқа, қызықты оқиғалар мен жаңа ашылымдарға әуестілігін көрсетеді. Сондай ақ оның кітаптары балалардың коммуникативті дағдыларын (сөздік қорын көбейту, сөйлеуін жетілдіру) және көп оқу, көп ақпарат жинау, жаңа білім зердесін (балалар өздеріне ұнаған өлеңдерін ұйқас себебінен бірден жаттап алады) арттырады.

Ең негізгісі, балалардың зейінін (оқиға желісі бойынша олар әрбір майда-шүйде жайтты назардан тыс қалдырмайды, сыртқы қоздырғыштар себебінен алаң етуден құтылады), елестету мен қиялдау дағдыларын (оған тек оқиға желісі емес сонымен қатар кітап иллюстрациялар өз септігін тигізеді), шығармашылық дағдыларын (балалар өздеріне ұнаған кітаптардың соңын ойдан шығарады, өз ойларын суреттерде немесе аппликация, пластилин көмегімен безендіреді) және аналитикалық дағдыларын (балалар кітапта берілген жағдаяттарға талдау жасайды және қорытынды жасаумен бірге не себепті осындай жағдайға тап болғанын, тығырықтан қалай шығу керектігін) арттырады.

Әдебиеттер

- 1 Kiddie Lit: The Cultural Construction of Children's Literature in America. – The John Hopkins University Press, 2003. – 214 p.
- 2 Арзамасцева И.Н., Николаева С. А. Детская литература: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. – 576 с.
- 3 <http://marblemelon.wordpress.com>
- 4 <http://www.polit.ru>
- 5 Philip Nel. Dr. Seuss: American Icon. – New York.: Continuum, 2005. – 305 с.
- 6 Philip Nel. The Annotated Cat: Under the Hats of Seuss and His Cats. – Random House. 2007. – 189 с.
- 7 Чуковский К. Познакомьтесь с Доктором Сьюзом! // Детская литература. – 1966. – № 12. – С. 32.
- 8 Boyd B. On the Origin of Stories: Evolution, Cognition and Fiction. – L.: Cambridge. – MA: Belknap Press of Harvard University Press, 2009. – XIV. – 540 p.

References

- 1 Kiddie Lit: The Cultural Construction of Children's Literature in America. – The John Hopkins University Press, 2003. – 214 p.
- 2 Arzamastseva I.N., Nikolaeva S. A. Detskaya literatura: Ucheb. posobie dlya stud. sred. ped. ucheb. zavedeniy. – M.: Izdatel'skiy tsentr «Akademiya», 1998. – 576 c.
- 3 <http://marblemelon.wordpress.com>
- 4 <http://www.polit.ru>
- 5 Philip Nel. Dr. Seuss: American Icon. – New York.: Continuum, 2005. – 305 c.
- 6 Philip Nel. The Annotated Cat: Under the Hats of Seuss and His Cats. – Random House, 2007. – 189 s.
- 7 Chukovskiy K. Poznakom'tes' s Doktorom S'yuzom! // Detskaya literatura. – 1966. – № 12. – S. 32.
- 8 Boyd B. On the Origin of Stories: Evolution, Cognition and Fiction. – L.: Cambridge. – MA: Belknap Press of Harvard University Press, 2009. – XIV. – 540 p.

УДК 81'1 (574)

М. В. Тричик

Ph.D докторант I курса Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, г. Алматы, Казахстан
 Научные руководители: д. ф. н. профессор С. Е. Исабеков, Ph.D Тереза Полоуи
 e-mail: m.trichik@mail.ru

Анализ когнитивных метафор, представленных в корпусе политического дискурса предвыборной президентской кампании в США 2012 года

В статье с позиции когнитивной лингвистики, корпусной лингвистики и политической лингвистики рассматриваются новые способы интерпретации когнитивной метафоры. Материалом исследования послужил предвыборный политический дискурс кампании 2012 года в США. Когнитивные метафоры найдены методами компьютерной лингвистики на материале собранных автором корпусов политического дискурса национальных изданий *'The New York Times'* (условно названный TNYT) и *'USA Today'* (название корпуса - USAT), а также в корпусе предвыборных президентских дебатов кандидатов на пост президента США Барака Обамы и Митта Ромни. Собранные корпуса TNYT и USAT были обработаны с помощью компьютерной программы *AntConc*. Полученные результаты исследования анализа корпуса политического дискурса позволяют говорить о необходимом изменении в подходе к анализу политического дискурса и эффективности применяемых инновационных методик компьютерной обработки письменного дискурса для выявления новых явлений языковой и социо-культурной сфер американского общества.

Ключевые слова: компьютерная лингвистика, когнитивная лингвистика, фрейм, фреймо-слотовая структура, корпус, сфера-источник, когнитивная метафора, метафорическая модель.

М. В. Тричик

2012 жылдың АҚШ-тағы президенттік сайлау алдындағы науқанның саясаттық дискурс тұрғысындағы берілген когнитивтік метафораларының анализі

